*Ленинградтық өренім!
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді!
Бұлағымдай көремін.*

*Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін,
Өркеш-өркеш жарасқан*

Шоқылардай дер едім. – деп жырлаған екен Ж. Жабаев.

1942 жылы наурызында 46 балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін Ленинград қоршауы аяқталып, Ладога көліндегі «Өмір жолы» арқылы Ярослав облысы Некрасов ауданындағы Вятское селосына жеткізілді.

Ярослав жерінде бомбалар мен снарядтар жарылған жоқ, дегенмен мұнда да соғыс ауыртпалығы сезіліп тұрды. Балалар үйінің

тәрбиеленушілері сабақтарын жалғастырып, одан шыға сала сондағы «Красный луч» колхозының ересектерімен бірдей еңбек етті.

Жақсы оқыған балалар Рыбинск авиация техникумына жіберіле бастады. Арасында Әлия да бар еді. 1942 жылдың 1 қазанында Әлия Рыбинск авиация техникумының «металды салқындатып өңдеу» тобының студенті болып тіркелді. Басты арманы жауды бомбалап жою үшін әскери ұшақта ұшу еді. Алайда авиация техникумында оқу уақыты ұзақ болатын. Ендігі ойы мен ынтасы майданға аттану болды. Техникумда 3-ай оқығаннан кейін Әлия қалалық комиссариатқа барып Қызыл Армия қатарына қабылдауға өтініш білдірді. Әлияның бойында дұшпанға деген өшпенділік толы еді, әскери комиссариатқа күнде келіп, есігін тоздырып, ақыр аяғында өз дегеніне жетті.

Әлия Молдағұлова жұмысшы – шаруа Қызыл Армиясы қатарына кетуіне байланысты 1942 жылы 21 желтоқсанда Рыбинск техникумынан шығарылды.

Бүкілодақтық комсомол комитетінің инициативасымен елімізде бірінші рет 1942 жылы желтоқсан айында Үздік снайпер атқыштар даярлайтын әйелдер курсы ашылып, елдің түпкір-түкпірінен ерікті қыздар келіп жатты. Жасы, білімі, ұлты әртүрлі болса да барлықтарының мақсаты бір – жауды жою еді. Мергендік мектебіне келгендер алғашқы күннен-ақ әскериант қабылдауға әзірленді. Мектептегі оқуының қиындығына қарамастан Әлия барлығына төзіп, мергендік шеберліктің қыр-сырларын үйреніп, барлық әскери тапсырмаларды мүлтіксіз орындайтын. Тактикалық оқуларда командирлер, мергендер тек қана жерде жатып атпайтынын, ағаш басынан, үйлердің төбесінен өздеріне ыңғайлы жер іздейтінін айтқаннан кейін Әлия мергендіктің түрлі әдістерін, позицияларын үйреніп, соның арқасында мемлекеттік емтихандарды үздік тапсырып жүрді. Әйелдер мергендер мектебін алғаш аяқтағандардың қатарында Ә. Молдағұловада болды. Мергендік мектебін үздік бітіріп, 956-шы арнайы винтовка берілді.

Мергендік мектепті аяқтағаннан кейін Әлия майданға аттанып, 1943 жылдың ішінде құрбыларымен бірге Солтүстік Батыс майданының 54-ші атқыштар бригадасына жіберілді. 6 айдың ішінде Әлия 78 фашистің көзін жоя алды. Қаңтар айының бас кезінде Әлия қызмет еткен әскерлер бөлімшесі майдан шебімен Новосокольникиге қарай маршпен жылжыды. Новосокольники, Насва станциясы, Казачиха селосын, осы барлық жерлерді немістер өздерінің бақылауына алған болатын.

12 қаңтар күні Әлия құрамында болып, шайқасып жүрген 4-ші батальон Насваның батыс жақ шетіне қарай жылжыды. Кескілескен ұрыстар жүріп жатты. Нақ осы жерде командир ауыр жараланып, саптан шығыпқалды да батальон басқарусыз қалды. Жауынгерлер біраз кідіріп

қалып, қобалжып, кейін шегіне бастаған шақта Молдағұлова – «Тоқтаңдар, жолдастар! Біздің жауынгерлер шегініп көрген емес», - деп, шегінген жауынгерлерді тоқтатып, соңынан ертеді де, шешуші шабуылға шығарады. Молдағұлова басқарған батальон ілгері келе жатыр. Кешке қарай Насва алынды. Казачиха деревнясы үшін ұрыс болған кезде Әлия жауынгерлерді соңынан ертіп, жаудың траншеясына бірінші болып кірді де, бірден 8 фашистті жайратты. Кескілескен ұрыс одан сайын күшейе түсіп, қолма-қол айқастар жүріп жатты. Кенеттен Әлияның алдынан неміс офицері шығып, фуфайкасынан ұстап алды. Офицердің қолынан босап шығып, автоматын кезей бергенде, неміс бандиті бірінші болып атып үлгерді. Әлияның кеудесінен шүмектей қаны сорғалап, жан тапсырар алдында болса да ақтық сәтке дейін қолынан автоматын түсірмей, гитлершілге қарай оқ жаудырды. Батыр қыздың өлтірген соңғы немісі еді.

Ержүрек қыздар тағылымы ел қорғаған батыр бабаларымыздың да, күні кеше елді фашизмнен қорғап құрбан болғандарды да, арамызда тірі жүрген ардагерлерді де құрметтеуге, құрметтеп қана қоймай, ата-баба дәстүрін жалғастыруға, қызметіне қарай әр азаматтың отаншыл болуын жүктейді. Екінші Дүниежүзілік соғыс тарихындағы жарық жұлдыздар - Әлия, Мәншүк, Хиуаз ерлермен тізе қосып, қаһармандық көрсетті. Отандастарымыз олардың есімдерін ешқашанда ұмытпақ емес.

Ерлермен бірге қару ұстаған сол қызғалдақтай ғұмырлар қазақ халқының мәңгілік алауы, Ерлік жалауы болып қала бермек.

Ұлттың әйгілі тұлғалары - аттары аңызға айналған аруларымыз арқылы ел тарихы әлемге әйгілі болып танылатыны баршамызға аян.

Үш батыр. Үш қыз. Үш мүсін.

Мергенім. Атқыш. Ұшқышым.

Періштелерің емес пе,

Төбеңде ұшқан үш құсым?.. - деп, Жайық ақыны Дариға Мұштанова жырға қосқандай Ә. Молдағұлова мен М. Мәметова, Хиуаз Доспанова сияқты сонау сұрапыл соғыста халқын жаудан қорғау үшін жанын пида еткен батыр қыздарының есімі ел жадында сақталары анық. Ерліктің мәңгі алауын жаққан, Әлия мен Мәншүктей және Хиуаздай қазақтың батыр қыздарын мақтан етеміз!

Әдебиеттер тізімі

1. Қауыс Ұ., Байдербес Ғ. Әлияғұмыр: ерлік пен өнеге – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2006. –151 б.
2. Телеуова З., Әлия жүрегі. – Ақтөбе: «Облыстық баспахана» ЗАК, 1992.
3. Ермекбаева С. Үш жұлдызы Батыстың. - Ақтөбе, 2012. – 280 б.

*А. К. Амиржанова, научный сотрудник
музея Малика Габдуллина*

ГЕРОИЗМ ВЕЛИКИХ ЛИЧНОСТЕЙ И ПАТРИОТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ И ВОЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

В истории всех народов и государств, отражены поступки людей, которые можно назвать героическими. Всегда были и будут люди, которые несмотря ни на что, будут идти к победе, порой ценою своей жизни.

Героизм – это поведение человека, которое в нравственном отношении представляет собой подвиг; это образ действия, присущий герою, берущему на себя решение труднейших задач, связанных с преодолением препятствий.

Герой. Героизм. Что кроется за этими простыми и в то же время великими словами? Что значат они для людей?

Когда я начинаю думать об этом, то передо мной из памяти встают многие десятки, а может быть и сотни образов и имен людей, реально существовавших и рожденных воображением казахского народа. Героизм в человеческой личности формируется, прежде всего, знанием истории своей страны, лучших традиций народа, уверенностью в правоте дела, ради которого люди шли и идут на подвиг.

Общество развивается, меняются формы общественного строя, государственного построения, но в каждой эпохе были свои герои, которые жили и творили славные деяния и среди наших предков, и среди нас. Забывать их, их подвиги, — значит — забывать свою историю, своих предков, самих себя, а значит ничего не передать потомкам.

Что же значит быть героем? Попробуем разобраться, обратившись к истории, на примере наших земляков. Среди них были не только батыры, побеждавшие в великих сражениях, а так же государственные деятели, которые своими делами и решениями, формировали основы государственной и военной безопасности, шли к созданию Независимого Казахстана.

Трудно найти человека более известного за пределами и в самом Казахстане, чем *Абылай-хана* – известного политического деятеля, военачальника и искусного дипломата.

В 1718 году умер Тауке-хан, правитель всего казахского народа, и это привело к распаду всего государства на три части – жуза – Большого,

Среднего и Малого. Джунгары, воспользовавшись ослаблением некогда мощного ханства, начали предпринимать нападения на казахские земли.

Судьбу его предопределила встреча с известнейшим казахским военачальником, не проигравшим ни одной битвы, непобедимым Канжыгалы Богенбай-батыр. Он разглядел в юноше незаурядную личность и согласился взять его сначала в разведчики, а потом участвовать в боях с джунгарами

В первом же крупном бою, в 1733 году, Абилмансур снискал себе славу. По сложившейся традиции, противоборствующие стороны выставляли воинов для одиночного поединка. От казахского войска встал Абилмансур, от джунгарского – батыр Шарыш.

В жестокой борьбе Абилмансур убил противника. Это несказанно воодушевило казахов, которые бросились навстречу врагу и выиграли битву.

Так началась стремительная карьера этого незаурядного политического деятеля.

Абылай - хан жил в непростой период – восемнадцатый век для Казахстана был сложным временем. Приходилось лавировать между двумя могущественными империями – китайским «Драконом» и российским «Львом».

Абылай-хан был истинным сыном своей эпохи. Он сумел не только укрепить государство, собрать разрозненные земли, но и объединить гражданское общество – от знати до простого люда, поднять национальное самосознание. И именно это оказалось исторически очень важным.

Канай Куттымбетулы, Карауыл Канай (приблизительно 1695-1698) - выходец из рода Карауыл племени Аргын Среднего жуза. Родился в Зерендинском районе Акмолинской области (современное название).

Карауыл Канай би в XVIII веке непосредственно участвовал и организовал битвы в национально-освободительном движении казахов от иноземных захватчиков. По словам Ильяс Есенберлина, который в своей исторической трилогии «Кочевники» писал, что Канай батыр был полководцем, внесшим большой вклад в изгнание джунгар. Он был главным советником Абылая. Канай би особенно отличался ораторским искусством (Канай шешен).

Богенбай батыр – национальный герой Казахстана, великий казахский полководец, главнокомандующий армиями трех казахских жузов, не потерпевший ни одного поражения в своей военной карьере.

В 1729 году произошло крупнейшее сражение с джунгарами — Анракайская битва. Во главе всеказахского ополчения стоял Богенбай вместе молодыми батырами Кабанбаем и Раимбеком. Они применили всё

своё мастерство полководцев и разгромили армию джунгар. С этой битвы начался закат Джунгарского ханства.

Скончался в старости, сидя верхом на коне, на родовом летнем пастбище племени Аргын — на берегу речки Тургай (ныне Ерейментауский район Акмолинской области). Позже это место называлось Бөгенбай сересі (по-русски «кончина Богенбая»), ныне называется Шахта. Является гордостью Ерейментау, гордостью Акмолинской области, гордостью всего Казахстана.

Кенесары Касымов – внук Абылая, сын султана Касыма, родился в 1802 году в урочище Кокшетау.

Кенесары хан посвятил свою жизнь за возрождение независимости государственности Казахстана. Велики его заслуги в деле борьбы против имперской политики, за свободу казахского народа, за утверждение его чести и достоинства. Будучи вождем движения и горячим патриотом своей отчизны, Кенесары Касымов в трудный час испытаний для своего народа проявил себя как выдающийся государственный деятель, незаурядный полководец и одаренный дипломат своей эпохи, посвятивший свою жизнь делу борьбы за свободу и независимость.

Баубек батыр, выходец из рода Карауыл племени Аргын, от начала и до конца участвовал в восстании под предводительством Кенесары хана, в течении 10 лет защищал родную землю от колонизации русского царя.

Слава и титул батыра к нему пришли после того, как он одолел кыргызского батыра Отыншы. Баубек старательно выполнял ответственные поручения, задания, выделяясь среди других силой и упорством. Во время восстания он стал одним из главных батыров и верных помощников Кенесары хана. Народное восстание закончилось гибелью на киргизской земле Кенесары хана, Наурызбай батыра и многих других воинов. Баубек батыр попал в плен, но сумел сбежать и вернуться на родные земли Киймы.

Он стал объектом наговоров со стороны властей и завистников, его обвинили в воровстве, выступлениях против царя. Родственники стали говорить: «нас окружили русские селения, подчинись». Он ответил: «я давал клятву Сарыхану (Кенесары) и нарушать ее не буду».

В 1872 году его задержали, осудили на 7 лет и отправили в ссылку. Покидая родные края, батыр догадывался, что вряд ли вернется. Он отрубил саблей палец и завещал: «когда я умру, похороните это здесь, как часть моего тела».

В Тюмени есть город Ишим, где протекает одноименная река. Баубек умер там от болезни в 1884 или, по другим сведениям, в 1888 году. В последние дни рядом с ним был ишан Троицка Зейнолла, который был осужден на 3 года. Его похоронили казахи атыгай-караул на высокой

сопке на берегу реки. Зейнолла ишан исполнил последний наказ Баубек батыра и передал вещи и одежду батыра его родственникам. Сын Баубека - волостной Магзум и остальные родственники, узнав о смерти батыра, совершили похоронный обряд и захоронили палец и одежду в Бесобе. В Кызылту есть памятный знак «Баубек бейти».

Малик Габдуллин родился 15 ноября 1915 года в ауле Койсалган Зерендинского района. Потомок Карауыл Канай би.

15 июля 1941 года Малик Габдуллин добровольцем уходит на фронт. В городе Алматы была сформирована 316-я стрелковая дивизия под командованием генерал-майора Ивана Васильевича Панфилова. М. Габдуллина зачислили в 316-ю стрелковую дивизию политруком 1075 стрелкового полка.

Малик Габдуллин личным примером вдохновлял бойцов на подвиги. Ниже приведу отрывок из наградного листа от 29 апреля 1942 года.

«... Под селом Ширяево, командование полка поручило тов. Габдуллину М. с группой автоматчиков в количестве 12 человек занять ложину, по которой под прикрытием танков двигалось свыше роты пехоты противника. Тов. Габдуллин пропустив танки отрезал пехоту и огнем из автоматов уничтожил до 200 фашистов. В это время, танки, заметив отрыв пехоты повернули на рубеж обороны занятой автоматчиками и с другой стороны стала подходить подкрепление – немецкая пехота. Тов. Габдуллин умело руководя, подбив 2 танка связкой гранат и используя хорошо местность вывел без потерь свою группу в район расположения полка.

...Село Бородино сбоем отбитое у немцев, являлось важным стратегическим пунктом, из которого ряд дорог соединяли немцев со Старой-Руссой. На наше подразделение, расположенное на защите села Бородино немцы бросили полк «эсэсовцев» и «Мертвая голова». Для срыва наступления немцев, рота автоматчиков во главе с тов. Габдуллиным была послана для удара с правого фланга пот наступающему противнику. В течении боя, длившегося около 7 часов тов. Габдуллин 5 раз ходил в атаку и контратаку с лозунгами: «За Родину», «За Сталина» и четыре раза отбивал атаку немцев, пытающихся обойти с фланга наше подразделение. В ходе боя, противник, потеряв свыше 2000 убитыми и ранеными, отступил. Село Бородино осталось за нами до получения новой задачи....

...Личный пример тов. Габдуллина воодушевлял бойцов. Ранее представленный к присвоению звания Героя Советского Союза автоматчик Тулеген Тохтаров является воспитанником тов. Габдуллина...».

Талгат Бегельдинов – советский лётчик-штурмовик, дважды Герой

Советского Союза, генерал-майор авиации Казахстана. Родился 5 августа 1922 года в селе Майбалык, Акмолинской области.

Участник второй мировой войны. За два года войны Т. Я. Бегельдинов совершил 305 боевых вылетов на штурмовике наземных войск противника, в воздушных боях сбил 7 самолётов.

26 октября 1944 года гвардии старшему лейтенанту Бегельдинову Талгату Якубековичу за отвагу и боевое мастерство, проявленные при освобождении городов Знаменка, Кировоград, за лично сбитые в воздушных боях 4 вражеских самолёта присвоено звание Героя Советского Союза. Участник Парада Победы 24 июня 1945 года.

Рахымжан Кошкарбаев родился в селе Тайтобе Акмолинской области. Его мать умерла, когда ему было 4 года. Отец по ложному доносу сидел в Гулаге. Рахимжан воспитывался в детском доме. После окончания 7-летней школы он был направлен в Балхашское фабрично-заводское училище.

В 18 лет он попал в армию. В 1943 году вместе с группой солдат его направили во Фрунзенское офицерское училище. В 1944 году он окончил училище в звании младшего лейтенанта, в ноябре Кошкарбаев попал на Белорусский фронт в 3-ю действующую армию, штаб которой располагался на станции Седле возле Бреста.

30 апреля 1945 года совместно с красноармейцем Григорием Булатовым во время боевых действий первым водрузил флаг на фасаде здания рейхстага. В 2001 году ему посмертно присвоено звание «Халық қаһарманы».

Сагадат Кожаметович Нурмагамбетов является первым министром обороны независимой Республики Казахстан, а также Герой Советского Союза, Народный Герой Казахстана.

Родился он 25 мая 1924 года в селе Трудовой, Аккольского района. Он окончил всего 7 классов, так как со школьной скамьи был призван в Красную Армию и направлен в Туркменистан в военное училище в городе Кушка. После окончания обучения с апреля 1943 года — на фронтах Великой Отечественной войны. Воевал до мая 1945 года в качестве командира пулемётного взвода, командира пулемётной роты, командира стрелкового батальона в составе 1052-го стрелкового полка 301-й Донецкой ордена Суворова II степени Берлинской стрелковой дивизии 5-й ударной армии. Участвовал в освобождении Краснодарского края, Украины, Молдавии, Западной Белоруссии, Польши.

Окончил войну в Берлине. Батальон Сагадата Нурмагамбетова участвовал в штурме здания рейхсканцелярии Гитлера. В ноябре 1995 года вышел в отставку в звании генерала армии, после чего являлся советником Президента Республики.

С уверенностью можно утверждать, что каждый из выше названных был патриотом. А патриотизм, в свою очередь, олицетворяет любовь к своей Родине, неразрывность с его историей, культурой, достижениями и проблемами.

Огромную роль в этом должна играть молодежь независимого Казахстана. Именно молодежи свойственно обостренное чувство справедливости. Представители молодого поколения казахстанцев должны стремиться не потерять то наследие, которое оставили нам наши земляки-герои.

Но патриотическое чувство у молодежи не возникает само по себе. Это результат длительного и целенаправленного воспитательного воздействия на них, начиная с раннего возраста, который формируется под влиянием здорового образа жизни, воспитанием в семье, обучением в школах, посещением очагов культуры. И я с гордостью могу сказать, что сегодня сотрудники музея Малика Габдуллина вносят свою лепту в патриотическое воспитание казахстанской молодежи на примере жизни и творчества нашего земляка Героя Советского Союза, академика, писателя, общественного деятеля Малика Габдуллина.

Список литературы

1. Тожиев Х. Х., Досумходжаев Ф. А. Роль подвигов предков в воспитании молодежи в духе патриотизма // Конструктивный потенциал современных гуманитарных и социально-экономических наук: проблемы наращивания и реализации: сборник научных трудов по мат. Междунар. научно-практ. конф. 24 июня 2020 г., Белгород: ООО Агентство перспективных научных исследований, 2020. - С. 85-89. URL: <https://apni.ru/article/982-rol-podvigov-predkov-v-vospitanii-molodezhi>
2. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://dodiplom.ru/ready/108694>
3. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://litfest.ru/writings/geroizm.html>
4. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://apni.ru/article/982-rol-podvigov-predkov-v-vospitanii-molodezhi>
5. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.inform.kz/ru/karauyl-kanay-bi_a2252097
6. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ummet.kz/371-news-rus/article/vydayushchiesya-deyateli/4516-abylaj-khan-abilmansur-gosudarstvennyj-deyatel-khrabryj-polkovodets-i-dalnovidnyj-politik.html>
7. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/news/show/4258>
8. Материалы из фондов музея.

Э. Ғ. Шуматов¹, Н. С. Ешімбай², магистрант

*¹ҚР ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы
Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау Университеті*

XX ҒАСЫРДЫҢ 1920–1940 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АҚМОЛА, КӨКШЕТАУ Өңірінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған дін өкілдері

Қазақ жерінде болып жатқан өзгерістер – республикамыздың тәуелсіздік жолына нық түсуі, халқымыздың тарихының сан қырлары мен салаларына бүгінгі күнгі көзқарастар тұрғысынан қарап пайымдауды қажет етеді. Мемлекет дамуының қазіргі кездегідей іргелі өзгерістер жылдарында тарихи сұрлеуге объективті баға беру, сын көзбен қарап өзектілік мазмұнын ашу қоғамдық прогрестің негізгі бағыты болуға тиіс. Бүгінгі таңдағы ұлттық сана мен танымдағы өзгерістер, еліміздің 1920-1930 жылдардағы қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени-әлеуметтік дамуына терең талдау жасап, әміршіл-әкімшіл жүйе кезінде қалыптасқан кейбір мәселелерге шынайы ғылыми баға беруді міндеттейді [1, б-б.].

1920-1930 жылдары большевиктер өмірге әкелген әміршіл-әкімшіл жүйенің жалған идеологиясы қазақ халқының санасын улап, жан дүниесін лайлап, оларға еркінен тыс зорлық жасап, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр жораларынан, мәдени жетістіктерінен еріксіз айырып, кеңестік қалыпқа салып, ұлттық бет-бейнесінен өзгертуге шұғыл кірісті. Қазақ халқының мәдени даму бағыттары туралы идеялық күрес осы жылдары өрістей түсті. Ұлттық сананың оянуымен, бет-бедерімен, болмысымен ерекшеліктерімен санаспау қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдени мұрасының “буржуазияшыл” болып, пролетарлық мәдениетпен алмастыру әрекеттері осы кезде басталған еді. Дәлірек айтқанда, ұлттар арасындағы алшақтықты зорлықпен жойып, жаңа тарихи қауымдастық совет халқын құрудың негізін салу саясаты еді. Оның бір көрінісі дінмен күрес болатын. Кеңес үкіметі өзінің алғашқы жылдарынан-ақ жүйелі атеистік саясат жүргізді. Коммунистік идеологияның басты бағыттарының бірі қанаушы таптардың идеологиясы деп есептелінген дінмен күресуіне, оның терең тамыр жаймауына арналды. Түптеп келгенде мемлекет үшін бұл саладағы майдан социализм майданының бір бөлігі ретінде қабылданды. Дегенмен де, большевиктердің бастапқы кезде халықтың мүддесімен санасып, өте сақ қимылдағандарын да атап өткен жөн. Сибревкомның Омбыдағы ұлттар ісі жөніндегі бөлімі 1921 жылғы 14 шілдеде мынадай шешім қабылдады: “... мұсылман дін басылары

бәрімізге белгілі, экономикалық-мәдени қасиеттеріне байланысты өз ортасында үлкен беделге ие болып отыр. Мұсылман дін басыларымен қарым-қатынас өте сақтықты қажет етеді. Оларды тылдағы әскер қатарына шақыруға әсте болмас. Ұлттар ісі жөніндегі пікірі осындай”. Тоталитарлық жүйенің күш алуына байланысты діни саясат та қатаң шаралармен іске аса бастады. Республикада жүздеген діни ғимараттар, тарихи баға жетпес ескерткіштер, мешіт шіркеулер жабылды. Діни лауазымы бар адамдар қуғын-сүргінге ұшырады. Мұсылман әдебиеті, жалпы араб тіліндегі жазылған кітаптардың бәрі құртыла бастады. Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің жанынан құрылған тұрақты комиссия мұндай бассыздықпен күресуге көп жағдайда дәрменсіз болды. Діни ғимараттарды күштеп бірыңғай жабудың кең қанат жаюы дінге сенетіндердің ашы-ызасын келтірді.

Ақмола қаласындағы мешіт пен собордың әр түрлі кеңселерге берілуі, діншілдердің комиссия атына шағым түсіруіне мәжбүр етті. Ақмола қалалық Кеңесінің бұл шешімі қанағаттандырылып өкімет шағымданушылардың өтінішіне құлақ аспады. Бейнетқор ауданының №10 ауылының тұрғындары мешітті жауып, басқа көршілес ауылдарды да мешіттерді жабу жарысына шақырып үндеу тастады. Преснов ауданының Ново-Рыбинская станциясы шіркеуді жауып Преснов, Троицкое селоларына үлгі көрсетті. 1930 жылдардың басында Омбы, Томск, Тара және басқа да Батыс Сібір елді мекендеріндегі мұсылман мешіттері қиратылып, діни кітаптар, араб графикасындағы құжаттар, имандар толтырған көптеген куәлік-қағаздар да жойылып кетті. Осындай озбырлыққа қарамастан сирек те болса, жергілікті әкімшіліктің мешіт-шіркеулерді жабу туралы өтініштерінің іске аспаған фактілерін де байқаймыз. Қазақстан Орталық Комитеті Президиумы комиссиясының қаулысында: “Шалқар станциясындағы шіркеуді жабуға 140 адамның 131 қарсы дауыс бергеніне байланысты Айыртау аудандық атқару комитетінің шіркеу үйін кеңсе орнына беру туралы шешімі заңсыз” делінген [1, 70-б.].

Дінмен күресу үшін қоғамдық ұйым да құрылды. (СВБ – “Союз воинствующих безбожников”). Дінді мемлекеттен ажырату туралы, діни бірлестіктер және олардың мүлкі мен құндылықтарын тәркілеу жөнінде заң қабылдаудан бастап, әртүрлі қаулылар, бұйрықтар, нұсқаулықтар арқылы және арнайы ұйымдастырылған науқандар (мысалы, Қазақстанда «сопы операциясы» немесе «ишандар ісі») арқылы, арнайы құрылған «Құдайсыздар қоғамы», «Қосшы», «Қызыл отау» ұйымдарының, «Жаңа мектеп», «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас», «Әйел теңдігі» басылымдарының жүргізген барынша белсенді үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде дін қызметіне шектеу қойылды. Құдайға құлшылық жасау, діни жиналыстар мен мерекелер өткізу кеңестік жүйеге

жат деп саналып, тыйым салынды, діни мектептер жабылды. Барлық шіркеулер мен мешіттер мемлекет меншігіне өткізіліп, мәдени-ағарту орындарына берілді, тіпті кей жерлерде мал қораға айналдырылды. Ғылыми атеизм міндетті пәнге айналды. Дін қызметкерлері, молдалар мен ишандар, тіпті олардың отбасы мүшелері сайлау құқығынан айырылып («лишенцы»), оларға қысым көрсетілді. Қазақстандағы большевиктік-сталиндік жүйе қазақ халқының ұлттық болмысы мен санасы, тілі мен дәстүрлі мәдениетімен қатар, ұстанған дініне де орасан зор нұқсан келтірді. Құдайсыздар одағының жұмысы айтарлықтай тиімді болғанымен де әрдайым ресми орындардан қолдау алып тұрды. СВБ жұмысының төмен деңгейде болып, халық арасында кең тарамасының тағы бір дәлелі, бірде-бір республикалық конференцияның өтпегендігі. Мемлекет діни көзқарастармен күрестің негізгі бағыты етіп жазалауы шараларын таңдап алды [2].

Кеңестік зерттеушілердің пікірінше, КСРО-дағы ислам мен шарифаттың «қалдықтарын жеңу» үдерісі бірнеше кезеңдерден тұрды. 1920 жылдары, бірінші кезеңде мұсылман дінбасылары діншіл халықтың басым бөлігіне ықпалын жүргізді және кеңестік билікке елеулі қарсылық көрсетті. 1920 жылдардың соңы мен 1941 жылдарды қамтыған екінші кезеңде дәстүрлі ислам таралған аудандарда шарифат соттары жойылды, діни санкциялар өздерінің заңдық күштерін жоғалтты, ал мұсылман дінбасылары кеңестік билікке формалды түрде бейтараптық таныта бастады. Ұлы Отан соғысынан кейін басталған үшінші кезең мәдени, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің заңды нәтижесі ретіндегі жаппай діннен бас тартумен сипатталды [3, 55-б.].

Үлкен террор жылдары Ақмола облысы бойынша 5400 адам саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Солардың 1600-і ату жазасына кесілген. Осы ату жазасы мен ұзақ мерзімге сотталған арасында дін өкілдері де аз болмаған. Ақмола облысы архив деректері бойынша, тек қана Көкшетау уезі территориясында 150 имам – анықталып отыр. Көкшетау қаласы мен оған жақын өңірлерден діни қызметіне байланысты тұтқындалған, немесе Ресейден, Украинадан жер аударылып келген 26 православ дін өкілдерінің тізімі берілген. Православ шіркеуі дін өкілдерінің 20-сы РФСР-дің 58 бабы 10 – және 11 бабтарымен айыпталып атылып кеткен.

Көкшетау ауданының, Рузаев болысы, Красная болысы және басқа да болыстары діни бірлестіктерінің мүшелерінің жарғылары, хаттамалары мен тізімдері Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған. Еленовка ауылының тұрғыны, бұрынғы Көкшетау қаласының қарауылы, 48 жастағы Вавилин Порфирий Михайловичтің құжаттары сақталған. Ұсталған кезде ол жергілікті шіркеудің басшысы болды. РСФСР Қылмыстық кодексінің 68-бабы бойынша ауыр айыпталған. (68-бап –

азаматтардың ұлттық және діни белгілері бойынша теңдігінің бұзылуы). Діни қызметкерлердің арасынан шыққан адамдар ғана емес, сонымен қатар қарапайым приходшылар да айыптауға және жер аударуға ұшырады. Көкшетау ауданы Еленовка ауылының тұрғыны Артомонов Исиодор 1931 жылы сәуірде ОГПУ-дің арнайы шешімімен кулак элементі деп танылды. Артомонов Исиодор өте бай адам болмағанмен, ауылдастарының арасында үлкен беделге ие болды, православиелік сенімнің белсенді сенуші христианы болды. Әсіресе соңғы аргумент оның айыпталып, дауыс беру құқынан айырып, жер аударуға басты дәлел саналды.

Православ шіркеуі дін өкілдерінің 20-сы РФСР-дың 58 бабы 10-шы және 11 бабтарымен айыпталып атылып кеткен. Олардың ішінде Көкшетауға әуелі жер аударылған Протоклитов Антоний Андрианович Саратовтан, Константин Григорьевич Казанский Тамбовтан, Михайл Иванович Архенгелский Брянскіден және т.б. жер аударылып келіп атылған. Онда 26 адамның тізімі берілген. Сандықтау ауданы территориясындағы № 5 Қызыл Әскер ауылының тұрғындары 1931 жылы мәдени мұқтаждық үшін тартып алынған мешітті қайтарып беруді талап еткен.

Көкшетау уезінде сол кезде арнайы тізімге енгізілген 150-ге жуық имамдар ішінде ұлты қазақ имамдармен бірге татар фамилиялары да ұшырасады. Ондағы қазақ және татар фамилиялары бұрмаланып жазылған. Сол кездегі Солтүстік өңірде татар қауымы Қызылжар, Ақмола, Көкшетау сияқты қалаларда тығыз орналасып, бүтіндей қауымдар болып тұрды. Әсіресе, Ақмола және Қызылжар қалаларында, Көкшетау қаласында да едәуір қауымның басын құрады. Негізіне саудасаттықпен қатар бұл қауым өкілдері дін саласында көп қызмет жасап келді, сол себепті имам-молдалар арасында ұлты татар есімдерінің кездесуі заңды. Қазіргі күнде осы молла-имамдардың қаншасы атылды және жер аударылды, ұзақ мерзімге қамалды, оны анықтау міндеті тұр. Атылып кеткен имамдар ішінде Халық – қажы Бердәліұлы, Үсенов Қайыржан, Үсенов Баукен сияқты азаматтар. Тағы бір ескеретін жайт ол қудалауға немесе жазаға ұшырағандар ішінде міндетті түрде бәрі бірдей дін қызметіндегі адам емес, қарапайым адам болуы да мүмкін [4, 52-б.].

Мысалы, Ерейментау ауданының Чапаев ауылының тұрғыны Жұмабек Жармұхамбетұлы осы қудалаудың салдарынан көрші Ресейдің Омбы облысының Одесса ауданына барып паналап, тек қана соғыстан кейін ғана елге оралуға мүмкіндік алды. Жұмабек Жармұхамедұлы – ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші ширегіне дейін Солтүстік өңір үшін үлкен діни-рухани білім ордасы болған Троицкідегі Расулия медресесін бітірген, заманының аса білімді имамдарының бірі

болатын. 1952 жылы Қазақстан қазиятына имам болып 1916 жылы патша өкіметі одан кейін Кеңес өкіметі қуғындап 1946 жылға дейін елінен сырт Ресейдің Омбы облысында жан сауғалауға мәжбүр болған ақмолалық Сәдуақас Ғылмани сайланған кезде қазиятыққа лайықты дін қайраткері ретінде қарастырылды. Сәдуақас Ғылмани өз кезегінде біреудің жала жабуымен тұтқындалды. НКВД қызметкерлері оны намаз оқып жатқан жерінен тауып алады. Бірақ бұл оларды алаңдатпады. Намазды бұзуға мәжбүрлеген олар оны туыстарының үйінен күштеп алып шығады. Ғылмани 57 күн түрмеде отырды. Әйелі Мәкен мен төрт кішкентай баласы аштықтан өліп, православие зиратына жерленді. Сәдуақас Ғылманиды 1928 жылдан бері жалғасқан қудалау 1949 жылы аяқталды. Репрессияға ұшыраған мұсылман дін өкілдері арасында Момақан Ғабдолжаппарұлы Әлиев сынды белгілі тұлғалар да болды [5, 132-б.].

Билік Науан Хазреттің әрекетін заңсыз деп тауып, оны қудалау науқанын бастады. Ал олардың игеріп, қоныстанған жерлерін қазақ шаруағынан алып тастауы қылмысты, жалынды деп бағаланды. Көкшетау уезінің бірінші учаскесінің шаруа бастығы подполковник Троицкий 1903 жылы 2 сәуірде Ақмола облысы әскери губернаторының атына жазған рапортында «1 сәуірде мектепте тінту жүргізілді. Молла Таласовтың жанындағы Көкшетау мешіті. Тінту кезінде табылған: мектепке де, оқушыларға да тиесілі цензурасыз және қолжазбалы 164 кітап, ал Таласовта 108 кітап, ірі корреспонденция, қырғыз тіліндегі гектографиялық баспалар табылды. Одан әрі Троицкий Шаймерден Көшеғұловтың жұмыс үстелінен гектограф (ең қарапайым баспа аппараты) және сия жууға арналған губка, сондай-ақ келесі мекенжайлар бойынша хат-хабарлар үшін пошта түбіртектері табылғанын хабарлады: Ботовскиде С. Чорманова, Зайсан Кенчикова, Семейде Құнанбаева 1903 жылы 7 наурызда. Сондай-ақ Троицкий Ш. Коцегуловтың өз бұйрығымен қамауға алынып, түрмеге жабылғанын хабарлады. 1903 жылы 5 сәуірде Ақмола облысының әскери губернаторы болған оқиға туралы Дала генерал-губернаторына телеграф арқылы хабарлаған. Далаға танымал Науан хазірет молданың жер аударылуы қазақ халқына тыныштық әкелмеді, керісінше, көңілсіз наразылық пен толқу туғызды. Жазықсыз сотталған Н. Таласов пен Қ. Шаймерденовті босату үшін петицияларға қол жинау және қаржы жинау жұмыстары басталды. Бұл қозғалысқа Омбы техникумында Ә. Бөкейхановтың бұрынғы курстасы Мәмбет-Әли Сердалин белсене араласты. Қуғында жүрген жерлестерін босату үшін қол жинауды ұйымдастырып, Петербургке өзі барған да осы. Одан кейін М. Сердалин арқылы Н. Таласов туралы істің барлық бұраландары Ә. Бөкейхановқа белгілі болды. Екеуі бірігіп министрліктердің табалдырығын тоздырып, байланысы мен таныстарын

пайдаланып, Науан Хазірет пен Ш. Көшеғұловтың мерзімінен бұрын бостандыққа шығуына қол жеткізді. Оларды Сібір жерінен босату туралы шешім 1905 жылы наурызда қабылданды [6, 255-б.].

Сол кездегі қазақ автономиялы Республикасына орталықтан өлкелік партия комитетінің хатшылығына И. Ф. Голощекин 1925 жылдың 13-ші қыркүйегінде тағайындалғаннан кейін, Қазақстандағы барлық саладағы жағдай соның ішінде дін өкілдеріне де қатысты саясат 1926 жылдан бастап күрт өзгеріске түсті, діни әдет-ғұрыптарға, дәстүрлі мейрамдарға тиым салына бастады.

1920 жылдардың аяғы – 1930 жылдардың басынан бастап Кеңес үкіметінің антиисламдық саясатының басты ұст анымдары айқындалды, ол, ең алдымен, мұсылман қауымдастығының дінбасыларын саяси қуғын-сүргінге ұшырату, кеңестік атеизм идеологиясына қайшы келетін діни бірлестіктерді жабу, мешіттер мен медреселерді талқандауға бағытталды. Модернизация теориясы тұрғысынан кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты «Діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі туралы» декретімен шектелуі тиіс еді. Бірақ, өкімет бұнымен тоқтамай, діни мекемелер мен дін басыларға қарсы саясатты жүзеге асырып, жазалау шараларын кеңінен пайдаланды. БОАК төрағасының 1918-1933 жж. аралығында діни бірлестіктер мен ғибадатханаларға қатысты баянжазбасына сәйкес Қазақ АКСР аумағында 1918-1931 жж. өлкеде 1630 ғибадатхана, олардың ішінде 782 мешіт жабылды. 1931-1933 жж. 8 діни ғимарат жабылды. Комиссия есептеуі бойынша 879, олардың ішінде 499 мешіт әрекет етуді жалғастырды (Кесте 1) [7, 165-б.].

БОАК төрағасының 1918 - 1933 жж. аралығында Қазақ АКСР бойынша діни бірлестіктер мен ғибадатханалар туралы баянжазба:

Діни бірлестік	1918-1931 жж. жабылған діни ғимараттар	1931 ж. есепте тұрды		1933 ж. есепте тұрған діни ғимарат саны	1931-1933 жж. БОАК шешімімен жабылды
		Діни бірлестік	Ғибадатхана		
Мұсылман	782	493	501	499	2
Жаңарушылар	185	113	103	130	-
Католик	6	4	4	4	-
Лютерандық	9	8	4	4	
Тихоншыл	569	201	202	196	6
Иудей		4	4	4	
Ескі дәстүрді ұстанушылар	9				
Евангалие	26	21	21	21	-
Баптистік	38	13	13	21	-
Сектанттық	6	4	4	-	-

Бір мәлімет бойынша 1929 - 1933 жж. Қазақстанда 198 шіркеу және мешіт жабылды. Шілік ауданында 1913 ж. әрекет еткен мұсылман діни ғимараттан 1929 ж. қарай бірде біреуі қалмаған, ал дінге сенушілердің саны 26 мыңнан 6 мыңға дейін қысқарды. Діни ғимараттарды жабу ісімен қатар араб тілді және араб графикасымен жазылған кітаптарды, оның ішінде Құран жаппай құртылды. Жер-жерде орын алған қарсылықтар күшпен жаншылды [8, 55-б.].

Ал 1929 жылдың басында Кеңес үкіметі билігіндегі әрбір елді мекеннің басшылығына «Дінге қарсы күресті күшейту шаралары туралы» құпия хат жіберілді. Бұл хатта дінге қарсы күрес тап күресіне теңестіріліп, оған зор саяси мән берілді. 1918 жылы жарық көрген дінді мемлекеттен және мектептен ажырату туралы РКФСР ХКК (Совет народных комиссаров РСФСР) декретіне сәйкес 1929 жылы 8 сәуірде «Діни бірлестіктер туралы» атты БОАК және ХКК қаулысы шықты. Бұл құжат бойынша дін өкілдерінің құқы шектеліп, қасиетті орындарға сапар шегіп, тәу етуге тіпті қайырымдылық көмек көрсетуге тыйым салынды. Аурулар мен өлім халінде жатқан адамдардың үйіне баруға жергілікті кеңестің арнайы рұқсаты керек болды. 1929 жылы 1 қазанда шыққан ХКК ІБ қағидасы бойынша дін өкілдері бас бостандығынан айырылғандар қатарына жатқызылды.

Осы кезеңдегі кеңестік жазалаушы жүйенің тағы бір озбырлық саясаты тіл саясатына қатысты жүргізілді. КСРО құрамындағы мұсылман халықтарының бұрынғы қолданып келе жатқан араб әліпбиін жойып, әуелі латын, кейінірек кириллицаны енгізуі күштеп орыстандыру саясатының бастамасы еді. Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуші белгілі ғалым Ширин Акинердің «Islamic People Of The Soviet Union» еңбегінде КСРО құрамына кірген Орта Азия және Қазақстан елдерінің әліпбиі туралы мәліметтерде 1924 жылға дейін араб әліпбиі, 1924-1929 жж. өңделген араб әліпбиі, 1929-38 жж. латын әліпбиі, 1938 - 1940 жж. екінші латын әліпбиі, 1940 жылдан бастап кириллицаға ауысқаны және оның 1957 ж. модификацияланғандығы туралы және олардың діні ислам, ханафи мазхабындағы сүнниттер екендігі туралы мәліметтер келтіріледі [9, 322-б.].

1907 жылы Омбы қаласында Дала генерал-губернаторының жанында арнайы кеңес өткізіліп, онда қазақ қоғамындағы рухани өмірдің кезек күттірмейтін өткір мәселелері де талқыланды. Православие дінін таратушы миссионерлердің қызметіне тыйым салу, православие дініне өтіп кеткендердің қайтадан ислам дініне ешқандай кедергісіз емін-еркін оралуын талап етті. Сондай-ақ өзіндік ерекше Далалық муфтият ашу қажет деген ұсыныс жасалды. Кеңеске қатысушылар қазақ, татар және араб тілдерінде шығатын рухани кітаптарға цензуралық бақылауды

тоқтату жөніндегі мәселені де көтерді. «Алаш» партиясының бағдарламалық құжаттарында (1917 жыл) Ресейде қазақтар жиі тұратын аумақтарда патша үкіметінің христиан дінін таратушы миссионерлік қызметін тоқтату талап етілді [2].

Әдебиеттер тізімі

1. Сейітқасымов А. А. Солтүстік өңірдегі жаппай кенестендіру саясаты (1920-1930 ж.ж.). Оқу құралы. – Көкшетау, 2004.
2. Патша үкіметінің Қазақстандағы діни саясаты. – 2014 // <http://kk.wikipedia.org/wiki/>
3. Королева Л. А., Королев А. А. Государство и ислам в СССР: из опыта взаимоотношений. – 2013.
4. Бексейітова А. Т. Репрессия құрбандары болған дін өкілдерін ақтау: диссертация кандидата исторических наук.
5. Сәдуақас Ғылымандың теріс ағымдарға тойтарыс берудегі әдіс тәсілдері / Д. Қамзабекұлы, Ә. Қ. Муминов. – Астана, 2016. – 288 б.
6. Қ. Әбуев. Қазақстан: тарих және тағылым. – Астана: «Елорда», 2006. – 320 б.
7. Нуртазина Н. Д. Наступление на ислам: антирелигиозная политика Голощекина в Казахстане и ее последствия // Казахстан-Спектр. – 2009. – № 4 (50). – С. 80-87.
8. Бейсембиев Қ. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы идеялық-саяси бағыттар. – Алматы, 1961. – 125 б.
9. Shirin Akiner. Islamic People Of The Soviet Union (with an Appendix on the non-Muslim Turkic peoples on the Soviet Union). – London: New York; Sydney and Melbourne, 1983; 1986. – 462 p.

1 секция. ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЕРЛІГІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК- ӘСКЕРИ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ӘОЖ 355.45

*Г. Ж. Байсалдина, г. г. м., оқытушы
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Академиясы*

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ - Ә. ДОСМҰХАМБЕТОВ ЕРЛІГІНДЕГІ ОТАНШЫЛДЫҚ ҮЛГІСІ

*Өз Отанын жан-тәнімен сүйу - адамшылдықтың асқар шыңы.
(В. Г. Белинский)*

Кіріспе. Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес елінің жеңіске жетуі, Одақтас республикалардың арасындағы тығыз этнобайланыс пен өзара ынтымақтастық, тиімді әлеуметтік–экономикалық ахуалдан болды.

Қазақ жері басқа республикалар тәріздес майдан сұранысын дер кезінде қамтамасыз етіп отырды. Соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Ұлы Жеңіске қосқан үлесі көп.

Бірақ халықтың соғыс жылдарында көрген қиыншылықтары, әлеуметтік жағдайы, аштыққа ұшырау себептері, наразылықтардың болуы мәселелері бүгінге күнге дейін айтылмады. Кеңестік дәуірдегі зерттеулер негізінен үстем идеология тарапынан зерттеліп, соғыс кезіндегі халықтың шынайы өмірі толық ашылмады, соғыстың тыл жағы аз зерттелді.

Негізгі бөлім. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Солтүстік Қазақстан халқының майданға аттануы, олардың тылдағы жеңіске қосқан үлесімен қатар соғыс жылдарындағы өңір халқының әлеуметтік әл-ауқатын бүгінгі ғылымның биігінен талдап, ұлттық ғылыми көзқарас тұрғысынан баға беру, оны тереңірек зерттеу бүгінгі күннің кезегін күтіп тұрған маңызы зор мәселе.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Солтүстік Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жағдайы мәселесі кешенді түрде аз зерттелеіп келеді.

Солтүстікқазақстандықтар барлық майданда болып, Ұлы Отан соғысындағы аса ірі шайқастарға, атап айтқанда Брест пен Смоленск түбіндегі, Мәскеу мен Ленинград түбіндегі, Сталинград, Тула, Орелдағы,

Курск доғасы мен Днепр, Белоруссиядағы, Шығыс Европа елдері мен Германиядағы, Манжурия мен Қиыр шығыстағы тағы басқа сұрапыл шайқастардың бәріне қатысты. Құрлықта да, теңізде де, әуеде де ерлік пен қаһармандықтың керемет үлгісін көрсетті. Сарбаздармен қатар тыл еңбекшілерінің, жер аударылған халық өкілдерінің де жеңіске қосқан еңбегі орасан зор.

Облыста әскери құрамалар жасақталып, майданға аттанған. Дегенмен құрылған әскери құрамалар мен бөлімдер облыстық бюджеттердің есебінен жасақталса да олардың қолбасшылық құрамы негізінен орыс ұлты өкілдерінен тұрып, жергілікті ұлт өкілдері әскери басшылық қызметтен шет қалғанын көреміз. Көптеген қиындықтарға қарамастан солтүстікқазақстандықтар соғыс басталысымен әскери істі тез меңгеріп, бірнеше әскери құрамаларды жасақтап, майданға аттандырды.

Петропавл қаласында тез арада жеке атқыштар батальоны құрылып, іле-шала майданға жіберілді. Қысқа мерзім ішінде, 27 маусым күні 702-құрылыс батальоны жинақталып, соғыстың бесінші күні майданға аттанды [1, 85-87-пп.]. Шұғыл түрде жаңадан роталар мен батальондар құрылып, соғысқа жіберілді.

1941 жылы 16 шілде мен 24 шілде аралығында 12.07.1941 жылғы Орталық Азия әскери округінің әскерлер жөніндегі № 0044 бұйрығы негізінде жасақталып Ленинград майданына жөнелтілген құрамалардың бірі – 314-ші атқыштар дивизиясы еді [2, 570-п].

Кеңес Одағының Батыры атанған 56 азаматтың 17-сі облыс аумағында дүниеге келгендер. Олардың арасында атқыштар дивизиясының саяси жетекшісі Хименко Андрей Максимович, Ушев Борис Петрович – кәсіби балтық теңізшісі, тропеда катерлері тобының дивизия командирі, Михеев Григорий Яковлевич – ержүрек ұшқыш, Қизатов Жәлел Қизатұлы – бөлімше командирі, Подорожный Николай Алексеевич – әскери барлаушы, Коваленко Павел Васильевич – минометшілер командирі, Матвеев Александр Владимирович – батальон командирі, Карушин Александр Федорович – даңқты ұшқыш, Ыбраев Ысқақ – гвардия офицері, Чижиков Филипп Васильевич – кадрлық офицер, Әбу Досмұхамедов – ержүрек жауынгер және т.б.

Даңқ орденің үш рет алған жерлестеріміз: Әміреш Дәрменов, С. Е. Васильев, С. Ф. Голопятов, Я. А. Зинзивер, А. Л. Ткачев, Н. Н. Сыщенко, И. С. Кравченко, К. Е. Мосякин, П. Ф. Толочко, Я. И. Батырев және А. А. Пуненко, барлығы 11 адам Даңқ орденінің толық иегерлері екенін бүгінгі ұрпақ мақтан етеді.

Мыңдаған солтүстікқазақстандықтар 151-ші жеке атқыштар бригадасының, 310-шы Новгород және 29-шы Киров Гвардиялық

дивизиясының және т.б. атқыш полктерінің құрамында соғысқа қатысып, қасиетте парыздарын атқарған [3, 127 б.].

Рухы биік, арманы асқақ, пейіл ікең, даласы дархан, бауырмал, намысты, жігерлі халық бұл-қазақ халқы. Қазіргі кезде, Қазақстан-тәуелсіз, теңқұқықты мемлекет. Мен осы елде дүниеге келгеніме қуанамын. 80 жылдық тарихы бар Солтүстік Қазақстан облысынан шыққан, елімнің тарихында ерекше орны бар әр тұлғаны мақтан етемін. Соның ішінде өзім оқыған мектептің есімімен тікелей байланысты Кеңес Одағының батыры Әбу Досмұхамбетов атамыздың жасаған ерлігінен еліміздің әрбір азаматы үлгі алса деймін.

Әбу Досмұхамбетов(1920 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Үшкөл ауылында дүниеге келген. 1943 жылы Украина Киев облысы, Чернобыль қаласында қайтыс болды) - 2-дүниежүзілік соғысқа қатысушы, аға лейтенант, атқыштар ротасының командирі. Қазақстанда 7-сыныпты бітірген соң Қорған облысы, Петухов ауданы, Чебачье селосында тұрған. «Жаңажол» мал фермасының меңгерушісі болды [4, 3 б]. 1939 жылдың қыркүйегінде Ә. Досмұхамбетов Кеңес әскері қатарына шақырылып, ондағы полк мектебін үздік бітіріп, лейтенант атағын алды. 1939 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. Соғысқа 1942 жылдан бастап қатысты. Аға лейтенант шені бар Әбу Досмұхамбетов майданда 8-ші атқыштар дивизиясының 229-шы атқыштар полкіндегі ротаны басқарды.

Досмұхамбетов Киев қаласынан (Украина) солтүстікке қарай Днепр өзенінен өту кезінде айрықша көзге түсті. 1943 жылғы қыркүйек айының соңында 8-атқыштар дивизиясының 1-атқыштар ротасы Припять сағасынан солтүстікке қарай Днепрге жеткен.

Ә. Досмұхамбетов ротасы мен шабуылға шығып, жауды кері шегінуге мәжбүр етті. Ә. Досмұхамбетов 5 қазанда ерлікпен қаза тапты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1943 жылдың 16 қазанында Днепр мен Припять сағаларындағы ерен ерлік, қаһармандық үлгісін көрсеткен қайсар офицерге Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Сонымен қатар Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталды.

Бейіті Чернобыль қаласының саябағында орналасқан, оның қасында құрдасы, майдандас серігі Кеңес Одағының Батыры Петр Батрак жерленген.

Өзім оқыған Петропавл қаласындағы Кеңес Одағының батыры Әбу Досмұхамбетовтың аты берілген және облысымызда қазақ балалары үшін ашылған алғашқы интернаттардың бірі облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия - интернатының – 87 жыл тарихы бар білім ордасы. Бұл мектепте әр жылдары түрлі әлеуметтік ортадан шыққан

балалар білім алды. Білімге құштар, бірақ ауылдық жерден шыққан балалар үшін бұл мектеп өмірге үлкен сапалы білім мен жолдама берген қасиетті қарашаңырақ. Бұл мектептен неше түрлі атақты ғалымдар, академиктер, өнер адамдары мыңдап шығып жатыр. Мектебіміз бүгінгі күні қоғам талабына, білім мазмұнына сай жабдықталған.

Бірінші қабатта мектеп мұражайы орналасқан. Мұражай 1980 жылдан бастап жұмыс істеп жатыр. Барлық мектептің 87 жылдық тарихы осы жерде деп айтуға болады. Мектеп кезінен бастап гимназиямыздың әрбір оқушысы үшін бұл мұражай тарихқа саяхат, батырлық пен еңбек етудің үлкен тәжірибесі жинақталған жер. Кеңес Одағының батыры Әбу Досмұхамбетовке қойылған арнаулы бұрыш бар. Осы жерде батырдың барлық өмірбаяны, ерлігі жайында тың деректер, туған-туысқандары туралы мәліметтер, альбомдар тұр. Медаль «Алтын Жұлдыз» (16.10.1943)

Ленин Ордені (16.10.1943)

2-дәрежелі Отан соғысының ордені (08.08.1943)

Қызыл жұлдыз ордені(12.02.1943) [5, 12 б].

Батырдың есімі мектебімізге 1985 жылы берілді. 2015 жылы қаламыздағы Ухабов көшесіне Әбу Досмұхамбетовтың аты берілді. Қазргі кезде сол көше бойында жаңа тұрғын үй кешені мен Н. Назарбаев зияткерлік мектебі, балабақшалар орналасқан.

Қорытындылай келе, осы мақаланы жазуымның себебі өмірі қысқа, бірақ ерлігі үлкен, Ұлы Отан соғысы жылдары батырлықтың нағыз үлгісін көрсеткен атамыз Әбу Досмұхамбетовтың өмірін болашақ офицерлерге үлгі ету. Отаншылдықтың, қайтпас мінездің, достықтың, жанқиярлықтың офицерге тән қасиет екендігін естен шығармау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұлан Академиясында еліміздің түпкір-түпкірінен курсанттар білім алуда. Болашақ офицер ретінде өлкемізде Ұлы Отан соғысы жылдары қандай оқиғалар болды, қандай батырлар бар соны білсе екен деймін. Себебі қазақ халқы «тұлпар – құлыннан, Батыр- баладан деп бекер айтпайды ғой.

Әдебиеттер тізімі

1. СҚММ. 2046-қ., 18-іс, 85-87-пп.
2. СҚММ. 1370-қ., 3-т., 138 б-іс, 570-п.
3. Айбын. Энциклопедия. / Бас редакторы Б. Ө. Жақып. – Алматы. 127 б.
4. Солтүстік Қазақстан газеті - 2015. - 17қаңтар. - 3 бет.
5. «Қазақ энциклопедиясы», 2011. ISBN 9965-893-73-Х.

*Қ. А. Бейсембина, магистрант
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті*

М. ҒАБДУЛЛИН ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БАСТАУЛАРЫ

«Қазақстан-2050» стратегиясында «Жаңа қазақстандық патриотизм - біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі және қазақстандық патриотизмнің іргетасы - Қазақстанның барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі болуға тиіс» делінген. Алайда, бұл міндетті орындау үшін өскелең ұрпақ жас кезінен бастап өз елінің тарихын білуі керек, Тәуелсіз Қазақстанға деген мақтаныш сезімін сіңіру, патриоттық сезімдерді, сана мен ерік-жігерді қалыптастыру үшін қазақ және басқа да халықтардың барлық жинақталған патриоттық тәжірибесін пайдалана отырып, өз Отанын сүюі қажет.

«Қазақстан Республикасында тарихи сананың қалыптасуы» тұжырымдамасында «Тарих - халықтың зердесі, ол содан қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады» деп көрсетілген [1]. Ең алдымен этникалық сәйкестендіруде, ұлттық сана мен өзіндік сананың өсуінде әрекет ететін қазіргі заманғы мәдени ойлау - мектеп пен ғылым толық көлемде қамтамасыз ете алатын «білімді» талап етеді, сондықтан да, орта және жоғары оқу орындарында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов және т. б. қазақстандық ағартушылардың мәдени және педагогикалық мұраларын жан-жақты зерттейді.

Осы белгілі есімдердің ішінде, біздің жерлесіміз ғалым-педагог Мәлік Ғабдуллаұлы Ғабдуллиннің есімі лайықты орын алады. Тәрбие мәселелерімен байланысты мұрағаттық дереккөздерді зерттеу кезінде ХХ ғасырдың 60-жылдарының ортасында М. Ғабдуллиннің зерттеулерінде қазақ халқының ұлттық-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты материалдар айтарлықтай көрініс тапқанын көрсетті.

Қазіргі уақытта М. Ғабдуллиннің педагогикалық мұрасы зерттеушілер үшін сөзсіз теориялық және тәжірибелік қызығушылық тудырады. Азаматтық-патриоттық тәрбие-бұл саяси, патриоттық, құқықтық және адамгершілік білім беретін біртұтас процесс. Жоғары әскери мектеп курсанттарына жүргізілген сауалнама азаматтық-патриоттық тәрбие мәселелері оларменкелесідей қарастырылатынын көрсетті: 1) әрбір әскери адамға қажетті құндылық сапасы (89 %),

2) жалпы білім беру компоненті (73 %), 3) адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі (48 %), 4) әлеуметтік сапа (53 %), 5) жеке сапа (36 %) және т. б.

Қазақтың қоғам қайраткері, ұстаз, журналист, этнограф, қазақтардың саяси көсемі – Әлихан Бөкейханов өзінің патриоттығымен, ұлтына деген сүйіспеншілігімен көзге түсті. Ә. Бөкейханов қазақтардың саяси және мәдени белгісінен айырыла бастағанын ескеріп, тәуелсіз Қазақ мемлекетін құруды көздеді. «Алаш» автономиясын құру идеясы ұзаққа бармады. Ә. Бөкейханов мемлекеті жоқ халық – жетім деп есептеді.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – жастарды патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі. Тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде тәрбие және педагогика процестеріне ерекше назар аудару керек. Педагогиканың адам тәрбиесіне тигізер ықпалы зор, сондықтан педагогикада отансүйгіштікке тәрбиелеуді іс жүзінде белсенді қолдануы керек. Патриоттық тәрбие азаматтық және патриоттық қасиеттерді бойына сіңірген, бейбіт және соғыс уақытында азаматтық борышын ойдағыдай атқара алатын тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Патриоттық тәрбиенің мақсаты – жас ұрпақтың бойында жоғары қасиеттерді қалыптастыру, оларды қоғам мен мемлекет мүддесі үшін жүзеге асыруға дайын болу. Осы мақсатқа жету үшін төменде көрсетілген негізгі міндеттерді орындау қажет:

- патриоттық тәрбиені насихаттау мақсатында мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу;

- жастардың бойында патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерді бекіту;

- Отанының өткеніне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына құрметпен қарауға тәрбиелеу;

- жастардың бойында туған жерге деген адалдық пен өз мемлекетін қорғауға дайындауды нығайту.

Патриоттық тәрбиенің мазмұны қоғамымыздың ерекшеліктерімен, даму деңгейімен, оның экономикалық, рухани, әлеуметтік-мәдени, саяси өмірінің және басқа да салаларындағы жағдаймен, өскелең ұрпақты қалыптастыру мәселелерімен тығыз байланыста.

Патриоттық тәрбие принциптері өзара байланысты, тұтас жүйені құрайды. Принциптерді басшылыққа ала отырып, педагогтар патриоттық тәрбие беру жөніндегі қызметін тиімді орындауды қамтамасыз етеді, тәрбиенің мазмұнын жүзеге асырады. Патриоттық тәрбиенің принциптері тәрбиенің назарын мыналарды қамтиды:

- бірлік пен тұтастықты нығайту;

- тәрбиелеуде халықтың әртүрлі категорияларының ерекшеліктерін ескеру (мектеп жасына дейінгілер, кіші оқушылар, жасөспірімдер, үлкен студенттер, студенттер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, әскери қызметкерлер, қалалар мен ауылдардың тұрғындары);

- Қазақстан халықтары арасындағы тарихи қалыптасқан достық қарым-қатынастарды сақтау және дамыту, оларды біртұтас мемлекетке біріктіру;

- ұлттық, азаматтық-патриоттық және жалпыадамзаттық тәрбие берудегі үйлесім;

- нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз ету, мәдениеттері мен дәстүрлеріне адамгершілік, құрметпен қарау.

Қазақстан – тарихы терең, қуатты әрі тәуелсіз мемлекет. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында ұсынған жаңа қазақстандық патриотизм идеясында атап көрсетілгендей мықты мемлекет болу үшін, еліміздің абыройын асқақтататын жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеу еліміздің болашақта тұрақты дамуының кепілі бола алады [4]. Әрбір тұғаның бойында «Мен өз еліммен, жеріммен мақтанамын, өз елімнің патриотымын!» деген ой қашанда болуы қажет. Туған жерге деген сүйіспеншілік – Отанға деген сүйіспеншілікпен, туған жерге деген қамқорлық – Отанға деген қамқорлықпен жалғасады. Сондықтан да жастарға патриоттық тәрбие берудің, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырудың маңызы өте зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. – М.: Русский язык, Том 1–4, 1989–1990.

2. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алма-Ата, 1978. – Б. 22-25.
3. Қозыбаев М. Қазақстан ғасырлар тоғысында: толғаулар мен ізденістер. 2 кітапта. Кітап. 1. – Алматы: ғылым, 2000. – С. 420.
4. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы: бейбітшілік пен үйлесімділік. ҚХА ХХІ сессиясы. – Астана, 2014.

ӘОЖ 811.512

*Ж. Ержан, 2-ші курс студенті,
Ғылыми жетекшісі: Г. Б. Ахметова
Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау Университеті*

БАТЫРЛАРДЫҢ ТҮЙҒЫНЫ, ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖҮЙРІГІ - МӘЛІК

*«Ешкім іштей батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді
өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады».
(Бауыржан Момышұлы)*

Кез келген мемлекеттің өмір сүруінің ең маңызды шарты – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қабілетті күшті, тұрақты азаматтық қоғам. Сондықтан жас ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу, оны жүзеге асыру мемлекеттік саясаттың кез келген саласында маңызды және басым мақсаттарының бірі ретінде бүгінгі таңда қазіргі қоғам дамуының объективті қажеттілігі мен қажетті шарты болып отыр.

Қазақ халқы ежелден жаужүрек, қайсар халық. Ел мұратын көздеген даңқты батыр бабаларымыздың көзсіз ерліктері, жан аямай жаумен күрескен жанқиярлығы қаһарман халықтың ұрпағы екеніміздің айқын дәлелі. Сонау Қазақ хандығы құрылған сәттен күні бүгінге дейін қазақ тарихында ұлы тұлғалардың ерен ерліктері тарих беттерінде алтын әріппен жазылып, халық санасында мәңгілік жатталып қалды.

Жоңғар шапқыншылығынан аттары аңызға айналған Ер Тарғын, Ер Қосай, Қабанбай, Наурызбай, Бөгенбай сынды батырларын дәріптеп келе жатқан қайсар халықтың ұрпағымыз. Одан бері қарай, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Баубек Бұлқышев, Нүркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Сағадат Нұрмағамбетов, Рахымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды батыр ата-апаларымыздың есімдері де ел есінде. Ал қаһарлы Желтоқсан оқиғасынан ерлігімен аттары әйгілі болған Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова және тағы да басқа ұлы тұлғаларының өмірі көпке өнеге. Солардың ішінде елеулі ерлігімен ел есінде қалған қаһарман

батырымыз Мәлік Ғабдуллиннің өмір жолына зер салсақ.

«Батырым - Мәлік беренім,

Жүйрігім, озған өренім.

Халқы сүйген қалаулым,

Жырымды саған төгемін» - деп жыр алыбы Жамбыл ақын батыр інісі Мәлік Ғабдуллинге осылай деп өлеңін арнап, ағынан жарылған еді [1].

Міне содан бері ғасырға жуық уақыт өтсе де осы бір өлең жолдарының мәні де, мағынасы да маңыздылығын жоғалтқан емес. Себебі Мәлік Ғабдуллин шын мәнісінде өзіне көрсетілген барлық құрмет пен данқа лайық жан еді.

Батыр 1915 жылы қара күзде қазіргі Ақмола облысы Зеренді ауданында қарасты Желтау тауының күнгей бетінде дүниеге келген. Мәлік бала күнінен дара, ақылды әрі алысқанды алып ұратын жүрек жұтқан, қайтпас қайсар бала болып өседі. Сөйтіп балалық шағы Қойсалғанда өтеді. Мәлік алғаш Қойсалғаннан алты шақырымдағы Құлет ауылындағы мектепке барады. Сол ауылда жетіжылдықты бітірген соң оқуын жалғастыру үшін Көкшетауға келіп, Коммуна мектебіне қабылданады. Бұл қазіргі Ғабдуллин атындағы 3 мектеп.

Бірде Көкшетаудағы М. Ғабдуллин мұражайының директоры Құдайберлі Мырзабек өзінің сұхбатында Мәлік Ғабдуллиннің Алматыға келуіне Сәбит Мұқанов ықпал етті деп сөзге тиек еткен болатын. Яғни ол өзінің сұхбатында: «Мәлік жас кезінен зеректігімен көзге түсіп, белсенді болады. 1930 жылдары Сәбит Мұқанов ЧК-ның өкілі ретіне Көкшетауға келгенінде Мәлік арнайы сәлем беріп барып, мектебіне кездесуге шақырады. Кездесуде 15 жасар Мәлік Сәбеңнің шығармалары туралы баяндама жасап, өлеңдерін оқиды. Осылайша Сәбеңе жас шәкірттің талабы ұнап қалады. Сол жылы Алматыдан келген комиссияның іріктеуінен өткен Мәлік Алматыдағы ауылшаруашылығы институтына оқуға түседі. Оның алдында Сәбең де оны Алматыға шақырып кеткен еді. Сосын Сәбеңнің ақыл беруімен Мәлік ауылшаруашылығы институтын тастап, ҚазПИ-ге түседі. Бұл әліпбидің төте жазудан латыншаға ауысып жатқан кезі. Кітапты қалай басып шығаратынын көргісі келген Мәлік баспаханаға барып, сол жерде Бейімбет Майлинге кездесіп, әңгімелеседі. Жас баланың алғырлығын, ынтасын байқаған Бейімбет оны қосымша жұмысқа алады. Әр бетіне 70 тиыннан ақы төлеп, төте жазумен жазылған кітаптарды латыншаға көшіртеді», - деседі [2].

Тау тұлға қазақтың қайсар батыры Мәлік соғыс басталысымен 1941 жылы маусым айында өз еркімен майданға аттанады. Бұл уақытта 26 жасар жас ғалымның үйленіп отау құрғанына ұзақ болмаған еді. Алайда Мәлік о дүние алдындағы бұ дүние сынағынан сүрінбей өтті. Сол бір сұрапыл соғыс жылдарынан аман қалып, жастарға өнеге болған

батырымызға бірнеше марапаттар тағайындалды. Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаровқа КСРО жоғары кеңесі президиумының жарлығымен 1943 жылдың 30-шы қаңтарында Кеңес одағының батыры атағы берілді. Сонымен қатар «Ленин ордені» және «Золотая звезда» медалімен де қоса марапатталды.

Қарап тұрсақ Мәліктің Мәлік болып қалыптасуына себеп болған қазақтың ылғи бір марқасқаларының тәрбиесінде болуы десек те айып емес.

«Ерлікке баулу – тәрбиеден» демекші Мәлік Ғабдуллин қазақ балаларының білімді де, тәрбиелі болуын армандады. Сондай-ақ батыр, талантты ақынның әдеби көркем шығармалары жас ұрпаққа жігер беріп қана қоймады. Әлі күнге дейін де оның өнегелі сөздері ескірген емес. Мектеп оқушыларымен жиі кездесуге барып, оларға соғыс жайлы әңгімелерін айтып, оларды оқуға, білімге қызықтырған [3].

Майданнан оралған Мәлік Ғабдуллин соғысқа дейінгі бастаған жұмыстарн жалғастырды. Батырға тән істері мен ерекшеленді барлық зейінін ағартушылық саласына арнап, өмірлік ұстанымына ұштасқан қазақ фольклорын тереңнен зерделеуді жалғыстырды. 1953 жылдан бастап бақандай 10 жыл Абай атындағы Қазақ педагогика институтында ректор болды. Сондай-ақ студенттермен бір толқында болып, дәріс оқып зейіндерін ашты.

Мәлік Ғабдуллин тек ғана Кеңес одағының батыры емес, ол сонымен қатар әскери публицист. Мәлік Ғабдуллиннің «Сұрапыл жылдар», «Ел намысы, ер намысы», «Алтын жұлдыз», «Менің майдандас достарым» деген еңбектері бар.

Нар тұлға жауынгер Мәлікті жырға қосқандарда аз емес. Солардың ішіндегі мына бір шумаққа мән берсек:

«Кең далаға Мәлігім деп қараймын.

Мәлік болып көрінеді бар айдын.

Қалың қазақ елінен бір ұл туса,

Бұл халқымның Мәлігі деп санаймын». Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті қазақ халқына алып берген батырға бұл өлең жолдары аздық етеді [4].

Мәлік Ғабдуллин өмірін соғысқа дейінгі, соғыс жылдарындағы, соғыстан кейінгі деп үш бөлікке бөліп, осы жылдарындағы ерең еңбектерінде бөлек-бөлек дастан етуге тұрарлық. Бастысы өмірдің қандай өткелінен өтсе де, ұлтына деген сүйіспеншілігі, адамға деген адамгершілігі, өн бойында үнемі кездесіп отырды.

Қайсарлық пен өр рухтан жаратылған батыр бабаларымыздың ерлік өнегелерінен үлгі алып, ішкі-сыртқы рухы берік бекіген патриот ұрпақ тәрбиелеу тәуелсіз мемлекетіміздің басты мақсаты.

Өскелең ұрпақты мықты етіп тәрбиелеу арқылы мемлекеттік-әскери қауіпсіздікті қалыптастырудың патриоттық негіздеріне:

Жас ұрпаққа рухани тәрбие беру;

Мектеп бағдарламасына батырлық жырлар мен рухты өлеңдерді көптеп қосу;

Ұлттық спорттық ойындарды кеңінен насихаттау;

Жауынгерлік тұлға қалыптастыруға көмектесетін жауынгерлік дәстүрлерді дәріптеу жатады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік-әскери қауіпсіздікті қалыптастырудың патриоттық негіздері жеке тұлғаның идеялық-саяси, моральдық-еріктік, психологиялық, дене қасиеттерін қалыптастыра отырып, қазақ халқының әскери-патриоттық тәрбиесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Батырлық жырлар, жауынгерлік дәстүрлер, батырлар институты, жауынгерлік рухты қалыптастыратын ұлттық спорттық ойындар өскелең ұрпақты азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға, егеменді елдің мүддесін қорғауға дайындаудың жетекші құралы ретінде мемлекеттік-әскери қауіпсіздікті қалыптастырудың патриоттық негіздерін құрайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Әсіпұлы С. Ердің ері. Ақиқат, 2005, № 5.
2. Бекенов Ж. Батырдың балалық шағы. Арқа ажары, 2009.
3. Есмұрзаев Ш. Мәлік Ғабдуллиннің майдан очерктері, Журналистика, 1973.
4. Зайкенова Р. Аманатқа адалдық, Ана тілі ұлт газеті, 1990, наурыз.

УДК 94 (574)

Э. Е. Ержанова, экскурсовод музея Малика Габдуллина

«ПСИХОЛОГИЯ ВОЙНЫ» ПО МОТИВАМ КНИГИ Б. МОМЫШУЛЫ

У казахского народа есть немало поистине настоящих героев, имена которых произносятся с уважением и гордостью. Это имя нашего земляка Малика Габдуллина - Героя Советского Союза, академика, писателя, общественного деятеля и великого Бауыржана Момышулы – советского военачальника, участника Второй мировой войны, писателя, проявившего

себя героически при обороне Москвы. Оба были учеными и писателями, они близко дружили и оставили ценное наследие и неизгладимый след в истории: книги, стихотворения, художественные произведения... Это бесценное богатство для казахского народа.

Малик Габдуллин и Бауыржан Момышулы были не только фронтовыми друзьями, но и братьями. У них была особая связь. Бауыржан говорил, что когда он был командующим на фронте, Малик был его советником и офицером. А Малик о нем отзывался так: «Мой военный наставник и фронтовой друг».

Изучая произведения известных писателей, таких как Сабит Муканов, Дмитрий Снегин, Кобей Сейдаханов, которые писали о Малике Габдуллине можно с вероятной степенью достоверности оценить истинные человеческие качества Малика Габдуллина. Ими являлись: любовь к родному краю, родителям, глубокое чувство гражданского долга перед родиной, единство слова и дела, беспристрастность, справедливость, честность, правдивость, решительность, склонность к военному искусству, терпимость к трудностям и др. Эти качества послужат примером для будущих поколений.

Легендарная Панфиловская гвардейская дивизия, в составе которой служили наши герои, отличилась в боях под Москвой. Наши бойцы ценой больших человеческих потерь, внесли свой вклад в оборону Москвы, не сдали ее немецким войскам. Эти роковые дни впоследствии будут описаны и прославлены в литературных произведениях Малика Габдуллина, таких как «Будни войны», «Фронтовые очерки», «О друзьях товарищах», «Грозные годы», «Мои фронтовые друзья».

Имя Малика Габдуллина стоит наряду с именами Ивана Панфилова и Бауыржана Момышулы, проявивших героизм в войне 1941-1945 годов.

Благодаря отважному солдату Бауыржану Момышулы, о героизме и самоотверженности его соотечественников узнавали не только в СССР, но и во всем мире. Это был человек, который особенно ратовал за то, чтобы о героях казахстанцах узнали больше. Он был одним из первых, кто ходатайствовал о представлении Малика Габдуллина к высокому званию Героя Советского Союза.

Героический боевой путь батальона под командованием Б. Момыш-Улы описан в художественно-исторической книге Александра Бека «Волоколамское шоссе», но сегодня мы поговорим о книге, автором которой является сам Бауржан Момышулы. Она называется «Психология войны». В книгу вошли речи, лекции, выступления Б. Момышулы перед учеными, писателями, бойцами и политработниками в военные годы, его дневниковые записи и очерки, некоторые письма, раскрывающие взгляды

воина, писателя, на психологию Великой Отечественной войны и на все пережитое во время этих страшных лет.

Нам известно, что Б. Момышулы с юношеских лет вел дневники. А с начала войны он не расставался со знаменитой синей тетрадью, куда записывал все, что его интересовало. Что из себя представляют эти рукописи? «Это мое мышление, понятие о войне или, назову просто, – мыслию воспитании мужества, а не писательское мышление образами», – пишет Б. Момышулы. То есть это не просто дневниковые записи, а анализ происходящих событий, очевидцем и участником которых являлся автор.

Как следует из слов самого полковника, таких записей у него накопилось много, из которых он опубликовал только 30-40 процентов. Причем 60-70 процентов рукописей автор вел на русском языке, остальные – на казахском.

Бауыржан Момышулы в своей книге смело писал и хорошее, и плохое. Его записи очень ценны. Дневник, по своей сути, есть зеркало души человека, который имеет привычку писать. Откровенность – вот характерная черта дневников.

По книге «Психология войны» воина-писателя узнаешь не только этапы его биографии, но и историю страны, узнаешь многие неизвестные детали того непростого периода жизни советского народа.

Бауыржан Момышулы не только фиксировал события, но и размышлял, рассуждал, давал оценку действиям руководящих органов, смело, без оглядки доверяя свои откровения бумаге, не боясь того, что они могут попасть в руки сверхбдительных граждан. Оценка и мнение Бауыржана Момышулы, очевидца и участника трагических событий, была объективной.

В дневниках и размышлениях оттачивался язык писателя Бауыржана Момышулы, стиль офицера, ступившего на литературный путь. Вот почему некоторые короткие, как автоматная очередь, высказывания больше похожи на афоризмы: «Я предпочитаю смерть, которая важнее безнравственной славы», «Бросаемый вверх должен успеть оглянуться по сторонам и вниз, ответить на вопрос «Откуда пришел?», чтобы ответить – «Куда иду?»»; «Кто ждет и кто раболепно покоряется-творить не может»; «Законы создавались лишь для того, чтобы устрашать граждан, а не для того, чтобы помогать им», «Таланту нужно уметь жить» и многие другие.

В тяжелые годы испытаний Бауыржан Момышулы не переставал думать и о других, более высоких материях, таких как: судьба родного языка, судьба рядового воина, сражающегося в составе его батальона, а затем полка и дивизии, судьба литературы о Великой Отечественной войне. Много тем - много размышлений. И вот эти размышления словами ложились в дневники, письма, статьи. Это были первые опыты на

литературном поприще. Хотя писать Бауыржан Момышулы начал рано, но не публиковался и не был известен. В годы войны в газетах появляются статьи и интервью, он читает лекции, делает доклады, выступает по радио. Так ковалось не только полководческое мастерство, но вырабатывался стиль литератора, оттачивался язык.

Писатель жил по установленным для себя правилам: «Лучше отречься навсегда, чем целовать да плевать», «Лучше вкушать горечь яда справедливости, чем лакомиться медом лицемерия», «Лучше гнуться под тяжестью правды, чем порхать на крыльях лжи». Полковник Бауыржан Момышулы часто рассуждает о таких философских понятиях, как долг, честь, страх, гордость. И одна из главных задач командира - воспитание в солдате мужества. Как утверждает Момышулы, в критический момент боя в схватку вступают страх и долг. «Победит страх - ты трус, победит долг - ты отважен». Вот почему командир должен быть сердцеведом и психологом. Он должен знать, что самый укрепленный рубеж немногого стоит, если не укреплены души бойцов. Полководцы кочевников не только были отличными воинами, но еще умели применять свой словесный дар, использовали поэзию для повышения патриотического духа воинов. Верный этой традиции Бауыржан Момышулы все свои произведения, стихи, пословицы, поговорки, крылатые слова рассказывал бойцам.

По книге «Психология войны» мы знаем Бауыржана Момышулы как умелого полководца, умного аналитика психологии солдата. А по размышлениям в дневниковых записях он предстает философом, публицистом.

Бауыржан Момышулы жил правдой и в военное, и в мирное время. Он знал очень многое, противился тому, что творилось вокруг, и становился неудобным властям. От ареста его спасло только то, что он был чрезвычайно популярен в войсках и в народе, был очень одаренным командиром, который нужен был фронту. «Рядом со смертью мы провели сотни дней и ночей, находились среди тысячи опасностей в минуту... Мы научились смотреть в глаза фактам, говорить правду, вещи называть своими именами». О боевых соратниках воин-писатель говорил, что они «вырастили дерево победы, оросив его не водой, а своей кровью».

Благодаря хорошей привычке, вести дневники, его откровения дошли до нас в первоизданном виде. Он писал о таких известных личностях как Бекмаханов, Ауэзов и другие. Писатель критически высказывался о некоторых личностях: «Будущее поколение должно знать все. Тайное должно стать явным». Свои рукописи полководец Бауыржан Момышулы писал неразборчиво и латинскими буквами. «Во-первых, так быстрее писать, во-вторых, экономия бумаги и, в-третьих, если кто-то из

недоброжелателей захочет прочитать, то не поймет» - отшучивался писатель. Позже записи легли в основу его произведений.

Поражает то, что в огне войны он действует не только как умелый, мыслящий командир; он находится в постоянном творческом, научном поиске, его мозг непрестанно анализирует происходящие события, обобщает, делает выводы и формулирует мысли. Так рождалась его наука о войне, о психологии человека в бою.

Каждое слово, каждая мысль о роли человека в войне рождены научным складом ума Б. Момышулы. Например, он утверждает, что командир – творческая личность. «Коль скоро мы называем бой и войну не только наукой, но и искусством, следовательно, организатор этого искусства является творцом».

В своих произведениях Бауыржан Момышулы часто обращается к казахским поговоркам и пословицам – к этому бездонному кладезю народной мудрости, к этому сгустку академических знаний казахов. «Штыком убьешь одного, а умом – тысячу». Эта народная мудрость наталкивает Б. Момышулы на мысль о том, что «офицер должен быть не столько солдатом кулачного боя, сколько солдатом ума». «Среди прочих занятий командира главное – думать, думать, думать», – утверждает он. Надо полагать, что это не просто умные и красивые слова; они есть ежедневная практика Бауыржана Момышулы, благодаря которой он выдвинулся в когорту выдающихся офицеров ближнего боя.

Каждое определение, высказанное в данной книге, является вкладом в науку о психологии человека.

Взять, к примеру, рассуждения Бауыржана Момышулы о распоряжении (приказе) командира.

Казалось бы, армейский порядок с его беспрекословным подчинением младшего по званию воле старшего отменяет всякие сомнения о невозможности выполнения приказа. Но нет, Б. Момышулы, исходя из собственных наблюдений, делает вывод: «Ничто так вредно не отражается на службе, как слабая команда... Слабая команда или распоряжение без уверенности в голосе не дает почти никаких результатов». То есть решение командира может быть верным, но если оно не будет доведено до сознания солдат твердой волей командира, то так и останется пустым звуком.

В главе, посвященной Ивану Васильевичу Панфилову, автор пишет, что генерал «был одним из оригинальных военных мыслителей... Он имел преимущество военного мышления и владел тактической гибкостью по отношению к своему противнику».

Думается, будет справедливо, если эти же слова сказать в адрес и самого Бауыржана Момышулы. Его оригинальность заключалась в

новаторстве и в тактике. Он на основе имеющихся данных умел вычислить все замыслы противника и оперативно предпринять эффективные меры. В свою очередь его действия всегда были неожиданными для противника. А чтобы эти действия были неожиданностью для врага, надо обладать исключительной смелостью, помноженной на тактическую гибкость и неординарное мышление.

Взять, к примеру, его решение провести свой батальон по шоссе между немецкими колоннами. Разве фашисты могли ожидать такой наглости (другого слова и не подыщешь) от советского батальона, находящегося в окружении? Этот шаг был настолько ошеломляющим и неправдоподобным, что никто и не обратил внимания на целый батальон в середине немецкой колонны. Или другой пример: находясь в окружении, батальон залповым огнем винтовок оглушил врага и быстро и без потерь прорвался через большак. На такой рискованный шаг мог пойти только Бауыржан Момышулы, потому что только ему были присущи умение найти выход из, казалось бы, безвыходных положений, и только он мог воплотить этот, казалось бы, безрассудный шаг в победу.

Даже знаменитая спираль генерала Панфилова заработала только потому, что суть идеи ухватил Б. Момышулы, и он же эту спираль заставил работать. «Командир не должен быть ни безрассудно решительным, ни рассудительным без решительности. Однобокость – порок командира». Вот кредо командира Бауыржана Момышулы.

Книга «Психология войны» не только об искусстве войны. Она затрагивает многие проблемы писательского труда. Бауыржан Момышулы много и очень толково рассуждает о том, какой должна быть литература о войне, о поведении человека на войне. Это своего рода установочная лекция для писателей, которых полковник учит, как писать книги о войне. В частности, для того, чтобы написать действительно живучую книгу, по мнению автора, писателю необходимо знать устав Красной Армии. И только тот писатель, который постигнет устав, сможет понять образ офицера, образ солдата, понять, что такое бой и война. «Книга на тему войны должна грамотно, со всей остротой освещать вопросы с военной точки зрения, имея центральной фигурой человека в бою и его психологию. Она должна являться для читателей пособием военного просвещения (не только романом), дающим возможность познать умом истину о войне», – утверждает Бауыржан Момышулы.

Говоря о психологии человека на войне, нельзя умолчать о первом боевом опыте батальона Бауыржана Момышулы, о предшествовавших ему событиях. По уставу батальону для обороны выделяется линия до двух километров. Но батальону Момышулы дали шесть-восемь километров. Подразделение окапывается. Враг далеко, но с запада пошли

беглые солдаты, по одному, по два-три человека. И несли они с собой страх, большой страх перед «непобедимым» фашистом, которого и остановить-то невозможно, не то что побить. Солдаты приуныли. Они еще не видели врага, а дух их был надломлен. С таким войском с подавленным настроением идти в бой было опасно. Что делать? Как их оживить? Так родилась идея не ждать немца, а самим искать и атаковать его, посмотреть, на самом ли деле он такой страшный и пуленепробиваемый. От каждого отделения отбираются по одному-два солдата, из них сколачивается группа численностью в сто человек, которая ночным налетом разгромила в деревне Середа гитлеровский гарнизон из трехсот фашистов. Бой длился всего час.

Как рассказывает Бауыржан Момышулы, когда бойцы шли на операцию, они думали, что идут на верную смерть: так их напугали отступающие. Но когда они вернулись с задания, их было не узнать: веселые, бодрые, бывалые солдаты! Батальон повеселел. Бойцы на своем опыте убедились, что фашиста можно и нужно убивать, и пуля его берет, и штык колет.

В свою очередь мы должны подчеркнуть умение Бауыржана Момышулы воздействовать на души и психологию солдат. Не придумай он этот серединский налет, не включи в штурмовой отряд по несколько бойцов от каждого отделения, не продумай, не рассчитай до мельчайших деталей всю операцию, не обеспечь ее успех, кто знает, как воевал бы в последующем батальон. Бойцы не только поняли, что фашиста можно бить и гнать, но, главное, поняли, что их комбат толково организует бой с противником, сделает все, чтобы малыми жертвами выйти победителем.

Оригинально мыслит Бауыржан Момышулы и по поводу чувства страха. В частности, он вопреки идеологической установке о бесстрашии красноармейца утверждает, что это чувство постоянно преследует солдата. Казалось бы, рассуждает он, что чувство страха должно улечься у того, кто не один раз побывал в горниле боя, вроде бы такой солдат должен стать бесстрашным. Но жизнь доказывает обратное.

Анализируя случаи из военной жизни, Бауыржан Момышулы делает вывод, что чувство страха преследует бойца постоянно и в каждом бою. Страх неизбежен. «Мой батальон прошел много боев, был в окружении четыре раза, и все-таки люди после многих боев оказались неспособными преодолеть страх», – резюмирует автор.

Оцепенение охватило и его самого, когда он увидел, как его мужественные солдаты, которые четыре раза дрались в окружении, бросились наутек, побежали в панике. Основной вывод таков: «Имея боевой опыт, можно только иначе пережить, легче преодолеть это чувство

страха, но бесстрашного солдата в абсолютном смысле слова найти невозможно. Бесстрашие бывалого солдата – в его опыте».

Естественно, напрашивается вопрос: если страх сопровождает солдата повсюду, то этот страх должен удерживать бойца от подвига, геройства, самопожертвования. Логически, казалось бы, так и должно быть. Но Бауыржан Момышулы анализирует действия солдата как непосредственно в бою, так и во время подготовки к бою, войне. И дает оригинальное определение таким понятиям, как долг, честь, подвиг, самопожертвование и другие. Все эти мысли изложены в его книге «Психология войны».

Откровенность, правдивость, признание и описание собственных ошибок – вот характерные черты стиля Бауыржана Момышулы. Он повествует не только о положительном опыте боев, о победах своего батальона, о своих заслугах в этих победах; он подробно рассказывает и об отрицательных явлениях, имевших место в жизнедеятельности его батальона и его самого.

Однажды в пылу ярости Бауыржан Момышулы два раза выстрелил в командира отделения Гапоненко, просившего за собратьев по оружию; это тоже признание своих слабых сторон. Но, к счастью, сквозь ярость пробилась-таки трезвая мысль: он не за себя просит, а за солдат своих.

А в последующем этот Гапоненко три раза спасал Бауыржана Момышулы. «Он мог бы в отместку не раз пустить мне пулю в затылок», – говорит автор. То есть солдат понял: Момышулы хоть и был взбешен, но прав. Следовательно, если солдат сердцем понимает, что наказание справедливое, он не обижается и не мстит. «Я до сих пор краснею за свои выстрелы по нему, как проявление моей горячности, невыдержанности. Но этот урок в дальнейшем помогал мне обуздать мои нервы», – признается Б. Момышулы.

По мнению Бауыржана Момышулы, идеал боя – это выигрыш боя без потерь. Искусство боя – это выигрыш боя с наименьшими потерями. Идеал, к сожалению, недостижим. Но искусством боя он овладел в совершенстве. Лишнее тому доказательство – Бородинский бой, когда неполным полком Момышулы решил атаковать шесть деревень одновременно. А драться предстояло не с каким-то заштатным гарнизоном, а с отборной немецкой группой, предназначенной для удара под корень, – частями эсэсовской дивизии «Мертвая голова». Как планировался бой, какие сомнения одолевали командиров полка, как протекал сам бой – обо всем этом подробно рассказано в данной книге. Нам же хочется подчеркнуть только одно – искусство Бауыржана Момышулы. Соотношение погибших в этом бою: 1200 фашистов к 157 нашим бойцам. Это был бой, равнозначный идеалу. И таких боев у

Момышулы – несметное число, ибо он познал истину о войне, познал психологию человека в бою, научился грамотно выстраивать план каждого боя.

Приведу потрясающую цитату и столь же блестящий образец языка Бауржана Момышулы.

«Коль судьбе угодно было сделать меня очевидцем потрясающего человеческого страдания, хоть и не владею я искусством нанизывать концом стального пера на белую бумагу складную речь, по той простой причине, что рук моих, привыкших к эфесу боевого клинка, рукоятке пистолета и управлению боевым конем, лениво слушается ручка, и язык мой, привыкший к резкой команде устава, медленно поворачивается к словопроизношению, но, чтобы не оказаться в числе скупых (подобно Карымбаю, перед смертью бросившему свое богатство в море), я долгом своим считаю перед памятью павших, пострадавших, честных моих солдат — не умолчать, а поведать пережитое немой бумаге, дабы она приобрела язык свидетеля происшедшего.

Когда я читаю литературу на военные темы, убеждаюсь, что многое не соответствует действительности. Бывают книги, написанные типографской краской, бывают – написанные кровью. Я читал книгу войны, написанную на поле боя кровью, в натуре, а не типографской краской. Поэтому я считаю: недолговечность художественных произведений заключается в том, что художники, писатели или киноработники не сочетают в них художественную сторону с военными вопросами, с войной, Я думаю, это большой недостаток. Раз ты пишешь на военную тему, то должен уметь чисто военные вопросы излагать художественными средствами.

...Цель всякого произведения – просвещать.

Для того чтобы написать о войне, автор должен быть сам просвещенным человеком в этом вопросе, изучить материалы и факты, творчески переварить их и правильно обобщить, он должен все вопросы знать больше и всесторонне. Случайные эпизоды, рассказы отдельных лиц, второстепенные материалы не дают права к написанию серьезного произведения.

Война – частное и временное, но самое критическое явление в жизни человека. Она на долгие годы решает судьбу его родины, судьбу его народа. Народ бессмертен. Война — великий экзамен народной мощи и воли. Сколько бы ни длилась она, являясь потрясающим событием в человеческой жизни, но оставляет лишь глубокий шрам. Через десятилетия, подлечив рану, народ продолжает жить, он не погружается и не утопает в бездне войны, а стоит выше – над войной, строит, руководит, движется вперед».

Быть военным стратегом, тактиком – величайший дар и редкость, а военным философом и психологом и вовсе феномен.

Основная тема произведений Бауыржана Момышулы – описание становления характера советского воина, прославление подвига, героизма народа при защите Родины от врага. Он высказывал смелые мысли. Поэтому читатели разного возраста с большим интересом читают его труды.

Список литературы

1. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://pavon.kz/post/view/45180>
2. Момышулы Б. Психология войны. – Алматы: Казахстан, 1990.

УДК: 001.8: 614.83-614.87

А. А. Жаулыбаев, Д. Б. Фазез

Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина МЧС РК

РАЗРАБОТКА МЕТОДИКИ РАСЧЕТА СИЛ И СРЕДСТВ ДЛЯ ЛИКВИДАЦИИ ЛЕСНОГО ПОЖАРА – АТРИБУТЫ НАУЧНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ И ОБЩАЯ ПОСТАНОВКА НАУЧНОЙ ЗАДАЧИ

Система гражданской защиты является основным инструментом реагирования на чрезвычайные ситуации и во многом от способности системы эффективно выполнять свои задачи по предназначению, зависит и степень защищенности населения и территорий при чрезвычайных ситуациях различного характера. Логика развития системы предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций предполагает использование инновационных научных методов при планировании мероприятий территориальной подсистемы гражданской защиты Костанайской области. Одним из направлений развития является разработка научно-методических инструментов для планирования необходимых сил и средств для ликвидации лесных пожаров.

Актуальность обоснование группировки сил и средств для ликвидации лесного пожара обусловлена наличием противоречия между необходимостью количественного обоснования группировки сил и средств привлекаемой для ликвидации ЧС и недостаточным научно-методическим обеспечением, позволяющим рассчитать силы и средства

для ликвидации ЧС с учетом особенностей территориальной подсистемы гражданской защиты Костанайской области.

Проблеме обоснования группировки сил и средств на чрезвычайные ситуации посвящены работы множества отечественных и зарубежных авторов, таких как Акимов В. А., Воробьев Ю. Л., Баратов А. Н., Повзик Я. С., Фалеев М. И., Братков А. А., Мажуховский Э. И., Овчинников В. В., Бейкер У, Стефенсон Р. С., DohertyNeilA., HomerRobertson, XinhuaHe и др.

Однако, несмотря на большую научную ценность указанных работ, в них не ставилась комплексная научно – техническая задача разработки методики расчета группировки сил и средств для ликвидации лесного пожара на территории Костанайской области.

Объектом изучения являются территориальная подсистема гражданской защиты Костанайской области.

Предмет изучения алгоритмы обоснования группировки сил и средств на тушение лесных пожаров.

В свою очередь объект и предмет исследования позволили определить цель исследования суть, которой заключается в повышении степени защищенности населения и территории через планирование группировки для ликвидации лесных пожаров.

Цель исследования предполагает рассмотрение следующих частных вопросов:

- анализ территориальной подсистемы гражданской защиты Костанайской области;
- определение методики расчета группировки сил и средств для ликвидации лесных пожаров на территории Костанайской области;
- обосновать группировку сил и средств на тушение лесных пожаров на территории Костанайской области.

Теоретическая значимость заключается в том, что в ходе исследования определена важность своевременного привлечения сил и средств, также полученные результаты будут основой планирования и оценки эффективности территориальной подсистемы гражданской защиты Костанайской области.

Научная новизна заключается в том, что впервые разработана комплексная методика расчета сил и средств, необходимых для тушения лесных пожаров на территории Костанайской области.

Практическая значимость научной работы определяется его прикладным характером и заключается в том, что выводы, предложения и практические рекомендации, сформулированные в работе, могут быть использованы:

- в нормативно правовых актах по совершенствованию государственной системы гражданской защиты;

– в практической, теоретической деятельности территориальной подсистемы гражданской защиты по выявлению, обнаружению и предупреждению крупных лесных пожаров;

– в процессе научных исследований и преподавания в Академии гражданской защиты на кафедре оперативно – тактических дисциплин.

Список литературы

1. Акимов В. А. Экономические механизмы управления рисками чрезвычайных ситуаций / В. А. Акимов, В. Я. Богачев, В. К. Владимирский, В. Д. Новиков, В.В. Лесных, А.В. Шевченко / МЧС России. – М.: ИПП «Куна», 2004. – 312 с.

2. Воробьев Ю. Л., Акимов В. А., Соколов Ю. И. Лесные пожары на территории России: Состояние и проблемы / Под ред. Ю.Л. Воробьева, МЧС России. – М.: ДЭКС-ПРЕСС, 2004. – 312 с.

3. Баратов А. Н. Пожарная безопасность: [Учеб. пособие для всех техн. вузов] / А. Н. Баратов, В. А. Пчелинцев. – М.: АСВ, 1997. – 171 с.

4. Повзик Я. С. Справочник РТП. – М.: Спецтехника, 2001. – 361 с.

5. Буланенко С.А. Защита населения и территорий в чрезвычайных ситуациях / С. А. Буланенко, С. И. Воронов, П. П. Голубченко и др.; Под общ. ред. М. И. Фалеева. – Калуга: ГУП «Облиздат», 2001. – 480 с.

6. Мажуховский Э. И. Наставление по организации и технологии ведения АСДНР при чрезвычайных ситуациях. Часть 2: Организация и технология ведения АСДНР при землетрясениях./ Э. И. Мажуховский, А. А. Братков, В. В. Овчинников. – М., 2000. – 204 с.

7. Дурнев Р. А., Верескун А. В., Жданенко И. В., Чумак С. П. О принципиальной невозможности достоверного расчета сил и средств выполнения аварийно-спасательных и других неотложных работ в настоящее время // Проблемы безопасности и чрезвычайных ситуаций. – М.: ВИНТИ РАН, 2011. – № 2. – С. 10-13.

8. Тербнев В.В. Справочник руководителя аварийно-спасательных работ. – Екатеринбург: «Калан», 2012. – 496 с.

*Жеңісбек Қадырұлы
Павлодар қаласы «Әскери Даңқ» музейінің директоры*

ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЕРЛІГІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ӘСКЕРИ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ

Батырлық пен батылдықтың, ұлтын сүйіп, халқын қадірлеудің ерен үлгісін көрсеткен ұлы тұлғалардың бірі – Бауыржан Момышұлы.

Ақиық ақын М. Мақатаевтың:

*Қандай сый тартсам екен, аға, саған,
Бір сый бар, аға саған тартылмаған!
Ұрпақтар аңыз етіп айта жүрер,*

Сыйдан да он есе артық даңқын маған,- деуі хас бастырдың қазақпен қатар мәңгі жасайтынын көрсетсе керек. Бауыржан Момышұлының батырлығы мен дарынының тұтасқан сипатынан қазақ өркениетінің арғы-бергі тарихындағы дара тұлғалар дәстүрінің жалғасын танимыз. Көсем тұлғалы қайраткерлігі мен жауынгер қолбасшылығына шешендік қасиеті қоса дарыған ол қазақ әскери ғылымын ұлттық және жалпы адамзаттық деңгейде танытты.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған.

Бауыржан Момышұлы – Қазақ елі тарихындағы қолбасшылар – Салқам Жәңгір, Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлы, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Қаракерей Қабанбай, Шақшаұлы Жәнібек, Шапырашты Наурызбай және Ертіс –Баян өңірлерін қорғаған ержүрек Қанжығалы Бөгенбай, Ер Олжабай, Бәсентин Малайсары, Ер Жасыбай сынды батыр қолбасшылардың әскери-жауынгерлік әдістерін зердесіне тоқып өскен, ұлттың елдік, ерлік дәстүрлерін терең сезіммен сүйіп, құрметтеп өткен халық перзенті.

Қазақ халқының көп ғасырлық тарихындағы арғы-бергі әскери-жауынгерлік дәстүрлерді ХХ ғасырдағы соғыс мамандарымен ұштастыра білген Отанымыздың дарынды перзенттері Мәлік Ғабдуллин, Хиуаз Доспанова, Ақима Ақжолова, Рахима Жанбекова, Мариям Сырлыбаева, Орынкеш Мысырова, Шәкір Ботаханова, Бикен Садуақасова, Рәхила Ералина, Мәлікә Тоқтамысова, Жамал Байтасова, Күлкен Тоқбергенова, Гүлжамила Талқанбаева, Жамилә Байсенбаева және «шығыстың қос жұлдызы» атанған қазақ қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк

Мәметова, Павлодарлық Бақыт Хайдаров, Несіпбек Баязитов, Сапар Рубаев, Ханаш Хамзин, Махмұт Қайырбаев, Әбілқайыр Баймолдин, Рахымжан Қошқарбаев сынды ерлеріміз – біздің ұлттық мақтанышымыз.

Қазақ халқының қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы, сынды дара тұлғалар тағылымы арқылы тәуелсіз қазақ мемлекеттілігін әлем өркениеті кеңістігінде нығайта танытамыз. Бұл- біздің «Ер тарихы – ел тарихы» -дейді дана халқымыз.

Еліне паналы қорған болған батырлардың, халық қаһармандарының өнегелі өмірлерін еске алу, оларды болашаққа ұрпақтарымызға үлгі етіп, оларды отан үйгіштікке тәрбиелеу біздің басты борышымыз.

Қазіргі күні жас ұрпаққа адамгершілік, азаматтық және патриоттық тәлім-тәрбие беру ісін кешенді, жүйелі түрде жүзеге асыру негізгі мәселелердің бірі болып тұр. Осы мәселені шешуде жас ұрпақты патриотизмге, азаматтыққа тәрбиелеу жүйесін құру қазақстандық педагогиканың басты проблемаларының бірі болып саналады. Қазақ энциклопедиясында «патриотизм дегеніміз грек тілінен аударғанда отандас, Отан, туған жер, отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, ана тілін, елінің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалаптаса бастайды», деп көрсетілген.

Рухани құндылық адамзат болмысы мен іс-әрекетінің барлық жағын қамтитындығын жоғарыда көрсеткендей, ол патриотизм сезіміненде тыс қалмайды. Патриотизм – халықтың тәлім-тәрбиелік дәстүрде жүргізілген ұлттық тәрбие негізінде қалыптасып, тектілікке жеткізер рухани құндылық, адам мен қоғамның алдына жеткізер киелі қасиеті.

Ерлік, батырлық көріністері арқылы патриотизмге тәрбиелеу, жас ұрпақты отан сүйгіштікке өз тарихын, қайраткерлерін құрметтеуге баулу халықтың мәдени-этникалық тектестегі тарихи оқиғаларын үнемі еске алу, халықтың рухани құндылықтарына адалдықты сақтау, ұлттық батырлар мен кеменгерлерді құрметтеу нәтижесінде пайда болады.

Қазіргі таңда ұлттық патриотизмді қалыптастыру мәселесі.

Қазақ тағылымының ұстанған негізгі бағыты – ата-бабалардың үлгі-өнегесі, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке, дербестікке ұмтылысы. Бұл алдан күткен арманы, ойға алған негізгі мақсаты. Тәрбие – ұрпақ үшін күрес құралы. Қазақ өмірі – тәрбие оқулығы.

Біздің халқымыз ерте заманнан бері бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, жас жеткіншектің нағыз адам болуына өз қамқорлығын жасаған. Сондықтан «Баланы жастан» деген нақыл сөз қалдырған. Жас баланы жастайынан өз ана тілінде сөйлетіп, таза сөйлеуге, еңбекке, кішіпейілділікке, үлкенді сыйлауға үйретуде халық педагогикасының

алатын орны ерекше. Сондықтан да мектеп өзінің тәрбие жұмысын атқаруда, оқу үдерісі барысында өзге жол іздемей-ақ халық педагогикасына бой бұруы керек. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, эстетикалық тәрбие жұмысы оқушының өмірінде маңызды рөл атқарады. Себебі эстетикалық тәрбие әр баланың бойында өмірлік белсенді позиция қалыптастыруда, ел алдындағы, ата-ана алдындағы борышына саналы қарауға зор ықпал жасайды. Эстетикалық тәрбие жоғарыда айтылған салт-дәстүр, тіл өнері негізінде жүргізілген уақытта ғана оқушыға үлкен әсер етеді. «Отанды сүю от басынан басталады» деп ұққан ата-бабаларымыз отансүйгіштік қасиетті ата-ана, ауыл-аймақтың, елінің намысын қорғауды өз ұрпақтарына бірінші парыз ретінде ұқтырып өсірді.

«Еліңді сүйсең ерлік істейсің», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Туған жерге ту тігу – елім деген азаматтың борышы» дегенді өздерінің ұл-қызының санасына үнемі сіңіріп отырған. «Ер намысы – ел намысы», «Ер – намыстың құлы», «Арың үшін алысу – азаматтық», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәңгілік тәрбие қағидасына айналды. Ерлік дегеніміз ұлттық тәрбие тағылымының, салт-дәстүрдің, тұрмыс-тіршіліктің негізгі тұтқасы болып саналады.

Батырлықтың ерекше белгісі соғыс жағдайында көрінеді. Батыр – соғыс өнеріне, стратегиясына жетік, ірі шайқастарды жеке ерлігімен де, өзіне қарасты әскери топты басқара білумен де көзге түсіп, халық таныған адам. Батырдың бар ғұмыры ел қорғауға, жорыққа бағышталады.

Жүзжылдықтар бойы қалыптасқан тәрбие дәстүрлеріне орай, батыстың дарашылдық үлгісі қазақстандық қоғамда тамыр жая алмады. Қазіргі заманғы дүниеде әрбір елдің өз ұлттық мүдделерін, өзіндік ерекшелігін қорғауы – бұл мемлекеттік саясат пен халықаралық қатынастардың маңызды құрамдас бөлігі. Сондықтан дерексіз қоғам тұлғасын бағдар ететін тәрбие жеткілікті тиімді емес. Бұндай тәрбие нәтижесінде қара басының мүдделерін күйттеуші дерексіз «азаматтық қоғам» өкілдері шығады. Сол себепті бүгінде біз қоғамды осындай дәрежеге жеткізбеуіміздің жолын іздеуіміз қажет.

Осыған орай ғалым Жұмабек Кенжалиннің әділ атап кеткеніндей: «Қазақстандық патриотизм жалаң ұран, сөзуарлықтың жиынтығынан ада болуы тиіс. Себебі әлеуметтік әділетсіздік, принципсіздік орын алған жерде халықтың патриоттық сезімін оятатын факторлар жойылады. Ал ондай сезімі, отаншылдық рухы сөнген елдің болашағы да бұлыңғыр болатынын тарих дәлелдеп отыр. Сондықтан, біздің ойымызша, қазақстандық патриотизмнің дәстүршілдік және жаңашылдық сыпатына айрықша назар аударып отырған абзал».

Патриотизмді қалыптастыру – бұл мемлекеттік міндет, қоғамның әлеуметтік тапсырысы. Патриотизм өмірдің, жағдайдың, оқиғаның барлық жекелеген қырлары мемлекеттің, Отанның, Атамекеннің тұтастығы мен бірегейлігімен тікелей байланыста алып қарастырылатын қоғамдық қатынастардың мәні мен құндылықтарын зерделеу тәсілі ретінде көрінеді. Патриотизмді тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін діттейді, өйткені оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел, жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады.

Шынайы патриотизмді жаңғырту – Қазақстанды жаңғыртуға жасалған қадам. Дәл осы патриотизм халықтың рухани игілігі, қоғамдық сана мен қоғамдық және мемлекеттік жүйелер тұғырының негізгі элементтерінің бірі болып табылады, олардың тіршілік әрекеті мен тиімді қызметінің рухани-өнегелік негізін құрайды. Шынайы патриотизмді жаңғырту – Қазақстанды жаңғыртуға жасалған қадам. Дәл осы патриотизм халықтың рухани игілігі, қоғамдық сана мен қоғамдық және мемлекеттік жүйелер тұғырының негізгі элементтерінің бірі болып табылады, олардың тіршілік әрекеті мен тиімді қызметінің рухани-өнегелік негізін құрайды.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық тәрбиені қалыптастыруда ана тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең-жырлары, шешендік сөздері бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор.

Музей қызметкері ретінде айтатын болсам, көптеген жастарымыз әдеби кітап оқуға қызығушылықтары аз. Оның есесіне әлеуметтік желілердегі тәрбиелік мәні жоқ нәрселерді қарап уақыттарын босқа өткізуде. Сондықтан «Жас ұлан» әскери-патриоттық клубын құру арқылы оқушылардың тәрбиесін жақсартуға болады. Барлығы бір атаның баласындай тату-тәтті болып іс-шараға, түрлі дайындық жұмыстарына белсене қатысса алмайтын қамал болмайды. Ақпарат заманында оқушылардың көңілін елжандылыққа бөлу үшін осындай дүниелер көптеп керек. Осылай жалғастыра берсе, болашақта биік жетістіктерге жетеміз. Бастысы оқушыларда патриоттық рухта тәрбиелеуге өз үлесімізді қосуымыз керек.

Қазақ халқының намысын қорғаған батыр да батыл аға-апаларымыздың ерен ерліктері ой санамызда тұрып, олардың батылдық іс – әрекеттерінен өзімізге тәлім-тәрбие алып, мақтан тұтамыз.

Ұлы тұлғалардың ерлігі және мемлекеттік-әскери қауіпсіздікті қалыптастырудың патриоттық негіздері мен болашақтағы жас ұрпаққа үлгі болар батырларымыз есімі ешқашанда ұмтылмас.

«Ұлттық тағылым» деген ұғым – әр халықтың ғасырларға ұласып жатқан тәрбие үлгісі, бала тәрбиесіне қолданылатын әдіс-тәсілі, үлгі-өнегесі, сондықтан да ұлттық тәрбие деген сөздің мағынасы әлдеқайда кең. Себебі ол бүкіл ұлтқа тән қасиеттердің бәрін қамтиды. Оған әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылықтық, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрлер, тағы басқа ұғымдар кіреді. Жалпы ұлттық тәрбие арқылы жастарды, кейінгі буынды, патриотизмге, ұлтаралық татулыққа баулуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2008-2010 годы. – Астана. – 10 с.

2. Назарбаев Н. А. Казахстан – 2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. – Алматы: Казахстан, 1997. – 176 с.

3. Сәнік З., Садықан Б. Қаракерей Қабанбай батыр. – Алматы: Жазушы, 1991. – 174 б.

4. Иманбетов А.Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру: П.ғ.к. ... автореф. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 30 б.

5. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. – 10 қаңт. – № 6. – 2-б.

6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қ. Қазақ тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы: Санат, 1995. – 350 б.

7. Ұзақбаева С. А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

*С. Кувандықов, 2-ші курс студенті,
Ғылыми жетекшісі: Г. Б. Ахметова
Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау Университеті*

ҚАСЫМНЫҢ ЖҮРІП ӨТКЕН ҚАЙСАР ЖОЛЫ

Қасым Қайсенов көзі тірісінде-ақ аңызға айналды. Ұлы Отан соғысының батыр-партизаны, көптеген наградалармен марапатталған, «Халық қаһарманы» орденінің иегері. Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, А. Фадеев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Ұлы Отан соғысының ардагері. Атақты жауынгер бейбіт заманда қазақтың ең танымал жазушысы болды. Соғыстан кейінгі ұрпақтың ұлдары оның шығармалары арқылы өсіп, жетілді.

Өзі арбағандай ажалдан талай рет құтылды. Украинада Қасым Қайсенов партизан отрядтарын құрып, диверсиялық жұмыстар жүргізді. Партизандар мұқият дайындалды: олар мина мен жарылғыш заттарды, қаруды қолдануды үйретті. Әйтпесе, ол күнделікті партизандық өмірге төтеп бере алмас еді: ұшақтан жау шебінің артына секірген адамның техникасы салмағы 80 кг-ға дейін жетеді. Оқ-дәрілердің ішінде пулемет, гранаталардың бумалары, оқ-дәрілер және т. б. Әуеден радиооператор ауыр рациямен лақтырылды - оны құтқарып, аман қалу керек болды [1].

Қасым Қайсенов (қазақ Қасым Қайсенов, 23.04.1918, Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы — 30.12.2006) — кеңес және қазақ жазушысы, Ұлы Отан соғысындағы партизан қозғалысына қатысушы. Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы (1995). А. Фадеев атындағы халықаралық әдеби сыйлықтың лауреаты. Сарыжомарт руынан шыққан.

1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Асубұлақ ауылында дүниеге келген. 1934 жылы мектепті бітіріп, Өскемен қаласындағы саяси-ағарту техникумына оқуға түседі. 1938 жылы техникумды бітіргеннен кейін Павлодар облыстық халық ағарту бөлімінде нұсқаушы болып жұмыс істеді, осы жерден 1940 жылы Қазақ КСР Павлодар облысы Павлодар ГВК әскерге шақырылды, содан кейін А. әскери барлау мектебіне жіберілді. Ол 1941 жылы 498-ші артиллериялық полктің құрамында Черкасы маңындағы Киев маңында отқа шомылды. Қоршауға алынды. 1941 жылы қарашада әскери барлау училищесін бітіргеннен кейін солтүстік-батыс майданының штабына жіберілді, ол жерден арнайы тапсырма алып, оккупацияланған Украина аумағында партизан қозғалысын ұйымдастыру үшін жау шебінің артына

лақтырылды. Бұл жерде Қасым Қайсенов Чапаев атындағы № 3 отрядты басқарды.

Қайсенов Украинада партизан отрядтарын ұйымдастырып, сонымен бірге диверсиялық жұмыстармен айналысты. Партизандар мина, жарылғыш бизнес, әртүрлі қару-жарақтарды иемдену бойынша машықтанған. Қасым Қайсенов жаратылысынан батыл, дене бітімі мықты адам болған. Ол кезде жау тылына лақтырылған адамның партизандық техникасы 80 келі – пулемет, оқ-дәрі, граната, т.б. Егер радиооператор секірсе, онда ол үлкен рацияны алып жүрді [2].

1943 жылы 1 наурызда Закарпатье партизандық жасағының №6 отрядына, кейінірек лейтенант, отряд командирі. Молдова мен Румыния аумақтарындағы партизандық операцияларға қатысты. Кейінірек, 1944 жылы 21 шілдеде ол Карпатқа отрядпен парашютпен түсіп, Чехословакиядағы партизан қозғалысын ұйымдастыруға қатысады. Ол өз тобының негізінде 60-қа дейін жергілікті тұрғындардан тұратын партизан отрядын құрады. Ол белсенді ұрыс қимылдарын жүргізіп, неміс және венгр әскерлеріне үлкен зиян келтірді. Ұрыстар мен диверсияларда 7 вагон пойызын, 3 паровозды, 6 вагонды, 1 зениттік пулеметті, 65 жауынгерді жойып, жеке қаруынан жаудың 11 жауынгерін жойды. 4-ші лейтенант Қайсымов 3-дәрежелі Богдан Хмельницкий орденімен марапатталды.

Ол отряд командирі ретінде жүзден астам әскери іс-қимылдар мен диверсияларға қатысқан. Соғыс аяқталғаннан кейін Қ. Қайсенов Қазақстанға оралып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы аппаратында жауапты қызметкер болып қызмет атқарды. Жамбыл облысы Жуалы, Свердлов аудандары аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқара жүріп, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіруге белсене араласты. 1951-1954 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы екі жылдық партия мектебінің аудармашылар бөлімінде оқыды. 1953-1972 жылдары «Жазушы» баспасы директорының орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы көркем әдебиетті насихаттау бюросының директоры, «Қайнар» баспасы директорының орынбасары қызметтерін атқарды [3].

Соғыстағыдай соғыста: драмалық эпизодтар болды, бірақ кейде күлкілі оқиғалар болды. Қасым Қайсенов табиғи батылдығымен ерекшеленді, дене жағынан мықты болды. Әдетте партизандарды таң атқан бойда орманға тастайтын. Кезек Қасым Қайсеновке жетті.

Бұл Батыс Украинада, Мукачево облысында болды. Қасым ұшақтан секіріп түсті, бірақ жерге жете алмады – ол шіркеудің дәл күмбезіне жетті, сызықтар крестке шатастырылды. Жерден адам Мәсіх сияқты айқышқа шегеленгендей көрінді. Жағдайдың үмітсіздігі күмбез беті толығымен

тегіс және тайғақ болғанында жатыр. Ал босаса да Қасым босап, құлап қалатын. бақытымызға орай, ауыл саңырау болып шықты және немістер басып алған жоқ, олар инфильтраторды тауып, оны күмбездің үстіне атып тастауы мүмкін еді. Парашют сызығына оралған Қасым пышаққа жете алмай, таң атқанша ілулі тұрды. Таң атып, ауыл тұрғындары шіркеуге қол созды. Қарттар бірінші болды. Қасым шарасыздан айқайлай бастады: «Адамдар! Мені түсір! Адамдар!». Ауыл тұрғындары бастарын көтеріп, ... тірі атқышты көрді! Қарттар тізе бүгіп, дұға оқи бастады, әйелдер жоқтап, жылады. Қасым Қайсенов көмек сұрап жылай берді, кеңес жауынгері екеніне көндірді, сендірді. Халық оның партизан екенін ақыры түсініп, оларға көмектесті.

Осылайша Қасым Қайсеновтің партизандық өмірбаяны мен оның әскери даңқы басталды. Ал кейбір жергілікті тұрғындар мұны көктен келген хабаршы деп есептей берді. Украинада беске жуық неміс дивизиясы болды, оларға Ковпак бастаған, саны мен ұйымы жағынан тұрақты әскерлерге тең үлкен партизан әскері қарсы тұрды. Немістер Украина аумағында үлкен шығынға ұшырады. Осы жұмыс күндері мен күнде дерлік жауға қарсы шабуылда Қасым Қайсеновтің есімі аталып өтті.

Оны жергілікті тұрғындар қатты жақсы көретін. Оның үстіне азиялық жігіт атанған Василий есімі адамдарға тыныштық міндетті түрде келетініне сенім ұялатты. Қасым-Васяның өзі жергілікті тұрғындар үшін қамқоршы періштеге, қауіпсіздік пен жеңістің символына айналды. Ол сәттілік әкелді.

Қасым Қайсенов Ұлы Отан соғысының ең қиын кезеңдерін, қатардағы жауынгерлердің жанқиярлық ерлігін шынайы суреттеген көптеген шығармалардың авторы. Оның алғашқы кітабы «Жас партизан» 1954 жылы жарық көрді. Одан кейін «Илько Витряк», «Переяславль партизандары», «Өлім аузында», «Жау шебіндегі бала», «Днепрде», «Жау тылында», «Партизан жолдары» кітаптары және көптеген т. б. әңгімелер, эсселер, әңгімелер жинақтары. Жазушының көптеген шығармалары орыс, украин және басқа да тілдерге аударылған. Жақында жазушының «Елімнің болашағына сенемін» және «Естеліктер мен жазбалар» атты кітаптары жарық көрді [4].

Цицерон айтқандай, «Тарих – өткеннің куәсі, шындықтың нұры, тірі жад, өмірдің ұстазы және көне заманның жаршысы». Дәл сол жерде есте сақтау фрагменттерінің арасында адам тағдырының хикаялары, миллиондаған негізгі шындықтар мен негізгі сұрақтарға жауаптар сақталған. Қасым Қайсенов өз шығармаларында 20 ғасырдың басындағы қазақтардың өмірін («Балалық шағымның елі» повесі) баяндап берді, сонымен қатар Ұлы Отан соғысының ең қиын кезеңдерін, негізгі ойларымен шынайы әрі егжей-тегжейлі сипаттайды. Мақсаты: адамзатқа

тарихты ұмыттырмау, өткендегі өлім қателіктерін қайталамау. Қасым Қайсенов – Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысының ардагері. Оның регалиялары мен наградаларының тізімі тұтас бір абзацты алады және бірінші рет еске түсіру мүмкін емес: А. Фадеев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты «Отан» орденімен, II дәрежелі Богдан Хмельницкий ордендерімен, екі Отан соғысы ордендерімен марапатталған. I және II дәрежелі Чехословакия партизаны, екі I дәрежелі «Отан соғысының партизаны» медалімен және Кеңес Одағының он бес басқа медальдарымен, үш мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасымен марапатталған. Украина КСР-нің II және III дәрежелі Құрмет ордендерімен марапатталған.

1940-41 ж. Әскери барлау мектебінде білім алған. 1941 жылы қарашада Оңтүстік-Батыс майданының штабына жіберілді. Арнайы тапсырмамен жау басып алған Украина жеріне ауыстырылды. Мұнда Қасым Қайсенов Чапаев партизандық жасағының үшінші отрядын басқарды. Оның ерліктері керемет болды. Ең таңғаларлығы Букринский плацдармының басып алынуы, Белая Таня концлагерінен жеті жүзден астам саяси тұтқынның босатылуы және Днепрден өтуі болды.

Белая Таня концлагерінде 700-ге жуық тұтқын болған. Шегіну кезінде немістер барлығын жоймақ болды, тәсілдер миналанды. Васяның партизан отряды тұтқындарды босатты. Қасым Қайсеновтің бұл ерлігі КСРО Қорғаныс министрі, маршал Андрей Гречконың «Карпат арқылы», генерал Владимир Лавриненковтың «Аспанға оралу», әскери тарихшы Анатолий Уткиннің «Шығыс зонасы шабуылы» және кітаптарында сипатталған. басқа жұмыстарда. Бәлкім, Қасым-Вася жеңістен кейін украин партизандарымен бірге қалған болар.

Қасым Қайсеновтің тілі әскери адам болғанымен, жақсы жазуға талпынып, тынымсыз ізденіп, өз ойын қарапайым сөйлемдермен жеткізе отырып, бірте-бірте өзіндік эссе жазу мәнерін дамыта түсті. Ол ең бастысы – партизандардың өмірін, олардың күресі мен ерліктерін қалай түсінсе де, ең үлкен соғыс оқиғалары туралы адамдар білуі үшін егжей-тегжейлерді жіберіп алмай, фактілерді хабарлау деп есептеді. Қасым ағаның кітаптары өте танымал болды. Бірақ оның туыстары білетін: оның жаза алмайтын және айта алмайтын бір нәрсе бар. «Мені бірінші өлтірілген немісті ұмытпа. Міне, менің диверсант ретіндегі шеберлігім осында пайда болды. Жаттығу және реакция көмектесті. Мен оның дәл жүрегіне пышақ сұғып алдым. Соғыста әр күн – өлім. Онсыз бір күн өте сирек. 1941-42 жылдары жауды тұтқынға алмау туралы бұйрық шықты. Мен адамды өлтірудің 124 әдісін білемін. Соғыс кезінде біз

қатыгездігімізден оздық. Бір ғана тілек болды - кек алу. Біз зорлық-зомбылық жасап жатырмыз деп ойламадық. Жүрекке ауыр кінә басады, оны ақтауға болмайды. Менің қолымнан жүз адам өлді. Шарап жанды кеміреді, өлтірілгендердің қанымен мені қуады. Жібермейді. Өмірімнің соңғы сағаттары азапты, ал өлім қорқынышты болатынын білемін. Ал менің жаным үшін тәубе жоқ» [5].

Қаншама адамды жау болса да өлтіру оған қаншалықты ауыр болғанын өлім аузында жатқанда ғана мойындады. Естеліктер оған азап әкелді, Қасым аға істеген ісіне қатты өкініп, Алладан кешірім сұрады.

Әдебиеттер тізімі

1. Марғұлан Ә. Х., Ақышев Қ. А., Қадырбаев М. Қ., Оразбаев Ә.М. Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 435 б.
2. Кастанье И.А. Қырғыз даласы мен Орынбор өлкесінің көне жәдігерлері. 2-ші басылым. – Алматы: Дайк-пресс, 2007. – 516 б.
3. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиялары», 2011. – 880 бәс. ISBN 9965-893-73-Х. — С.473-474.
4. Қазақстанның партизандары. – Алматы: Жазушы, 1965.
5. Чистяков М. И. Дала сұңқары: Қ. Қайсенов туралы поэма. – Алматы: Жалын, 1981.

УДК 94 (574)

А. С. Кушкинбаев, магистрант

Кокшетауский Университет имени Шокана Уалиханова

ГЕРОЙ ТРУДА – ГЕРОЙ НАРОДА

Говоря о героизме великих личностей, люди часто уходят глубоко в историю. В этом докладе хотелось бы рассказать о Герое Труда современного Казахстана, деятеле сельского хозяйства, директоре ТОО «Алтынсарино – Князеве Борисе Павловиче.

Род Князевых на казахстанской земле начался очень давно, еще до стольпинской аграрной реформы – во второй половине XIX века. Младшего гвардейского офицера Лейб-гвардии Семеновского полка Прокофия Князева сослали в отдаленные степи (ныне – Атабасарский район Акмолинской области) за любовь к женщине не по рангу. Подробности о ранней жизни этого человека неизвестны. Прокофий

Князев поселился в одном из сел Атбасарского уезда. Здесь он занимался земледелием и скотоводством, да не просто так, а сортоиспытательной и племенной работой, что являлось необыкновенной редкостью для тех мест. Огромным увлечением Прокофия на новом месте стали верховые лошади – он со знанием дела разводил иноходцев. Большая библиотека была гордостью и признаком богатства.



Фото - Князев Борис Павлович, директор ТОО «Алтынсарино»,
Камыстинского района, Костанайской области

В 1887 году у Прокофия родился старший сын Николай, позже еще двое сыновей. Семья жила зажиточно, скот возили на продажу в Санкт-Петербург. До самой смерти Прокофий был главой рода, его решения выполнялись беспрекословно, и уже взрослые сыновья жили в тени могучего старика. Занимаясь крестьянством, Прокофий, тем не менее, уделял большое внимание домашнему образованию и воспитанию сильных характеров у сыновей и внуков.

Вся семья Князевых много работала, потому и жили в достатке. Своими руками выполняли крестьянские работы. Прокофий всегда распоряжался соломой, оставшуюся от молотбы хлеба, складывать в скирды и хранить бессрочно. Как-то скирд на полях набралось много, и молодежь роптала, мол, напрасно тратят силы и время. Но старик был непреклонен. Чутье ему подсказало или большой опыт... Как известно, в 1921-1922 годах в Казахстане был страшный голод, случившийся в результате продразверстки, джута и засухи, из-за которых погибло 80% скота. Однако соседи Прокофия – друзья-казахи – выжили, благодаря этим огромным скирдам. В двадцать аулов Князев передал соломой в весеннюю пору, поддержав жизнь скота до первой травы. В эти два страшных года в Казахстане умерло от голода около одного миллиона человек.

Благодарность соседей не заставила себя ждать. В 1929 году Прокофия и сыновей арестовали как врагов народа – кулаков и посадили в тюрьму в Атбасаре. У Прокофия от побоев отказали ноги, а затем он умер в неволе. Казахи помогли 19-летнему Павлу Николаевичу выкрасть отца и брата из тюрьмы. Под руководством некоего Кайырлы соседи подготовили телеги, четырех лошадей, сбрую, проводили семью своего спасителя до Есиля и наказали ехать в Карабалык – скрываться от властей в лесах. Павел затем отслужил в Советской армии, отбелив семью, и пустил корни в селе Босколь Карабалыкского района, Кустанайской области. На новой малой родине у него родился сын, ныне известный нам как Борис Павлович Князев, генеральный директор крупного и успешного аграрного предприятия – ТОО «Алтынсарино».

«В 1929-м сначала репрессировали русских зажиточных хозяев, затем принялись за казахов, отбирали скот, тогда вымирили целые аулы, снова пришел голод. Наши предки выпили эту горькую чашу вместе. Отец, оказавшийся в самой гуще этих событий, всегда говорил мне правду о нашей семейной и государственной истории. Вот что значит правильное воспитание. Я могу сегодня не очень хорошо говорить о советской власти, но я никогда не стану этого делать. Воспитан по-другому. Это была наша страна, как теперь независимый Казахстан. Что в Казахстане есть плохое – это мое плохое, что есть хорошее – это мое хорошее. Я живу в этой стране, вся семья моя здесь жила и живет. Если здесь плохо, то мы сами несем за это ответственность. Никто к нам не приедет делать хорошо, каждый сам должен стараться для своей страны».

«Дети и внуки праведно живущего человека не останутся без хлеба», – цитирует Борис Павлович Библию. Прокофий жил праведно, помогал соседям, благодаря чему Павел Николаевич спас всю семью от гибели. Теперь потомки Князевых живут с хлебом. И внуки того казаха Кайырлы, несомненно, также живут в достатке [1, с.15].

Так, можно сказать, незначительные, обыденные для них самих, поступки людей влияют на судьбу всего рода и рода своих соседей. Это негласная, но остро ощущаемая ответственность за других перешла от Прокофия к Борису Павловичу. Думается, он во многом похож на своего прадеда: взглядами на жизнь, благородством поступков, даже авторитарным стилем управления хозяйством.

Князев Борис Павлович родился 22 сентября 1947 года в посёлке Бускуль Карабалыкского района Кустанайской области в семье крестьян.

В 1966 году поступил на агрономический факультет Курганского сельскохозяйственного института. Будучи студентом, успешно прошёл практику под руководством знаменитого учёного-агронома, дважды Героя Социалистического Труда Терентия Семёновича Мальцева.

После окончания института год проработал агрономом в родном совхозе Бускульском, а в 1972 году получил назначение на должность главного агронома совхоза им. А. С. Пушкина, Камышинского района, Кустанайской области. Здесь в полной мере проявились его организаторские способности, настойчивость в достижении поставленной цели, умение работать с людьми [2, с.7].

В 1981 году стал директором совхоза им. А. С. Пушкина, а в 1985 году возглавил районное сельскохозяйственное управление.

22 апреля 1987 года вступил в должность директора совхоза им. Ы. Алтынсарина, Камышинского района, Кустанайской области.

В суровые 90-е годы он до последнего держался за государственную форму собственности предприятия, затем отстаивал ставший родным совхоз от разделения, ездил в Костанай выпрашивать запчасти и ГСМ, беря с собой на обед хлеб с салом, в последнюю очередь платил зарплату конторским служащим, а себе порой и не доставалось. Красный директор Борис Князев жил назло всем, тянул ляжку, кормил рабочих и вел хозяйство по своему усмотрению. В декабре 1997 года совхоз был реорганизован в акционерное общество закрытого типа им. Ы. Алтынсарина. В этом же году в его состав вошли АО «Алтынсаринское ХПП» и АО «Три В» [3, с. 691].

Сегодня в ТОО «Алтынсарино» Камыстинского района 120 тысяч гектаров земли в обработке и более 5 000 голов скота, несколько сотен единиц сельхозтехники и более 700 работников. Посевные площади ТОО «Алтынсарино» расположены в Камыстинском районе – это III степная зона, отличающаяся засушливым и солнечным климатом. Зерно здесь дает невысокую урожайность, зато – лучшее качество. Борис Павлович называет эти территории зерновым поясом Казахстана по аналогии с подобными областями Канады, США и Австралии. В 2003 году Борис Павлович посетит в первый раз Канаду, цель поездки – закуп импортной техники для повышения производительности труда на весенне-полевых работах. В 2004 году он отправляет своих двух главных инженеров в Канаду на учебу с таким расчетом, чтобы, когда на наших полях появится новая техника, для наших людей эта техника была не чужда. Таким образом на Казахстанскую землю прибыли первые импортные сельскохозяйственные машины. В 2007 году в п. Алтынсарино началось строительство музея сельскохозяйственной техники и ретро-автомобилей.



Фото - Князев лично проводит экскурсию по музею ретро техники

Особое внимание Князев уделяет развитию инфраструктуры села «Алтынсарино». Облик села меняется с каждым годом, построен физкультурно-оздоровительный комплекс, своя пекарня, кулинария, фонтан, пруд, бассейн, проведен газ. При современном доме культуры кипит культурно-досуговая жизнь для сельчан. Гордость Бориса Павловича – сельский краеведческий музей с уникальной коллекцией «ретро-автомобилей». Для гостей села – это главная достопримечательность. Как депутат областного маслихата, меценат Князев Б. П. внес значительный вклад в социально-экономическое развитие региона. На лацкане костюма у него почти все высшие государственные награды Казахстана, а звание «Қазақстанның Еңбек Ері» с вручением особого знака отличия «Алтын жұлдыз» и ордена «Отан» Борис Павлович получил из рук первого Президента Казахстана Н. Назарбаева и это не единственные его награды так же у него есть:

- Орден Курмет
- Медаль «За трудовую доблесть»
- Медаль «За освоение целинных земель»
- Юбилейная медаль «Тыңға 50 жыл»
- Памятная медаль «Астана»
- Нагрудный знак «Почётный работник образования РК»
- Почётная грамота Президента Республики Казахстан
- Лауреат премии «Шапағат-2007»

Таким образом, хотелось бы сказать, что Борис Павлович является олицетворением современного патриотизма, его широта понимания границ своей родины, степень любви к своим землякам и соотечественникам, а также перечень каждодневных деяний, направленных на поддержание в должном состоянии и развитие его территории и проживающих на ней жителей - все это определяет степень его патриотизма, является критерием уровня его истинно патриотического

сознания. Чем шире территория, которую патриот считает своей родиной (вплоть до границ своего государства), чем больше любви и заботы он проявляет к своим соотечественникам, чем больше каждодневных деяний он совершает для блага данной территории и ее обитателей по нарастающей (свой дом, двор, улица, район, город, область, край и т.д.), тем больший патриот данный человек, тем выше и истинный его патриотизм.

Список литературы

1. Князев Б. П. Том 1 Жизнь своим аршином мерю. – Костанай, 2022. – 15 с.
2. Стадниченко Н. Человек, который умеет жить // Костанайские новости. – 2017. – № 26 – 7 с.
3. Князев Б. П. Том 3. Жизнь своим аршином мерю. – Костанай, 2022. – 691 с.

ӘОЖ 94 (574)

*Қ. Б. Малдыбаев, әскери педагогика және психология кафедрасы
ТжӘҚЖ циклінің аға оқытушысы, магистр
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Академиясы*

КЕҢІС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫР-ТӘРБИЕШІСІ

Қазақстан көне түркілердің, әлемде аты шыққан қағандар мен алтын орданын, бүкіл әлемді дүрсілкіндірген алаш ұрпағымыз. Осындай ұлы мемлекеттен әлемге өзінің ерекше дарынымен көзге түсе білген танымал алып тұлғалар жетерлік, оған көп мысал бар: көнеден келе жатқан әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насыр Әл-Фарабиден бастап бүгінгі күнде қазақ туын желбіретіп жүрген қазақ батырларын айтпасақ айып болады. Соның ішінде өзінің даралығымен ерекшеленген қазақ батыры, кеңес одағының батыры атанған жалғыз қазақтан алған аға политрук Мәлік Ғабдулин.

Ел басына күн туғанда қолына найза алып, жауға тіке шабатын, қолынан қаламын тастамайтын батыр, әрі жазушы, сегіз қырлы бір сырлы алаштың ардақтысы Мәлік Ғабдулин. 1915 жылы қарашаның 15 жұлдызында Ақмола обылысы Зеренді ауданында Қойсалған ауылында өмір есігін ашып дүниеге келген, қоса кетсек ауылдастарының айтуына қарағанда, батырымыз дүниеге келген кезде табиғаттын өзі ерекше күйге

бөленді дейді, сол сәтте ауыл ақсақалдары қазаққа алып тұлға батыр келді деген. Сол түні Мәліктің атасы қанжығасына қасқыр байлап атып әкелген делінген. Сол сәтте атасы батырды қолына алып, еліне жан беретін, елін қорғайтын батыр дүниеге келді деп қуанған. Мәлік жастайынан алғыр батыр бала бола білген. Жастайынан сол замандағы Алаштың қаймақтарының көзіне түседі. Оған дәлел Сәбит Мұқанов батырымыздың білім алып жатқан ордасына келген кезде, Сәбиттің шығармаларын тым ерекше жеткізіп жатқанын естіп, таңғалған екен, ол кезде Мәліктің жасы не бары 14 жаста болған, оны кейін өз шығармаларында белгілеп кетті..

1935 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын тәмамдаған соң, 1935-1937 жылдар аралығында әскери борышын өтейді (1937 жылдың қарашасына дейін Өзбек ССР-і Ферғана қаласында Отан алдындағы борышын өтеді). Әскерден келгеннен соң 1937 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер болып еңбек етеді.

1938 жылы «Қазақстан пионері» газеті редакторының орынбасары қызметінде, одан КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалындағы Тіл және Әдебиет Институтында ғылыми қызметкер болады. 1938-1946 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазПИ-де аспирантуралық дәреже бойынша білім алады. Жас аспирант кандидаттық диссертация тақырыбы ретінде «Қобыланды батыр» эпосын таңдап алып, халқымыздың ауыз әдебиетіне, оның ішінде ұлттық фольклор тұнығына тереңінен бойлайды. Бірақ сәтті басталған диссертациялық жұмысын аяқтағанымен, қорғауға мүмкіндігі болмайды. Себебі дәл сол кезде сұрапыл соғыстың оты тұтанған болатын.

1941-1945 жылдар аралығында Мәлік Ғабдуллин Ұлы Отан соғысына қатысады. 1941 жылдың қыркүйегінен бастап соғыстың соңына дейін фашистік күштерден Отанды қорғау борышын абыроймен атқарады. Аға политрук болады. Майданда И. В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияда жауға қарсы шайқасады. 1942 жылы Новгород облысына қарасты Холм қаласының маңында болған ұрыста Мәлік өздерінен күші басым фашистердің күшімен соғыс жүргізу барысында солдаттардың біразына басшылық етеді. Кескілескен ұрыстың нәтижесінде жаудың екі таңкісін гранатамен жарып, жаудың 12 солдатын тұтқынға алады. Ұрыс кезінде Мәлік Ғабдуллин жарақат алады, алайда алған жарақатына қарамастан, ол сарбаздарды тастап кетпей қайта жауға қарсы оқ бората жігерлендіреді.

Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен (№ 1035) Мәлікке 1943 жылдың 30-қаңтарынан бастап Кеңес Одағының Батыры атағын береді. Бұл атақпен қоса Ленин ордені және «Золотая Звезда» медаліменде қоса марапатталады [1].

1946 жылдан бастап М. Ғабдуллин запастағы подполковник. Сұрапыл соғыс жылдарынан соң елге аман қайтып, түрлі салаларда белсенді қызмет етеді. Артынан өшпес із қалдырады. 1959 жылы оған «Филология ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесі тағайындалады.

Соғыстан кейінгі жылдары ғылыми-педагогикалық салада қызмет атқарады. 1946-1951 жылдар аралығында Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және Әдебиет Институтында директорлық қызметте болады, 1951-1963 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазПИ-де ректорлық қызмет атқарады, 1963-1973 жылдары Қазақ КСР ҒА Тіл және Әдебиет институтында фольклор бөлімінде меңгеруші болып істейді.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Б. Сманов, өзінің Кеңес Одағының Батыры М. Ғабдуллиннің туғанына 105 жылдығына арналған «ҰСТАЗДЫҢ ҰМЫТЫЛМАС ҰЛАҒАТЫ» мақаласында:

Біз бірінші сыныпқа барған замандағы «Әліппе» оқулығында:

Менің атым - Әліппе,

Мені анаңдай дәріпте.

Мені оқып ержеткен,

Бауыржан да, Мәлік те, - деген өлең жолдары болатын. Орта мектептен соң оқуға түскенімізде есімдері санамызда жатталып қалған Екінші дүниежүзілік соғыстың аталған әйгілі қаһармандарымен жақын танысып, әңгімелерін тыңдадық. Ал Мәлік ағай бізге ҚазМУ-дің филология факультетінде бірінші курста халық ауыз әдебиетінен сабақ берді.

Ұлағатты ұстазымыз қазақтан алғаш шыққан Кеңес Одағының Батыры, халқымыздың тұңғыш КСРО Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-інің ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты, көрнекті жазушы, Абай атындағы қарт ҚазПИ-дің он жылдан астам ректоры болғанына қарамастан өте қарапайым, аса мейірімді, керемет кішіпейіл, биік парасатты адам болатын. Ол кісі оқуға жана түскен студенттер баласы қатарлы болсақ та, бізбен сөйлескенде өзіміздің Бақан, Бөке (Болатжан Абылқасымов), Черчилль, кейде Омеке (Омархан Құлахметов), Тәке (Тәңірберген Аймұратов), Мұха (Мұхтар Пернеқұлов), курс старостасы Мәкен Әлібаевты «болыс-бөлкей», «ауылнай», немесе «селсебет» деп ерекше ілтипатпен, көтермелеп сөйлейтін. Онысы өзіне жарасып тұратын. Орыстың данышпан жазушысы Л. Н. Толстой: «Адамның ұлылығы – оның қарапайымдылығында», – дейді ғой, ол кісінің ұлылығының өзі осы қарапайымдылығында еді..... Ұстазымыз «неге бұлай болды» десек, ағай

қан майданда әскерлерге саяси жетекші болыпты. Саяси жетекші – жауынгерлердің тілін таба білетін, оларды ерлікке, патриоттыққа, жауынгерлікке бағыттайтын әскери шенді қызмет. Сөйтіп, бұл ісі ағайдың сол сұрапыл соғыста қалыптасқан үйреншікті әдетіне айналыпты – деп атап өткен.

Жоғарыда жазғандай, Мәлік Ғабдулин – кеңес одағының батырыналған жалғыз қазақтан шыққан политрук. Қазіргінің тілімен айтсақ тәрбиеші. Ия командирлердің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары. Ол жеке құрамдымен тәрбие және идеологиялық жұмысты ұйымдастыруға және жүргізуге, жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйін және әскери тәртібін нығайту жөніндегі іс-шаралардың жай-күйі мен тиімділігіне жауапты тұлға.

Бауыржан Момышұлы өзінің соғыс психологиясында Бородино ұрысын кезінде Төлеген Тоқтаров пен Мәлік Ғабдуллиннің және басқалардың ерлігінің мәні батырлық жырлар, олардың сана-сезіміне түрткі жасаған, жауынгерлерді бастауында жатса керек екенін тілге тиек етеді. Атап айтсақ: «Жігітті жауынгерлік қасиеттерге тәрбиелейтін қазақтың игі дәстүрлері» –деп атап өтті [2].

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Академиясының командирлердің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары, тактикалық басшылық, жалпы мамандық-болашақ офицер оларда жеке құраммен жұмыс жасайды. Әскер қатарына шақырылған сарбаздарды Отан алдындағы борышын адал орындауға елінің патриоты болуға тәрбиелейді. Қай кездеде тәрбиешілердің ойы ерекше екенін айта кетсекте артықшылығы жоқ шығар. Жас ұрпақтың өнегесінен саналарын құнарландырып, патриоттық қасиеттерімен елінің адал ұлы болуға тәрбиелейді. Тәрбиешінің талқанын тамырлауға құйып болашаққа дұрыс бағыт беретін офицерлер көптің қасы. ҚР Ұлттық ұланы Академиясының қабырғасында болашақ офицерлерге көмек пен болмысты түйістіруге тарихының тамырын бойымызға сіңіріп кейінгі ұрпақты қазақелінің таудай тәуелсіздігін қорғайтын жас сарбаз отан сүйіспеншілігіне сондай ақ қай кездеде тік тұруға тәрбиеленуге үйретеді. Бауыржан атамыз айтқандай Тәртіпсіз ел болмайды тәртіпке бағынған құл болмайды дегендей тәрбиесіз орта жетістікте жетуі екі талай сол үшін әскери өмірде тәрбиенің қабырғасы тәрбиешілер екені әбден рас.

Мәлік Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым (Мои фронтовые друзья)» (1947), «Алтын Жұлдыз (Золотая звезда)» (1948), «Майдандық очерктер (Фронтовые очерки)» (1949), «Будни войны» (1968), «Достар, жолдастар жайлы» (1969), «Ызғарлы жылдар (Грозные годы)» (1971) атты еңбектері бар. Осы еңбектерді оқып өскен курсанттар, өз елінің патриоты болып қана қоймай талай, әскер қатарына шақырылған еліміздің азаматтарында тәрбиелер.

Бауыржан атамыз: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттардың бойында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы асазор...» – дегендей өңеге болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Тарихи тұлға кітабы – Көкшетау, 2005.
2. Б. Момышұлы. Қанмен жазылған кітап (Соғыс психологиясы) Алматы, 2010. – 336 б.
3. Габдуллин Малик. Серик Негимов. Евразийский национальный университет имени Л. Гумилёва, профессор кафедры казахская литература, доктор филологических наук.
4. Ғалым Мәлік Габдуллин және қазақстандық патриотизм. III Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мақалалар мен баяндамалар жинағы. 2020 ж. 15 қараша. – Көкшетау: ҚР ТЖК КТИ, 2020. – 252 б.
5. Сборник трудов Малика Габдуллина в 11 томах. М 35 Алматы, 2018 г. XI том. № Фронтовые очерки и рассказы. Публицистические труды, 408 б.
6. Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары (Энциклопедиялық жинақ).

ӘОЖ 94 (574)

*А. Б. Мейрамова, кафедра бастығының орынбасары,
Әділбай Мұхамедәли, 2 курс курсанты
ҚР ТЖМ М. Габдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫРАНЫ СЫЙЛАҒАН ЕКІ «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ»

Тарихқа зер салатын болсақ батыр бабаларымыз нағыз ерліктің шынайы бейнесін көрсетті. «Мың өліп, мың тірілген»қазақ ұлты тарихтың небір қилы кезеңдерін бастан кешірді,тұтастай бір ұлттың намысы үшін,сақталып қалуы үшін бар күш-жігерлерін салды. Солардың көрінісі жиырмамыншы ғасырдағы Ұлы Отан Соғысы. Бұл қанды майданда жеңіп шығу үшін қазақстандық қаһармандар үлкен үлес қосты деп айтсақ,қателеспес едік.Соғыс кезеңінде 450-астам отандастарымыз Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.Алтын әріппен 2 дүркін Кеңес Одағының Батыры атағын алған жерлестеріміздің саны төртеу. Бұл -

Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганский. Зер салатын болсақ жалғыз қаны қазақ батыр бабамыз жалғыз осы марапатқа қол жеткізген. Кеңес Одағының екі дүркін Батыры, Қазақстан авиациясының генерал-майоры Талғат Бигелдинов 1922 жылы 5 тамызында қазіргі Ақмола облысының Майбалық ауылында дүниеге келген. Уақыт өте келе отбасылық жағдайлармен Қырғызстанның қазіргі астанасы Бішкекке қоныс аударады. Ол бала күнінен қиыншылықты көріп өсті, сол қиыншылықтардың арқасында батыр да батыл, жүректі жігіт болып ер жетеді. Байырғы дәстүрмен 6 жасына дейін әкесі мен анасының қолында өскен бала ес-жиып атасы мен әжесінің қолына өтеді. Айта кететін жайт, сонау он тоғызыншы ғасырда Патша үкіметін дүр сілкіндірген, Кенесары хан бастаған көтерілісінің қолбасшыларының бірі болған Басығара батырдың тікелей ұрпағы. Басығара батыр 1837 жылы Кенесары ханның бастауымен Ақмоладай мықты қару-жарақталған бекініске шабуыл жасап, тұрғындарын азат етуде қаза тапқан. Осындай тектіліктің қанымен ол жау астанасы - Берлинді алушылардың қатарында болған. Фашистерге өлім отын сыйлаған Талған мінген ұшақты «Қара ажал» деп атаған. Бар жоғы 23 жасында екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленіп, бүгінгі күні ауыз толтырып айта алатындай ерлік көрсеткен қыран қазақ қанды майданнан аман-есен оралғаннан кейін, оқуын аяқтайды. Тәуелсіз Қазақстанның әскери-әуе күштерінде әртүрлі басқару қызметінде жұмыс жасайды. Кеңес Одағында да бірнеше лауазымды міндеттерге сайланады [1].

Келесі кезекте қысқаша өмір баянына шолу жүргізетін болсақ, ол қарапайым отбасында дүниеге келген, әкесі ұжымшардан жалға жер алып күн көру үшін осы тірлікпен айналысады. Көктем мен жаз айларында толықтай егістікпен айналысады. Ол әжесінің көмекшісі болып үйге бас-көз болып қалады.

Осындай ерте ер жеткен ауыл баласы білім алып, жазу үйренгісі келді. Айналада тек орыс мектептері ғана болды, бұған қынжылмастан білімге құштарлығымен сауатын ашып, білім алып шығады. Бала күнінен ұшқыш болуға жай ғана қызығушылық танытып қоймай, соны үйренуді алға мақсат қояды. Кітап, жазбаларды оқып ұшақ құрлысымен танысады. Мектеп аяқтаған соң оқуға қабылданады. Бойы қатарластарынан кішкентай болған соң оны қабылдамай, қорлап оны төмендетіп санады. Ауыл баласына жат елде оқу қиындай түсседе, ол оған тайсалмай зерек болып, қоғамдық нұсқаушылықты меңгеріп шығады. Жас ұшқыштармен шыңдалып, жоғарғы оқуда білімін шыңдауға комиссияның таңдауымен оқуға келеді. Бұл жерде тек таңдаулы курсанттар болғандықтан олар әр мезет сайын ұрыс алаңына шығуды көздейді. Бірақ бұл уақыт аралығы олар үшін тым ерте деп жоғарғы құрам шешеді. Арада уақыт өткен соң

оны өз қалауымен Орынборға шақырады, бұл жерде ол тек жеңілден бөлек ауыр көліктерді де үйренеді. Өжеттілігінің арқасында ефрейтор дәрежесіне қол жеткізеді. Тәжірибелермен қатар елдегі шаруашылық қызметтерді де иептілігімен атқарады. Күндердің бір күні шыңдалған жас қыран өзінің жойғыш мектебіне ауыстырылады. Әрбір курсант ол жердегі ИЛ-2-мен көкке көтерілуді армандайтын [2, 3].

Ұрыс алаңында өздерін көрсететін уақытта келіп жетті, училищеге курсанттар арасынан майдангерлерді шақыру қолға түсті, оның қатырында Талғатта бар. Ең бірінші майдан алаңы Тверь қаласы, бұнда олар соғыстың ащы дәмін сезінгендей болды және бұл жердегі әрбір адам кез келген сәтте базаға қайта алмайтынын түсінеді. Жастары небәрі 19-да жалындаған жігіттер майдан алаңына ұрып барады. Жау қамалы аса қатты қауып тудыра алмағандықтан соңғы аптада бомбалау тәжірибесінен өтеді, бұлда бір Талғат үшін сынақ болды нағыз қанды майданға жоспар құруға септігін тигізді.

Ендігі кезек батырдың аңызға айналған ерліктерінде. Жас сержант пен даңқты офицер арасындағы соғыс көптің есінде қалды деген ойдамын себебі бұл кеңестік баспасөзде жарияланған еді. Осы көрсеткен ерлігі үшін Талғат Бигелдинев ІІ-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденін алады.

Жас сержант ерлігімен таңғалдыруды әлі де тоқтатпайды сонау 1943 жылғы қыркүйекте Днепр үшін ұрыста жауға қарсы тұрады. Осы соғыста «Қара ажал» зақымданып, кенеттен өртені бастайды. Сонда ол ұшағын жау техникасы жасырынған тұсқа бағыттап, өзі ұшақтан секіріп үлгереді. Оның әуедегі көзсіз ерлігі фотосуретке түсірілген және бұл ақпаратты өзінің жазған шығармашылығында әңгімелейді [4].

Тағы бір ерлігі, ол сол жылдың көктемінде жаудың жойғыш ұшағын дәл көздеп атып түсірген тұңғыш шабылдаушы-ұшқыш болды. Жойғыш ұшақтар мен шабуылдаушы ұшақтар аспанда кездесіп қалса шайқасуы тиіс, бірақ немістің жойғышын атып түсірген жағдай тарихта бірінші рет орын алды. Ал «Мессерштиттің» ішінде отырған адам – әуе шайқасының шебері, 108 ұшақты атып түсірген Испания, Франция мен басқа елде көрсеткен ерлігі үшін марапаттар алған капитан фон Дитрих еді. Жас Талғаттың бұл жаңа әдісі жоғары бағаланып, ол соғыстағы алғашқы марапаты - Екінші дәрежелі Отан соғысы орденін алды. Содан кейін Талғаттың бұл ерлігін қайталағандар көбейді. 1944 жылдың 26 қазанында 22 жастағы лейтенант Бигелдиновке Знаменка, Кировоград қалаларын босату кезіндегі ерлігі мен әскери шеберлігі, әрі атып түсірген төрт жау ұшағы үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соңғы марапатын 1945 жылдың 27 маусымында Талғат Бигелдинов екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағын иеленеді. Бұл жолы ол эскадрильяны шебер басқару мен Краков, Оппельн (қазіргі кездегі Ополье),

Катовице, Бреслау (қазіргі кездегі Вроцлав), Берлин қалалары үшін шайқастардағы әскери ерлігі үшін марапатталды. 1945 жылдың маусымында Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен Жеңіс шеруіне қатысқан. Талғат Бигелдинов ең ауыр ұрыстарды көріп, Мәскеу, Киев және Еуропа елдерін қорғап, жау ұясы-Берлиндегі шайқасқа қатысқан [5].

Егемендіктің қадір-қасиеті-жердің тұтастығы мен елдің тыныштығында. Осыдан 3 жыл бұрын тұсауы кесілген Қазақ ұлттық күнтізбесі жобасында 15-қараша күні Батырлар күні болып бекітілді. Бұл күн қазақ батырларының елдің бүтіндігін сақтаудағы еңбектерін жас ұрпаққа паш етуге бағытталған. Міне, осы күнге жеткізген батырларымыздың бірі Талғат Бигелдиновтың биыл 100-жылдық мерейтойы. Кеңес Одағының 2-дүркін батыры атағын алған батырлар саусақпен санарлықтай, олардың саны төртеу. Олар Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов Сергей Луганский [6].

Айта кететін болсақ Талғат Бигелдинов жалғыз ұлты қазақ 2-дүркін Кеңес Одағының батыры және де ең жасы, нәбәрі 23-жасында ерлігі үшін осы атаққа қол жеткізген. Осындай тәрбиелік мәні бар, ерліктерін аңызға айналдырып айта алатындай көзсіз ерліктерімен тарихта алтын әріппен жазылып қалған батырларымыз біршама. Үш жүз бес рет ұшқанында эскадрилья командирі Талғатпен бірге соғысқан ешкім қаза болған жоқ. Анықтап айтқанда, соның бәрінде де оның кінәсінен ешкім ажал құшқан емес! Себебі бәрі командирге, құрамның бастаушысына байланысты. Командир ұрысқа қалай бастап кірсе, ұрыста солай аяқталады. Талғат Бигелдиновтың 100-жылдық мерейтойын атап өтудің жалпы еліміз үшін және біздің Академиямыз үшін де тарихи маңызы зор. Елбасымыздың өзі рухани жаңғыру мақсатында тарихымызды жандандыруды қолға алып отыр. Жалпы қоғамға берілген бұл жолдамадан бізге яғни әскери адамдарға жүктелген міндеттің салмағы ауыр. Себебі, әскери адамдардың патриоттық сезімдері қашан да биік! Барлық Академиялық ұжым ретінде осындай батырлармыздың ерліктерін көркейте отырып, курсанттар әскери білім мен тәрбиеге ие болар едік деген ойдамын.

Әдебиеттер тізімі

1. Талғат Бигелдинов. 305-рейд. – Кыргызстан, 1966.
2. Талғат Бигелдинов. Илы атакуют. – Алма-ата, 1966.
3. Талғат Бигелдинов. Пике в бессмертие. – Алматы, 2000.
4. Нағи Ілиясов. Жауынгер жолы. – Алматы, 2011.
5. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: www.sputnik.kz
6. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне. – Алматы, 1958.

*Р. Мұратбекқызы, 1-курс магистранты
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті*

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БАТЫРЛЫҚ ПЕН ЕРЛІК СИПАТЫ

Халық әдебиетінде батырлық пен ерлік сипаттарға кең орын беріледі. «Дүниеде, тарихта ер елден артық ел бар ма?! Ер жолымен өткен елдердің тарихынан сұлу тарих бар ма?! Елін «ел екен» дегізіп өткен ұлдарға өлім бар ма, сірә да?! Елдің белін көтеретін ер ұл туған аталық пен аналық қандай бақытты! Ер серігі болған жар жарастық қандай сұлу! Қорлық өмірге көнгенше, қадірлі өлім таңдармын дейтін жас жалын қандай биік мағыналы [1, 123 б.]. Қазақ әдебиетінің ауыз әдебиетін зерттеуге мол үлес қосқан қас тарланы Мәлік Ғабдуллин саралаған әдебиетіміз күні бүгінге дейін зерттеліп жатыр және болашақта ел көшімен бірге жаңарып, ғасырлар бойы зерттеле беретіні ақиқат. Зерттеу бар да зерделеу бар.

Әдебиет – ардың ісі. Әдебиеттің қай саласын сөз етсек те, қазіргі тәуелсіздік таңында ешкімнен жасқанбай өз тарихымызға тыңнан қарап, өткен замандарға зерттеу жүргізетін шамаға жеттік. Әрине, қазақ деген ел болмаған, қазақ тарихы он сегізінші ғасырдан бастау алады, қазақ әдебиеті тек Абай заманында қалыптасты деген жаңсақ пікірлерге, жалған зерттеу мен құйтырқы саясатқа тосқауыл қойылғалы да біраз жылдар өтті.

«Жау – батырлық өлшемі іспеттес құбылыс. Жаумен шайқас майданы – батырлық мінездің көріну алаңы» [2, 383 б.] – дейді рас, біз үшін батыр тек жаугершілік заманда ғана болған сияқты көрінеді. Патриоттық, отансүйгіштік сезім туралы айтқанда да соғыста көрсеткен ерлігімізбен мақтанамыз.

Шын мәнінде, біз батырлықты қалай түсінеміз?! Егер шығу тарихына көз жүгіртсек, Батырлар жырының пайда болу кезеңін ғалымдар үш топқа бөліп қарастырады: алғашқы кезеңдегі эпостық жырлар, тарихи кезеңдер мен жаңа дәуір эпосы. Сонау мифтік дәуірден бері қалыптасып келе жатқан батырдың бейнесі көне дәуірде жеке отбасы, жеке мәселе үшін күреске шығумен суреттелсе, біртіндеп ол халықтың бостандығы, елдің бірлігі, көптің тілегі мен мүддесі үшін қызмет етуге ұласты.

Ал, қазіргі таңда батырлық өлшемді қалай ұстанып жүрміз?! Бейбіт өмірдегі өрлік пен ерліктің, азаматтық пен жоғары парасаттылықтың, жалпы батырлық бүгінгі қоғамға қажетті тақырыптар екені даусыз. Қазақ қоғамында батырлық белгілі бір топтың өкілі ретінде адамға тән қаһармандық қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Батырлық

– адамның әлеуметтік мұратына, қызметіне сай болатын өзіне ғана тән ұстанымымен, өмір салтымен, психологиялық жүйесімен, наным-сенімімен, дәстүрімен ерекшеленетін феномен [3, 12 б.].

Қазақ даласындағы батырлық туралы түсінік жеке тұлға мүддесінің халық, туған ел, туған жер, Отан, әлеумет мүддесімен байланысты көрініс табатын кешенді құбылыс болған. Батырлық сана – ар-намыс, борыш, азаматтық аманат, парыз және тағы басқа ұстанымдарға құрылатын әлеуметтік қызмет формасы. Ал, батырлық мінез – қазақ санасында әр кезде әлеумет мүддесіне негізделетін, қоғамдық сипат алатын мінез түрі.

Көшпелілер дүниетанымында батыр адамның өмір салты, тіршілік дәстүрі, халықтың өмір жағдайымен, дәуірлік уақыт пен кеңістікке тікелей байланысты. Ал, қоғам тағдыры батырдың әлеуметтік-тарихи рөліне тәуелді түрде қарастырылады. Батырларға жоғарыдағы ұстанымға сай өте жауапкершілік, адалдық, әділдік, тазалық, кісілік, шыншылдық, сөзге беріктік сынды ерен моральдық сапалар тән. Сол ұстанымдармен жүріп, сол моральдық сапалар көрініс табуы үшін олардың бойында ер жүректілік, бір сөзділік, табандылық, қайсарлық, жауынгерлік, қаһармандық, уәдеде тұру, батылдық сияқты қасиеттер болуы шарт.

Жалпы, жау – батырлық өлшемі іспеттес құбылыс. Жаумен шайқас майданы – батырлық мінездің көріну алаңы дегенге саяды. «...Батыр болсаң, жауға найзаң тисін; ...батыр болып жауға найзаң тимесе, елден ала бөтен үйің күйсін» (Әйтеке би), «...Құлдық ұрсаң дұшпанға, еркек болып туды деп, мына сені кім айтар?» – деген сөздер бар. Демек, жеке адам өмірін қоғамнан бөліп қарауға болмайды дейтін қорытынды жасауға болады. «Батыр ортақ, бақ жалқы», – деген қазақ мақалы соның дәлелі. Ерлік пен батырлық – қоғамдық іс. Олай болса, батырлық феномені қазақ азаматының ел-жұрты, Отаны алдындағы қоғамдық жауапкершілігін білдіретін әлеуметтік-саяси сана формасы.

«Батыр жинап, ел шаппай, қылыш жинап, оқ атпай, ...қазақтың кегін алғаның» [4, 168 б.] – деп толғаған жоқтау жырынан батырлық формасының тағы бір жолы мен тәсілін аңғаруға болады. Мұнда Қазыбек бидің шешендік тіл мен ұтқыр сөзді қару еткен сипатталады.

Бұл орайда, қазақтың дәстүрлі саяси мәдениетіндегі «батыр ой», «батыр сөз», «батыр тіл» сияқты тіркестерді айтуға болады. Осыдан еліміздің ұлттық, қоғамдық семантика жүйесінде «батыл ой», «сөз батырлығы», «өткір тіл» деген сияқты әлеуметтік-саяси константтар қалыптасқан. Мұндағы ой желісі ел қорғаны болу, ел намысын сақтау, халық алдындағы борышты өтеу, өз білімің мен күшіңді халық игілігіне жұмсау және оны орнымен қолдана білу, дос пен жауды дұрыс айыра білу, өз арың – халық ары деп білу дегенге саяды. Бұл ұстанымдар мен қағидалар бүгінде төл әскери-патриоттық тәрбиенің негізі бола алады деп айтар едік [5, 528 б.].

Әдебиетіміздегі батырлар бейнесі ешқашан өз маңызын жойған емес. Ұлттық мінезіміз, сүйегімізге сіңген дәстүр, тек дәстүр емес ұлттық құндылықты сақтаудың бірден-бір жолы дүниеге сәби іңгәләп келгеннен бастап, анасы бесік жыры арқылы тарихымыздағы батырлардың ерлігін жырға қосып, ұрпақ бойына сіңіріп отырған. Бұл қазіргі күннің ең басты талабы десе де болады. Сондықтан, ұлтымыздың тарихындағы әр батырды зерттеу, олардың өшпес ерлік істерін ұрпағымызға дәріптеу – біз үшін басты қажеттілік.

Қазақ батырларының бейнесі жазба әдебиетімізде де, әсіресе, прозалық туындыларымызда да көбірек сомдалған. ХХ ғасыр әдебиетінің бастапқы кезеңінің өзінде-ақ қазақ қаламгерлері халық жүрегінен берік орын алған осынау айтулы қазақ батырларының тұлғасын қоғамдық-әлеуметтік, тарихи оқиғалармен атастыра отырып қазақ әдебиетіне алып келді [6, 162 б.].

Қазақ тарихының әрбір кезеңі, яғни, ел басынан өткен, халық тағдырында терең із қалдырған тарихи, саяси оқиғалар енді нақты тарихи тұлғалардың қазақ батырларының бейнесі арқылы, солар өмір кешкен, азаттық жолында арпалысып өткен заман, уақыт кеңістігі арқылы көркем шежіреленді.

Ел тарихының көшін келер ұрпаққа жеткізуде ең алдымен ауыз әдебиетінің үлесі өлшеусіз. Өткен тарихымызға көз жүгірткен кезде де халық ауыз әдебиеті арқылы зерделейтініміз ақиқат.

Қазақ батырлары бейнесін жан-жақты саралай келіп, батыр бабаларымызды зерттеп, ерлік істерін ұрпағымызға үлгі, өнеге ету – адамзаттың адамдық борышы. Бұл – ұрпақ сабақтастығы. Қазақ батырларының тарихы мен тағылымын бағамдап, зерделеу – әрбір ұрпақтың парызы.

Әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1998. – 123 б.
2. Асыллов Ұ. Даналардан шыққан сөз. – Алматы: Мектеп, 1987. – 383 б.
3. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973. – 12 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық // 9-том. Алматы, ҚАЗАқпарат, 2005. – 168 б.
5. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
6. Ғалым және қазақ романы. // Б.Кенжебаев және қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 162 б.

*Қ. Ә. Нарбаев, PhD докторы, қауымдастырылған профессор (доцент),
А. Д. Жукенова, магистр, дәріскер, Д. Б. Жаниенов, магистр, дәріскер,
Қ. Қ. Заутбек, 3-курс студенті*

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

АЙБЫНДЫ КЕНЖЕТАЙ АЙБАТОВ

Мәлік Ғабдуллин өзінің майдан туралы жазған еңбектерінде әр халық өзінің тарихында көпшілік үшін, халық бақыты үшін өмірін, ісін сарып еткен адамдарды әлеумет сахнасына шығаратыны жайында көп айтатын.

Өз жұмыстарында қазақ елінің азаматтарының ерліктерін баса айтып, көрсетіп отырды. Олардың қатарында Бауыржан Момышұлы, Мұхамбетқұл Сламқұлов, Жалмұхамбет Бозжанов, Балтабек Жетпісбаев, Ғаббас Бекқұлов, Іңкәрбала Иманбаев, Төлеген Тоқтаров, Жұмажан Батталов, Қазтай Садуақасов және Кенжетай Айбатовтар болды.

Біз Кенжетай Айбатовты сөзге тиек еткелі отырмыз. Ол нағыз қарапайым адам. Өзі жасаған ерліктерді жай ғана – кәдімгі, қатардағы адамның істері дейтін. Ол өзің Кенжетай деп атауды сұрады. Оның себебі түсіндіре келе, отбасында бір анадан жеті ұл, екі қыз тусада, жалғыз өзі қалғанын және де Алматының бір мектебінде Есмағанбет Смайылов, Меңтай Қошқаров т. б. жолдастармен бірге оқығандығын, олармен бірге Қарағандыға өндірістік тәжірибе жұмыстарына барып жүрген кезінде оқушы жолдастарының жас жағынан да, бой жағынан да кішісі болғандығын айтты. Сондықтан да мені олар Кенжетай деп атаушы еді. Содан бері маған осы ат таныс және ұнайды деді.

Кенжетай көптеген басқа қазақстандықтар сияқты Панфилов атындағы дивизия құрыла бастағанда, әскерге алынды. 1075-ші полктың үшінші ротасына қызыләскер болып келді.

Кенжетай роталық партия ұйымына парторг етіп тағайындады. Ол бұрын бір жыл әскер қызметінде болған, алайда командирлік я политруктық атағы болған емес.

Оған политрук боласын дегенде бір жағынан қуанды, екіншіден жүрексінді. Қуануы – оған үлкен сенім көрсетіліп, онымен санасып отыр. Қолынан іс келеді, бір ротаға саяси жетекші болады деп сеніп отыр. Ал, жүрексінуі – бұрын мұндай басшылықта болмағаны, басшылық ете алса жақсы, ете алмаса, әсіресе, мына соғыс жағдайында маскара болып жүрсе – бұдан артық жаманшылық бола ма? Жұрт алдында азды-көпті бар абыройынан айырылды деген сөз емес пе? «Тәуекел, не де болса, көре

жатармын. Басқа басшы болып жүргендер де мен сияқты адам ғой, олар үйретер, олардан үйренермін» деп қорытты Кенжетай [1].

Кенжетай өзіне берілген іске барша жауапкершілікпен қарады. Өз отбасынан айырылғансын ба, майдандастарын өзінің отбасы ретінде қабылдады.

Кенжетай әр адамды тәртіпке шақырғанда оларға жеке жеке жол табуға тырысып бақты. Әскери адам болса да, салт-дәстүрді сақтады. Тәрбиелеуге құрал ретінде пайдаланды. Ол бірде тәртіп бұзған қызыләскер Батырбеков Серікбайпен әңгімелескенде, – Сізді шақырып алып сөйлесейін деген ойым – ұрысу еді. Бірақ, жасыңыз үлкен кісісіз. Үлкен адамды сыйлау – жастардың міндеті ғой. Сізге ұрысудың өзі ұят, ақ пен қараны айыратын сауатты оқытушы, үйретуші адамсыз. Сіз қазақ баласы деген атты былай қойғанда, совет оқытушысы, жас ұрпақты тәрбиелеуші деген абыройлы атағыңызға, ар-намысыңызға қара күйе жаққаныңызға мен өте өкпелімін. Сіз әдебиеттен сабақ береді екенсіз. Елдің қамқоры батырлар жайында шығарылған, халық жырларын, өлең, мақал-мәтел, ертегі-әңгімелерді жақсы білесіз. Халық сонда батырын мақтап отырмай ма?

Міне, бүгінде сол сияқты батырлар, сіздер майданға бару үшін осында жиналып отырған жоқсыздар ма? Кешегі Сырым, Кенесары, Исатайлар – ел басына мүшкіл күн туғанда қол бастап жауға қарсы аттанған ерлер емес пе еді? Олар да сіз сияқты қазақ баласы еді ғой. Олардың ел алдында, жолдастары алдында мазақ, күлкі болған жері бар ма еді? Жоқ. Міне, Секе сіздің «бір қаталығыңыз» қазақ атымызға жақсы таңба басып отырған жоқ. Бұл сөздерді естіген Серікбай өте қысылды, қызараңдады. Бұл айтылғандардан өзіңіз қорытынды жасар, басқа жолдастардың ішінен мұндай күйге ұшырағысы келетіндер болса, оған бас-көз болар, тыйым салар, бізге жәрдемдесер, жақсы, мықты рота жасау үшін командирлерге көмектесер деп ойлаймын.

– Қарағым, жасың кіші інімсің ғой. Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді деген. Айтқандарыңа түсіндім. Адал ниетті ар-намысы үшін күресетін азамат болатыныма сеніңіз, жолдастарымды да осы рухта тәрбиелеймін, – деп, Серікбай уәде берді.

Кенжетай күн сайын өз міндеті қандай, политрук деген кім екенін түсіне бастады. Ол бар күшін, ынта-жігерін айбынды рота коллективін жасауға жұмсады. Бұл үшін ең керекті нәрсе – темірдей тәртіп екендігін түсінді. Тәрбиелеу барысында әрқашан батырлардан үлгі келтіре отырып, жауынгерлердің намыстарын оятуға тырысты.

Қараша айының 16-ы күні Кенжетай алғашқы рет ұрысқа енді. Ол немістерге қарсы алғаш рет оқ атқанда жүрексінді. «Апырай адам-адамды қалай дәті шыдап атады екен» деп ойлаған, тіпті өлген немістерді

анадайдан көргенде аяушылық сезім білдірген еді. Сондықтан немістерге қарғысы да келмеп еді. Немістер бұларға қарсы артиллериядан, минометтен оқ жаудырғанда Кенжетайдың бойына қорқыныш сезім пайда болды. Әлденелер көз алдына елестеді. Осы атыста алғаш рет өзінің 8 жолдасы жаралы болғанын көргенде немістерге ыза болды. Аяушылық сезім адыра қалды. Бұл немістер болмаса ғой, мына жігіттер жаралы болмас еді деп ойлады.

Кенжетайдың жүзінде біресе аяушылық, біресе қорқу, үрей сезімнің ізі пайда болды. Бірақ, мұны ол жолдастарына білдірмеуге тырысты. Егер, ол қорқу, үрей білдірсе, жанындағылар не болмақ. Бір адамның қорқуы қысылшаң кезде қалың көпке қырсығын тигізетінін ол жақсы түсінді де, сабырлық білдірумен болды.

Кенжетайдың қасиеттерінің бірі қандай жағдай болса да мойымау, ашпыз жалаңашпыз деп басын төмен түсірмеу еді. Ол осы ұрыста қоршауда қалсада, қаза болған жолдастарын жерлетті, жаралыларды қалдырмады.

Бірнеше күн бойы нәр татпаған кездері өзіне командир ретінде бірінші ұсынылған асты ауыр жаралыларға беріп, өзінің дым татпауы. Оның қол астындағыларының разы болуына оған деген сенімдерін арттырды. Тіпті көп тамаққа кез келгенде әрбір жігіт бір тілім нанға май жағып жесін, одан көп жеуге болмайды, тек жүрек жалғандар, әйтпесе ауырып қалатындарын айтты. Әрбір 20-30 минуттан соң тамақтану, бірден көп тамақтануға болмайтынын алға тартып мұны ол өзі де бақылады.

Тынығып жатқан жолдастарын оятпай оларға тамақ әзірлеп қоятын. Оның жауынгерлерінің оған деген сенімдерінің жоғары болғаны сонша оның бұйрықтарын бұлжытпай орындайтын еді.

Ұрыстардың бірінде Кенжетай жаралы болады. Оның сол жақ жағының етін оқ жалап кеткен, сол бармағының үстін оқ жырып кеткен болатын. Оған жаралы болдыңыз кейін шегініңіз дегенде қарамай ұрысты жалғасырыды. Алайда қастарына түскен снаряд оның аяғын тағы жаралады, оның пимасының тұмсығы жұлынып аяғынан қан саулады. Гриша Бахолдин оны сүйреп әкеле жатқанда жаңағы жаралы аяғының балтырына екі оқ тиді. Ол сонда да санротаға барып, медсанбатқа бармады. Екі аяқ, екі қол бірден жаралы болса бір сәрі мен жеңіл жаралымын, ротамды, жігіттерімді тастап кете алмайтындығын алға тартты.

Бірнеше күннен кейін Кенжетай бұлай отыруды қолайсыз көрді де, қолына үлкен таяқ алып ілгері жаққа, атыс болып жатқан жерге жөнелді.

Алдағы ұрыстарда немістер шегініп, біздің әскерлер оны қуа жөнелгенде,

– Қап, аяғы құрғырдың кесірінен мына қашқан немістерді қуа алмайтын, олардың қалай жүгіретінін, қашатынын көре алмайтын болдым-ау, – деп ызаланатын Кенжетай.

Қарашаның 11-і Кенжетай сауығып, қайтадан өзінің жолдастарының қатарына қосылды.

Кенжетай әр қашан адамдарға әділдікпен қарауды сүйетін. Оларға нақты тапсырмалар қойылып, олардың орындауын қадағалау керектігін жақсы білді. Әділетсіздікті қаны сүймейтін. Ол өз ротасына қайтып келгенде ротаны Шепелов басқарып жүргенін және де ешнәрсе түсіндірмей орынсыз балағаттайтынын естиді. Ол жоғары басшылар алдына онымен бірге істей алмайтынын айтады.

- Автоматчиктер ротасында не мен тұрам, не ол тұрады. Анау автоматчиктер менің адамдарым, олармен оттан да, судан да бірге өттім. Мен оларды Шепеловтың ұрсып, боқтауына тастай алмаймын, оған дәтім шыдамайды, - деп шарт қояды. Оның тілегі орындалады.

Ширяево селосында болған ұрыстан кейін Кенжетайдан кім аса ерлік көрсетті деп сұрағанда, ол: «Менен басқаның бәрі де ерлік көрсетті. Бірінен-бірі қалысқан жоқ. Бір-біріне разы, – деді Кенжетай. Бұл оның қарапайымдылығын, ешқашан ерлік жасадым деп мақтанбайтындығын

Осылайша Кенжетай Айбатовтың отбасынан айырлғанына, аштыққа, жаралы бойына қарамай әрқашан адамгершілік қасиеттерін алға қойғандығын көреміз. М. Ғабдуллиннің өзі Кенжетай атымен бүркеніп өзі туралы жазғанынан, оның отбасында нақты тоғыз бала болғаны айқындалады (көптеген деректерде он деп беріліп жүр).

Ол дүниеде адам тәрбиелеуден қиын нәрсе жоқтығын осы сұрапыл жылдары түсініп, өмірін адам тәрбиелеуге арнайды. Қарапайым елдің азаматтары сұрапыл майданда нағыз ер атанды дейтін.

Мәлік ағамыз майдандас достары Бауыржан Момышұлы, Балтабек сияқты жауынгерлерді батырлар туралы дастандармен, олардың ерліктерімен жігерлендіріп отырды. Олар әрқашан өлген жолдастар үшін, күйзеліске ұшыраған халық үшін немістен кек аламыз деп ант ететін және де олардың жолдастары да ант етісетін [2].

М. Ғабдуллин «Беліне қылыш байлаған,

Біртіндеп жауын қашырған» – қазақпыз.

Біз «Кұдайдан жау сұраған,

Жау көрмесе жылаған» – қазақпыз. Білек түре күш сынасатын жерге келдік. Ар-намыстың, азаматтық борышымыздың байқалатын өткелінен өткелі тұрмыз. Қазақ деген атымызға ақау салмай істелік, – деп рухтандыратын [1].

Біз қазақ халқы қашанда намысты ту етіп, биік қойып, ұл балаларды кішкене күндерінен намысты қолдан бермеуге тәрбиелеп, бастарын идірмей, үміттерін сөндірмей өсірген халықпыз.

Ел басына күн туғанда әр халық өзінің ұлдарына, елін жерін қорғайтын батырларына үлкен сенім артады. Сол сұрапыл жылдары майданда жеңіске жету үшін жауынгерлердің отаншылдық қасиеттерін, әрбіреуінің жүрегінде намыстарын ояту қажеттілігі туындады. Отаншылдыққа бастайтын бірден бір қасиет – ол намыстың жоғары болуы, адам бойында патриоттық сезімдерді оятып, елін, жерін, ұлтын ерекше қадірлеуге жетелейді. Намыс адамның жан дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен бірге оянып, оның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс табады. Бойында ұлттық намысы бар адам әрқашан мәдениетін, тілін, дінін, салт – дәстүрін қастерлейді. Намысшылдық қасиет отбасымызда өз бастауын алып, ата – анамыздың үлгісімен өз жалғасын табады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәлік Ғабдуллин Қазақ баласы = Сын казаха / М.Ғабдуллин: Ақмола облысы Мәдениет архивтер мен құжаттамалар басқармасының «Мәлік Ғабдуллин музейі» МКМ. – Көкшетау: Көкше-Полиграфия, 2020. – 416 б.

2. Мәлік Ғабдуллин Майдан очерктері – Алматы: Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы, 1959. – 216 б.

ӘОЖ 94(574)

*Д. Талғатұлы, курсант,
Жетекшісі: А. Ғ. Рахым, аға оқытушы
ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Аты аңызға айналған әйгілі батыр, халық қаһарманы, есімі ел жадына мәңгі жатталып қалған даңқты қолбасшы, қазақ халқының қыран мінезді айбынды перзенті, дүниеге екі келмес біртуар биік тұлғаларымыздың бірі, ғасыр саңлағы, көрнекті жазушы Б. Момышұлының көп қырлы қайталанбас асыл бейнесі ұрпақтан ұрпаққа жетіп, айдарлана, асқақтана береді.

Бауыржан Момышұлы...

Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар әскери жазушы. Халық қасиеттеп, маңдайына басқан осы адам жайлы қанша айтылып, қанша кітап жазылса да, артына тағылымы мол мұралар қалдырса да, осыны терең ұғынып, түсініп болдық па? Оның мәрттігінің, ерлігінің асқақ бейнесін ғана көріп, соған таңданатын жас ұрпақ оның мейлінше күрделі болмысын терең ұға алды ма?

Осы мақсатта талантын туған елге бағыштаған, от пен оқтың ортасында жауымен айқаса жүріп, жас ұрпағының болашағына шын алаңдаған батырдың ұлағатты сөздерін қастерлеп, ерлік істерін дәріптеп, үлгі-өнеге тұту. Ел басына күн туып, сыналар шақ келгенде әкелеріміз бен ағаларымыз, апаларымыз «Отан үшін!» деп небір қанды шайқастарға кірді [3].

Ұлы Отан соғысының дүниежүзі үшін маңызы зор болды. 1945 жылы 8 мамырда Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап қол қойды [2]. 1945 жылы 9 мамырда бұрын-соңды болмаған мың зеңбіректен 30 дүркін салют атылды. Міне, Жеңіс күні осылай келген Дүниежүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті [1].

Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті.

Жеңіс күні. Адамзаттың аңсап күткен күні.

Арылтып жерден жауымды,

Табанға жаншып өлімді.

Жеңіспен желпіп өмірді,

Десеңдер бұл қай күні?-

9 мамыр күні!

Ендеше, «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» ұлы Отан соғысы ерлерінің ерлік, қаһармандық істерін, соның ішінде Халық Қаһарманы, гвардия полковнигі Б. Момышұлының ерлік тұлғасын, азаматтық қасиетін таныту-жас ұрпақты ерлікке, адалдыққа, қаһармандыққа тәрбиелеу мектебі.

Ұлан даланың алып ұлы Б. Момышұлы 24 желтоқсан 1910 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында, Қолбастау мекенінде туған. Әкесі – Момыш көзі ашық, көкірегі ояу кісі. Әкесінен аздап хат таныған Бауыржан көрші ауылдағы орыс мектебінде 1 жыл оқып, бастауыш мектепті интернатта тәмамдаған. 1921 ж. Шымкенттегі жеті жылдық мектепке түсіп, оны 1928 жылы бітіреді. 20 жастан сәл асқанында ол міндетті әскери қызметке шақырылып, өзінің бүкіл ғұмырын осы саламен байланыстырады [5].

Қаһарман аға қазақтың халықтық педагогикасын оның тәрбиелік ықпалын, ата-ананың өнегесін, тәлімін бойына терең дарытып өскен табан

ақы, мандай терімен өмір сүрген, зергер әрі ақындық өнері де бар, өмірден түйгені көп, халықтың ертегі, жырларын көңіліне ұялатқан, кейде қатаңдау көрінетін, бірақ жүрегі аналық махаббатқа бөленген, немерелерінің балалық ағаттығын елеусіз қалдырмай, ишаратпен жөнге түсіріп, ой салып отыратын әженің өнегесін көріп өскен. Жас Бауыржан осындай парасатты ортадан еңбекті, өнерді, ана тілін, туған жерін сүюді, қуануды, адамды сыйлауды үйренген. Әке, әже, берген тәрбиенің мәнін: «Біз осылай үлкендерден ғибрат алып өсіп едік. Ал үлкендердің әр өсиеті-өнер мен өнегенің ең биік шыңы ғой», - деп бағалайды. Жасында әжеден, әкеден тыңдаған ертегілердің санасына қалдырған ізін: «Енді, міне, есейіп, ел ағасы болғанымда ойласам, мен сол әңгімелерден адамзат өресін тани берген екем ғой», - деп қорытындылайды.

Майдандағы ұзақ жылғы қызметінде әуелі взвод, соңында гвардиялық дивизия командирі болуы, әскери басшылық ету, ұстаздық, саяси-идеялық тәлім-тәрбие берумен тығыз байланысты. Батыр ағаның өмірі, азаматтық келбеті, майдандағы қаһармандық жолы бір өнегелік мектеп болса, оның жазушылық мұрасы, мақалалары, сөйлеген сөздері, шешендік сөздері, ақын-жазушылардың ол туралы жазған кітаптары, естеліктері бір университет тағылымына пара-пар.

Б. Момышұлы – ұрпақ тәрбиесіне жар құлағы жастыққа тимей, қатты көңіл бөлген адам. Демалысқа шыққаннан кейін жазушылық еңбекті таңдағанын айта келіп. Ол : «Аға буынның ерлік істерінің үлгісін алға ілгерілете беру, жастарға патриоттық тәрбие беру, ерлікке үйрету мақсатын жазушылық ісімде алға қойдым», -деп өз нысанасын белгілеген. Б. Момышұлы тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлерін, бай тәжірибесін 2 мәселеге байланыстыра баяндап отырған: бірі – отбасы тәрбиесі, екіншісі – ерлік дәстүрі, патриоттық тәрбие.

Б. Момышұлы патриоттық тәрбиенің қажымас жаршысы. Отан соғысы ерлерінің қаһармандық істерін жан-жақты насихаттаушылардың алғашқы санында болған ардагер жас ұрпақты жауынгерлік рухта тәрбиелеуді отбасында бастау керектігін атап көрсетеді.

«Анадан ешкім батыр болып тумайды. Айбындылық аспаннан түспейді. Табандылықтың атасы-татымды тәрбие. Әскери тәрбиенің де тұңғыш мектебі – отбасы. Тұңғыш тәрбиеші –ана болу керек», -деп түсіндіреді.

Қаһарман ардагер жастар бойында патриоттық қасиеттерді шыңдаудың ұясы - әскери қызмет атқару екенін баса көрсетеді: «Әскери қызмет дегеніміз- елдің әрбір дені сау азаматы үшін қасиетті әрі құрметті борыш. Армия – ойды да, денені де шынықтыратын мектеп», -деп түйіндейді.

Батыр аға: «Ерлік деген не? Ол кездейсоқ нәрсе ме? Деген сауалға былай жауап береді: «Ерлік табиғат сыйы емес, ұзаққа созылған тәрбиенің жемісі. Азаматтық борыш алдындағы жауапкершілік, жауынгерлік құмарлық, адамгершілік қасиеттер ерлік күшті ятады. Жастарымыз отаншыл болсын. Ал отаншылық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім өз ата-анасын ардақтаса, туған бауырымен тату болса, туған жерін сүйсе, өз ұлтын сыйлап қадірлесе сол адам отаншыл», -деп жауап берген екен [6].

Халық батырының ақыл-ойынан, ақын жанды шабытынан сұрапыл жылдарда туған, қазірде халықтық мұраға айналған қанатты сөздер мол:

«Отан үшін отқа түс – күймейсің»

«Намысты нанға сатпа»

«Жанын аямағанға жан сауға»

«Салақтықта сақтық жоқ»

«Қол қашса, қолбасшының құны жоқ»

«Ежелден ел тілегі – ер тілегі,

Адал ұл ер боп шықса – ер тірегі»

«Бақаның бағынан

Сұңқардың соры артық»

«Ердің туы –намыс»

«Олжаға батып абырой алғанша,

Орға түсіп абырой алғын»

«Опасызда Отан жоқ»

және т.б. отты майданда, тәрбиенің ащы сабағынан туған сөз маржандары қазақтың мақал-мәтелдер қорын байытты.

1. Тексізден тезек артық.
2. Өзін аяған дұшпанға дос,
Жанын аяған тәніне жау.
3. Өлтірсең өлімнен құтыласың,
Өлтірмесең өлімге тұтыласың.
4. Тізе бүгіп тірі жүргеннен,
Тіке тұрып өлген артық.

5. Ана үшін аянба-ант ұрады,
Бала үшін аянба – бетің күйеді.
Ел үшін аянба –ерлігіңе сын
Жұрт үшін аянба –жігіттігіңе сын.
6. Елсіз ер бола ма?
Жұртсыз жігіт бола ма?
Ерлік елдің қасиеті,
Жүректілік жігіттің қасиеті
7. Біреу батыр болғанша,
Мың батыр болсын.
8. Шегініп серке болғанша,
Секіріп теке болғын.
9. Көп тұрған су сасиды,
Ойламаған ми сасиды.
10. Өмір сүргің келсе, сүріне істе.
11. Маған деген атақты
Міндет етсең өзің ал,
Әділдікке бас ұрып,
У берсең де маған бал.
12. Ерді ел үшін,
Жігітті жұрт үшін –мақта.
- 13.Қоян болма тығылып,
Жау көрегенде қамысқа .
14. Қырағының өзі де, көзі де батыр [8].

Адам бойындағы қасиеттер

Ерлік – табиғат сыйы емес, өзіңнің ар-намысыңды, азаматтық парызыңды, орындау, Отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп қатерге бас тігуге мәжбүр ету.

Батылдық – қимыл әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық.

Ақыл – бұл заттар мен құбылыстарды танитын күш. Ақыл оларды өте сезімталдықпен ажыратып анықтайды, яғни өзінің сезім мүшелері арқылы әсер алады.

Ойлау – алған әсерлерді біртіндеп өңдей отырып, объективті шындықты бейнелейтін танымның жоғары сатысы.

Сенімділік – болып жатқан нәрсе туралы нақты ұғым.

Күдік – алған әсерді айқын әрі шала сезіне алмаудың, түсіне және өңдей алмаудың салдарынан ақылдың адасуы, ойдың толқуы.

Селқостық – ойлаудың тиянақсыздығы, байыпсыз қабылдау, енжарлық.

Армандаушылық – жүзеге аспайтын нәрселерді ойлану, күшті құштарлық.

Парыз – орындалуға тиіс міндет пен әрекет.

Ар – жақсылық пен зұлымдықты, шындық пен жалғандықты, әділдік пен әділетсіздікті анықтайтын адамгершілік ұғымы.

Абырой – жеке адамның арнамысын ұғыну. Абыройды, жоғары моральдық, рухты сақтау жолында өз өмірін қиюға дейін баруға ниет ету намыс деп аталады.

Ұят – жасаған әрекетінің жөнсіздігін түсінушілік.

Жігерлендіру – рухани күш беру, күш-қуаттың тасуы, сергектік күй.

Үрей – қиыншылық, қайғы – қасірет, жапа шегуді және басқа да жағымсыз нәрселерді күтуге байланысты туатын сезім.

Қорқыныш - өлім қаупіне, адам шығынына және басқа да ауыр оқиғалар болардағы адам бойындағы сезім.

Үміт үзу – жағдайдың мүлдем үмітсіздігі мен тығырыққа тірелуін ұғыну мен өлім қаупінің сөзсіздігіне байланысты туатын сезім.

Өжеттілік - өз өмірін абырой мен өлімге бас тігуге тәуекел етушілік игілікті құлшыныс.

Күншілдік – басқа адамның басымдығын және өзінің әлсіздігін түкке шамасы келмейтінін түсіну.

Мақтан сүйгіш -

Абыройды, ар-намысты құрметтеу әрі ерік жігердің қозғаушы күші Атақ, даңққа жөнсіз ұмтылу.

Назар – ерік – жігердің алаңдаушылық күйі-өзінің барлық болмысымен құбылысты тану, оны мида қорытуға көңілді аудару.

Ынтасыздық - әртүрлі себептермен ерік-жігердің босаңсуы жинақысыздық, тұрақсыздық.

«Кабинеті – ор,

Орындығы – жер.

Столы – тізесі» болған әскери өмірдің асулы белесінен өткен. Соғыс Академиясын бітірген парасатты адамның көргендері мен көкейіне түйгендері көп болған.

Б. Момышұлының өз шығармалары да, ол туралы басқа қаламгерлер жазған туындыларды да: «Арпалыс», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұмытылмас кездесулер», «Ақиқат пен аңызды» бір Халқының келешегі үшін майданда қан кешіп жүріп Бауыржанның мынадай тебіреніске келуі негізсіз емес. Ол: «Кім өз ұлтын құрметтемесе және онымен мақтанбаса, сол көзсіз сатқан және қаңғыбас», «Ұлттық мақтаншы-ұлт адамдары үшін мызғымас және киелі заң» -деп ұғынды. Осыдай батыл да ащы пікірлерді айтуды азаматтық борышы санады.

Б. Момышұлы соғысты өз көзімен көрген жазушы. Ол –суреткер. Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы –соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Жазушы өз көзімен көрген, өз басынан өткерген оқиғаларды баяндайды. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан автор әңгімені өз атынан айтады. Ол сырт бақылаушы емес, белсенді қатысушы [4].

Әдебиеттер

1. Момышұлы Б. «Қанмен жазылған кітап». – Алматы, 1991.
2. Александр Бек. «Арпалыс». – Алматы, 1989.
3. Қалдыбаев М. «Ұмытылмас кездесулер». – Алматы, 1989.
4. «Қазақ әдебиеті» – 2000. – № 41.
5. Қосуақова З.Қ. «Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру». – Алматы, 2001.
6. «Ұлт тағылымы» журналы. – 2003. – № 4. – 40 б.
7. «Жас Алаш» газеті. 1996.
8. «Қазақстан мектебі» журналы. – 2001. – № 10.
9. Момышұлы Б. «Үшқан ұя». – Алматы: «Атамұра», 2003.

ӘОЖ 94(574)

*Д. Тынышбай, курсант,
Жетекшісі: А. Ғ. Рахым, аға оқытушы
ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

ІЗГІЛІККЕ ТҰНҒАН ІЗ...

***Парасатты адам мақтағанға бұзылмайды
Бауыржан Момышұлы***

Ақылды да, батырлықты да, батылдықты да, терең парасат пен мейірімділікті де, пайымды ой мен ұшқыр алғырлық та бәрі бір тұлғаның бойынан табылады. Ғылым немесе әдебиет саласы бола ма, немесе қоғамдық өмір саласы бола ма, қандай саланы алмасақ та, өзінің алғырлығы мен ізденгіштілігімен, іждаһатымен кез-келген істе бетінен қалқымай тереңге баратын Мәлік Ғабдуллин болмысына таңқалмасқа шарамыз жоқ.

Сегіз жасында ауылынан 2 шақырым жерде орналасқан Құлет ауылына мектепке барады. Онда бастауыш сыныбын тәмәмдап, Көкшетау қаласындағы жеті жылдық коммуна мектебіне қабылданады. Мектеп жасындағы дарынды бала іс-сапармен Көкшетау қаласына келген Сәбит Мұқановтың көзіне түседі. «Вокзалдан шыға салысымен қолына қызыл шүберек байланған жас пионерді байқадым. Жүзі жарқын, бойы сұңғақ балаға ерекше назарым ауды. Жолдасымның үйінде қонақта отырғанда, әлгі балам сәлем беріп мектепке кездесуге шақырды. Келісім беріп айтқан уақытында барсам, мұғалімдер мен оқушылар жылы шыраймен қарсы алды. Сұхбат барысында Мәлік баламның менің шығармашылығым туралы тәп-тәуір баяндамасы өзіме қатты ұнады. Сүйсініп тыңдағаннан соң, дарынды шәкіртті Алматыға оқуға шақыруды ұйғардым», - дейді Сәбит Мұқанов ағамыз [2]. Осылайша арада көп уақыт өтпей-ақ 14 жасар Мәлік Ғабдуллин «барсам, оқысам», - деп армандаған ел астанасы Алматыға аяқ басады. Жасынан еті тірілігімен ол Алматыға бастапқыда ауыл шаруашылығы курсына оқуға келеді. Мәліктің үлкен қалада ә дегеннен ағалаш қайраткерлерімен жолығуы тағдырдың берген сыйы іспетті болады. Ауылдан келген бала кітап-газеттердің баспасына қызығып, тамашалап жүргенінде сол баспаның басқарушысы Бейімбет Майлинмен танысады. Баланың тегін, бала еместігіне тамсанған Майлин оны жұмысқа шақырады. Осылайша Бейімбет Майлин Мәліктің Мәлік болып, шығармашылық жолында қалыптасуының, қазақтың марқасқаларының тәрбесін алып шынығуына бір де бір себепкері атанады. Бала кезінен ауыз әдебиетіне құмар болып Алпамыс, Қобыланды секілді қисса-дастандарды жаттап өскен Мәлік Ғабдоллаұлы студенттік шағында осы қазақ фольклорына қатысты білімін жетілдіре, шыңдай түседі. Сәйкесінше ұстаздары да білгеннің үстіне біле түсем деген студенттің талабына қолдау білдіреді. Мәлік институтқа кірісімен-ақ бәрін білгісі келді, профессор лекция оқығанда көз айырмай мейлінше зер салып тыңдайтын. Оның дүние мен адамдар туралы ұғымы сағат санап, күн санап өсті. Туған ауылынан жырақта жүрген Мәлік Ғабдуллин үшін студенттік шағы оңай бола қоймады. Бұл кезең қазақ халқының басына қара бұлт үйіріліп, елді ашаршылық жайлаған нәубет жылдарымен тұспа-тұс келді. Бұғанасы бекей қоймаған жеткіншек үшін ең ауыры бірден әжесі мен анасынан және бауырынан айырылуы болды. Сұр өмір өлген анам тіріліп жылағанға келе ме, қалқатайым келші - деп емшегін маған бере ме? - деп егілген 190 Мәлік еліне сол кезде жете алмай анасын ақтық сапарға шығарып сала алмағанына өмірінің соңына дейін өкініп өтті [3].

Мәлік Ғабдуллин ҚазПИ-ын 1936 жылы тәмәмдайды. Әскерде де ерекшеленген Мәлік Ғабдуллин арада жыл өткенде күтпеген жерден комсомол қатарынан аластатылады. Бұған халық жауы деп танылған

Сәкен Сейфуллин, Санжар Асфендияров, Бейімбет Майлин секілді марқасқалардан тәлім-тәрбие алғаны, сондай-ақ өзі қатарлас бірқатар ұлтжанды азаматтарды қаралап түсініктеме беруден бас тартуы түрткі болады. Жан ұшырып жүріп өзінің халық жауы емес екенін дәлелдеген ол ғылым жолын таңдап, 1938 жылы аспирантураға түседі. Қазақтың өзіне батырлық рухын ұмыттырарлық кезеңде, бұның барлығын феодализмнің сарқын шағы- деп құртуға айналдырған кезеңде Мұхтар Әуезовтың кеңес беруіменен Мәлік Ғабдуллин батырлар жырын зерттеумен айналыса бастайды. Таңдауына тиіп баптап алып шыққан «Қобыланды батыр» жыры өзге де батырлар жырының күні бүгінге жетуіне септігін тигізгені рас. Алайда, Мәлік Ғабдуллин қазақ ауыз әдебиетінің ерекшелігін айшықтайтын диссертациясын қорғауға үлгермейді, соғыс басталып 1941 жылдың маусым айында өз еркімен майданға аттанады. Бұл кезде 26 жасар жас ғалымның үйленіп, отбасын құрғанына бір жыл да толмаған еді. Мәлік Ғабдуллин майданға Алматыда жасақталған генерал Иван Панфилов басқарған 316 атқыштар дивизиясының құрамына аттанады. Алғашқы күннен 45-ші батареяның саяси жетекшісі, сонаң соң 2-ші атқыштар батальонының комиссары, полк үгітшісі болған Мәлік Ғабдуллин талай шайқаста қаһармандықтың асқан үлгісін көрсете білді. Соның ішінде Мәскеу түбіндегі шайқастарда стратегиялық маңызы зор Бородино селосын жаудан тазартуда жасалған батылдығы ерекше болды. Мәлік Ғабдуллин саяси жетекші ретінде үгіт-насихатты асқан шеберлікпен жүргізе білді. Әсіресе, оның сөздері қазақ жастарының рухын көтеріп, көзсіз батырлыққа баруына ықпал етті. Тіпті Төлеген Тоқтаровтың өзі Мәлік Ғабдулинді қанды көйлек майдандасы ғана емес, ұстазындай пір тұтты.

Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаровқа КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының жарлығымен 1943 жылдың 30-шы қаңтарында Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Бұл атақпен қоса, Ленин Ордені және Золотая Звезда медалімен де қоса марапатталды. Осы жылдың тамыз айында батыр гвардия өмайоры майданнан елге демалысқа жіберілді. Осылайша қазақ батырларын зерттей жүріп соғысқа аттанған Мәлік Ғабдуллин өзі де батырлық жырға арқау болды. Алғашқылардың бірі 191 болып орыс жазушысы Борис Полевой «Эпостың туы» деген очергін жазып бүкіл Кеңес халқынан сүйінші сұрады. « Мәлік батыр, әрі күшті, ержүрек. Қыр түлкісіндей айлакер, ақбөкендей саққұлақ, жау дүрсілін қырымнан біледі. Темірдей қатты білектері неміс төбеттерін қырудан қалжыраған емес. Қанша қырса, сонша күшейе береді, үрейі ұшқан немістер Мәлікті көрген жерден-ақ зыта бастайды» [4].

Мәлік Ғабдуллин мен Бауыржан Момышұлы бір дивизияда болып, бірінің ерлігін бірі талай рет көрген. Мәліктің ерлігін талай рет өз көзімен көрген Бауыржан Момышұлы:

Ел күйзелген кезінде,
Ерлік еткен бауырым.
Жау жағадан алғанда,
Батырлық еткен бауырым.
Ел намысын құрметтеп,
Ер намысын ардақтап,
Құтты болсын айтамын.

Шын жүректен Мәлігім - деп өзінің қуаныш сезімін білдірген болатын [4].

Мәлік Ғабдуллин тек қана Кеңес Одағының батыры емес, сонымен қатар әскери публицист. Ол кісі қай жерде жүрсе де, өзінің ұқыптылығымен көзге түсе білген. Мәлік майданға қайтып оралғанда Кеңес үкіметінің қорғаныс министрлігіне қызметке алынады. Онда Қызыл армияға үгіт-насихат жүргізетін басқарма бастығы етіп тағайындалады. Бұл қызметті екі жылдай абыроймен атқарған Мәлік Ғабдоллаұлы талай қазақ жауынгерлерінің тиісті деңгейде бағасын алуына ықпал етеді. Майданнан оралған соң, батырға тән сипатымен ерекшеленді. Барлық зейінін ағартушылық саласына арнап, өмірлік ұстанымына ұштасқан қазақ фольклорын тереңнен зерделеуді жалғастырды. 1953 жылдан бастап, бақандай 10 жыл Абай атындағы қазақ педагогикалық институтында ректор болды, әрі дәріс оқыды. Шәкірттері Мәлік Ғабдуллиннің есімін әлі күнге дейін ризалықпен еске алады. Ол жастарға мейірбан ұстаз, қамқор әке бола білді. Соғыстан кейін әкесіз өскен қаншама қазақ баласына қамқорлық жасап, жақсы сөзімен, өнегелі ісімен демеді.

Отты жылдары майданнан қан кешіп келген әскери адамның мейірбандығы, жанының тазалығы кімді де болсын таң қалдырады. Рас, Мәлік көп жазды, соғыс аяқталғаннан соң ол жазуға ден қойды. «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Майдан очергтері», «Достар», «Жолдастар» туралы, «Ызғарлы жылдар». Қарапайым тілмен жазылған соғыс уақытындағы 192 оқиғаларды оқырман қызыға оқыды, жылы қабылдай білді.

Мәлік Ғабдуллиннің қаламынан махаббат пен бақыт, жалынды жастық өмір жайлы тамаша шығармалар туды. Мәлік Ғабдуллин жаңа жыл мейрамын ерекше жақсы көретін. Бұл мерекеде барлық отбасы мүшелері түгел жиналып, бас қосатыны жанына жылылық сыйлайтын. Бірақ 1973 жылдың жаңа жылы, батыр ағамыздың соңғы мейрамы болатын. Отағасының кенеттен өмірден озуы шаңыраққа үлкен күйзеліс әкелді. Әсіресе Нәзияның басына айықпас қайғы әкеледі. Мәліктен кейінгі

өмір маған керек емес дейтін ол. Қайғысы бойына тарап кеткен әйел ішіп-жеуден, барлығынан бас тартып, өзін тұңғыққа тастап жіберген еді.

Мәлік Ғабдуллин ұлы Баттал да өмірден ерте кетті. Ол да жүрек ауруынан қаза болды. Осылайша атақты текті жалғастыратын ұрпақ қалмады. Бірақ батыр атамыздың даңқын қызы Майданнан тараған ұлқызы жалғады. Шындығына келгенде Халықтың адамы деген сөз бар емес пе? Мәлік атамыз дәл осы атаққа лайық жан. Ол өзінің туған халқын, оның мұрасын сүйді. Халық мұрасын жинақтауға үлес қосып, үлкен жауапкершілікпен қарады. Ол барлық жерде өзін ұстамды, сабырлы көрсетті. Сол қасиетімен көпке үлгі болғаны рас. Міне жау-жүрек жауынгер, елінің патриоты болған тұлғаның тағдыры осы. Бір адамның басында қаншама жақсы қасиет пен мінез тоғысқаны таңданыс тудырады. Мейірім мен қарапайымдылық, адалдық, ұқыптылық, шексіз батылдық. Халықтың сүйікті ұлы, мақтанышы. Оның тұлғасы қазақ тарихында қашанда мәңгілік асқақтай бермек.

Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің деректілік жағынан болсын, көркемдік сапасы жағынан болсын мейлінше құнды «Сол бір күндерде», «Жас қазақ», «Төлеген Тоқтаров» дейтін әскери повестерінде жас барыстай жалынды Төлеген Тоқтаровтың, саяси жетекші В. Ключковтың, полк комиссары Ахметжан Мұхамедияровтың, барлаушы Бахтияр Меңдіғазиннің, полк командирі Н. В. Капровтың, майталман командир, ұлт тілінің қамқоры, терең білімді В. Н. Шуттің, жанартаудай жігерлі, алып тұлғалы Балтабек Жетпісбаевтың, жауынгеркомпозитор Рамазан Елебаевтың батырлық-ерлік іс-қимылдары келісті өрнектелді. Сонымен бірге солдат әзілдері, жаратылыс суреттері көркемдік қуатымен, шеберлік қырларымен өзгешеленеді. Әскери мемуарист М. Ғабдуллиннің «Досыма хат», «Ерлікке баулу – тәрбиеден», «Майдан дәптерінен», «Тапқырлық», «Қайтқан кек», «Біздің Сашок» деген новеллаларында, эпистолярлық мұрасы мен күнделіктерінде жақұттай жарқыраған сөз меруерттері, адам жанының тұңғық терең иірім-сырлары, кестелі кемеңгерлік толғамдар, сыр мен сезім сұлулығынан туған нақысты сөйлемдер жеткілікті. Мысалы, «Досыма хат» дейтін жазбаларындағы мына бір ой-толғамын миға жүгіртейікші: «Ай артынан ай туып, жыл соңынан жыл да келер. Бүгінгі ауырлық, сұрапыл соғыстың дәуірі ертең-ақ шаттық, алтын нұрын шашқан сәулет күніне жеткізер. Сол кездерде өткен уақыттың оқиғаларына көз салармыз. Адам тарихынан ғасырлар бойы өшпестік орын алған талай-талай белестерді, мақтаныш етерліктей болып жасалынған мазмұнды істерімізді, халқымыздың абырой-атағы, даңқы, намысы үшін жас өмірін қаза еткен батыр бауырларымызды еске түсірерміз. Олардың ерлік істерін, олардың бізге қосқан аманатын «қасықтай қаның қалғанша халқыңа қызмет ет» деген тапсырмаларын еске алармыз» (1941 жыл, 31 қазан. Майдан) [4]. Задында, баһадүр, білімпаз,

ұстаз Мәлік Ғабдуллиннің әскери прозасы – сұрапыл жылдардың шежіресі іспетті. Қан кешуде ғажайып ерліктер жасаған, түйғындай түлеген сайыпқыран көкжал ерлердің рухына орнатылған көркем ескерткіш деу лайық. Сондықтан да заманнан заманға ауысып-озған сайын оның деректі һәм көркем прозасының танымдық, көркемдік, тағылымдық мәні зорая бермекші. Жас ұрпақты тәуелсіз қазақстанның шынайы қорғаушысы, жер – судың қаһарман сақшысы, сүйікті Отанының тірегі, иесі болу қақында тәрбиелеуде, ұлттың рухани игіліктері мен қасиеттерін жарқын болашақтың бақыты мен кәдесіне жартуында, жаңарту мен қоғамды өрлету мақсатында, адам бойындағы ізгілік пен кісілік, парасат пен пайым, жанашырлық пен бауырмалдық секілді жақсылықтарын кейінгі толқынның жүрегіне терең ұялатуға Мәлік Ғабдуллиннің ерлік өмірі мен 203 өнегеге толы істерінің мәні мен мағанасы ерекше елеулі. Кесек тұлғаның ғибадат, тағылымды істері, таза болымыс бейнесі, өз шығармаларында көрініс тапқан.

Халқымыздың айтулы да біртуар ұлы М. Ғабдуллин туралы аз жазылған жоқ, әлі де жазыла береді. Келер ұрпақ көзкөргендердің естеліктері арқылы оның үлкен адамшылығын, кішіпейілдігін, батырлығын, ғалымдығын, сондай-ақ мейлінше қарапайымдылығын әрдайым еске алып отырады.

«Мен – халық ұлымын, халықтың киесі бар. Жалған дүниеде ең ізгі, ең асқақ, ең таза нәрсе - өз халқыңның қызметшісі болу», - деген Мәлік Ғабдуллин өзінің бар жан дүниесімен осы мұрат жолында ғұмыр кешіп, халқына қызмет етудің тамаша үлгісін көрсеткендей көрінеді.

Әрине, тарихи тұлғаның әр қадамы **«Ізгілікке тұнған із...»**

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметова З. Бабалар аманаты: Естелік эссе. – Алматы, 2017.
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
3. Жолдасбекұлы М. Елтұтқа: Ел тарихының әйгілі тұлғалары. - Астана: KUL TEGIN, 2001.
4. Қазақ тарихындағы Ұлы Тұлғалар: Портреттер. – Алматы: Өнер, 2003.
5. Қазақтың ақын - жазушылары. – Алматы: Дәуір, 2006.

*С. Ж. Хамитова, магистрант
Шоқан Уалиханов атындағы Көкшетау университеті*

ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЕРЛІГІ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бастауыш сынып барлық білімнің бастауы болғандықтан бала бойындағы адамгершілік, эстетикалық, еңбек, патриоттық тәрбие міндетті түрде берілу керек. Қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыру өте маңызды рөл атқарады. Баланың бойына кіші жасынан бастап еліне деген сүйіспеншілік, отанға құрмет және патриоттық сезімдерді сіңіру қажет. Сонымен қоса ұлы тұлғалардың ерлігін біліп, шығармаларымен таныстыру және бала бойына дарытып тәрбиелеу біздің мойнымызда. Негізі бастауыш сыныпта мұғалімнің рөлі өте ерекше. Себебі бұл жастағы балалар еліктегіш болып келеді. Сондықтан мұғалімнің бойында да патриоттық сезімнің орын ерекше болуы керек. Бала мұғалімге қарап өз елін қалай сүйеу керек, қалай мақтан тұту керек екенін біле отырып, өз бойынан осы керемет қасиеттерді таба алуға жетелеу қажет. Өйткені патриотизмнің шынайы үлгісі- мұғалім болып табылады.

Жалпы патриоттық сезім - адамгершілік сезімнің бір қомақты саласы болып табылады. Яғни адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне және ұлттық құндылықтарына деген өз бағасы мен жеке қатынасының, сезімінің көрсеткіші болып табылады. Ал патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның мемлекет деген ұғымды өзінің бүгінгімен және болашағымен байланыстыра алуын айтамыз. Патриотизм – жаңа түсінік емес, ол – қоғамдық сана нысандарының бірі, бұл тарихи және таптық санат қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығып отырады [4, 5 б.].

Философиялық түсіндірмеде: «патриотизм (грекше *patris* Отан) мазмұны Отанға сүйіспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгінгісі үшін мақтаныш, Отан мүдделерін қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім» делінсе, ал лексикалық мағынада патриотизм «Отанға деген сүйіспеншілік, өз Отанның, өз халқына берілгендікті» білдіреді. Патриотизм жалпы алғанда ұлттық мәдениеттің, ал жекелей алып қарағанда саяси мәдениеттің элементі болып табылады.

Патриотизм, ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм проблемаларына көптеген философтар (М. Қозыбаев, Ә. Нысанбаев,

А. Қалмырзаев, Л. Ахметова, К. Меңлібаев және т.б.) жазушылар мен филолог ғалымдар (М. Әуезов, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, Ә. Нұршайықов және т. б.) аса назар аударды [3, 100 б.].

Қазақ халық педагогикасын патриоттық тәрбие беру мақсатында пайдалануға байланысты орындалған жұмыстардан С. Иманбаеваның (ұлттық жауынгерлік дәстүрлер арқылы оқушыларды ерлікке тәрбиелеу), А. Бейсембаеваның (қазақ ерлік эпосы арқылы бастауыш сынып оқушыларын патриоттылыққа тәрбиелеу) зерттеулерін, Қ. Б. Жарықбаевтың (Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда педагогикалық ойлардың дамуы), С. Қалиевтың (Қазақ халық педагогикасында тәрбие мен білім берудің ғылыми педагогикалық негіздері), Ә. Табылдиевтың (қазақ ерлік эпосын оқыту әдістемесі) зерттеулерін атауға болады.

Патриоттық тәрбиенің кейбір салалары С. Ұзақбаеваның, Р. Төлеубекованың, К. Қожахметованың, Р. Дүйсембінованың еңбектерінде де ішінара қарастырылады.

Қаһарман жазушы Б. Момышұлы «ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқымен қан жағынан және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері қалыптасқан, тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты» дейді [6].

Бұл ой-пікірден шығаратын негізгі тұжырым: Б. Момышұлы көрсеткен рухани ерекшеліктерді сақтау ұлттық патриотизмнің критерийі болып табылады. Жас мемлекетіміздің болашақ тіректерін патриотизмге тәрбиелеуде, міне, осы негізгі ұғымдар басшылыққа алынған жөн. Б. Момышұлы айтып отырған белгілер – тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру, патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру, мінез-құлқына патриоттық сипат беру – мектептегі оқу-тәрбие ісінің өзегі болуы керек. Бұл жай ғана сөз негізінде емес, сабақ, сабақтан тыс уақытта және әдістемелік оқу құралдарында көрсетіліп, қолданылуы қажет.

Бабадан қалған кең байтақ жерімізде өмір сүріп отырған барша халық «Тәуелсіз Қазақстан» деген жас мемлекеттің негізін қалап бірікті. Ендеше, олардың жарқын болашаққа деген көзқарасы, мақсатты мен мүдделері бір бағытты ұстануы керек. Осының өзі «қазақстандық патриотизм» ұғымын қалыптастыру мақсатының негізін қояды.

Ал қазақстандық патриотизмнің арқауы – қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, наным, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына

сыйластық, оның заңдарына бас ию, рәміздеріне құрмет, ел жетістігіне сүйсіну және мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру қазақстандық патриотизмнің белгілері. Оның туындап, қалыптасып, тәлім-тәрбие айналымына енуі тағы да ата-ана мен ұстаздарға тікелей қатысты.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында өзі туып өскен жеріне сүйіспеншілік сезімін, ана тілін құрметтеу, Отанға деген адалдықты сақтау, оның тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау, Отан алдындағы борышты өтеуге, Отанның тарихы мен болашағын мақтан ету, сонымен қоса оның гүлденуіне өз үлесін қосуға тәрбиелеу арқылы бұл сезімдердің барлығын сабақ үстінде, сыныптан тыс уақытта дамытып, уақыт өте келе баланың бойынан көруге болады.

Еліміздің тарихында Отанға деген сүйіспеншілік сонау батырлар кезеңінен бастау алады. Батырдың туған елі, жері үшін өзін аямай соңғы демі қалғанша жауға қарсы күрескенінен көруге болады. Батырлар жырларынан үзінді балаларға бастауыш сыныптан бастап беріліп, олар Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қамбар және т.б. батырлар ерлігімен танысады. Бұл жырлар арқылы бала бойына елін қоғауға, ерлік жасауға ғана емес сонымен қоса адал дос болуға тәбиелейді.

Тарихтағы ең үлкен оқиғалардың бірі ол - Ұлы Отан соғысы. Бұл кезеңде де қаншама қазақтың қара домалақ ер азаматтары мен қаһарман қыздары Отан үшін өз жандарын қиды. Осы сұрапыл соғыс кезінде Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин сияқты аталарымыз бір қолында қару, бір қолында қалам ұстап, болашақ ұрпақтары үшін көптеген шығармалар қалдырды. Солардың бірнешеуін бастауыш сыныптың «әдебиеттік оқуда» ықшамдалып кездеседі. Мысалы: Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасынан үзінді 4 сыныпта беріледі. Бауыржан Момышұлына ең алдымен тұлға ретінде қалыптасуға әсер еткен басты факторлардың бірі өзінің түлеп-ұшқан ұясы. Сондықтан да, Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармашылығының негізінде бастауыш сыныптың оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеудегі шығармалардың бірі болып табылады. Өйткені шығармадағы басты кейіпкер батырдың өзі, оның қабылдауы, сезім-түйсігі арқылы өтіп жазылған шығарма. Бұған қоса, повесте автордың балалық шағы қамтылған, демек, онда Бауыржан Момышұлының қалыптасуы, шығармашылық процесі көрініс тапқан. Бұл шығарма арқылы бала бойында өзіне деген сенімділік, кедергілерден қорықпайтын, өз елін құрметтейтін тұлғаны тірбиелеу болып табылады [1, 55 б].

Ал Мәлік Ғабдуллиннің «Батыр Бауыржан», «Тау қыраны» сияқты шығармалардың үзінділерімен балаларды қосымша таныстыруға болды. Мәлік Ғабдулин жас ұрпақты туған жеріне деген патриотизмге, әділдікке тәрбиелей отыра өзінің ерлік өмірі мен өнегеге толы істерімен есте ерекше

қалған. Сонымен қоса болашаққа сенімі арқылы бесік жырынан бастап, батырлар жырына дейінгі халық поэзиясының тәрбиелік мәнін ашып, оның іс-жүзіндегі маңыздылығын көрсетті. Ал енді «Батыр Бауыржан» шығармасына келетін болсақ, мұнда Бауыржан Момышұлы туралы өз естеліктерін, батыр атамыздың ерліктері туралы жазады. «Тау қыраны» шығармасында майдангер досы Төлеген Тоқтаровтың ерліктері туралы әңгімеленген. Сондай-ақ бұл шығармасында ел үшін жанын қиған жауынгерлердің ерліктері, сол уақыттағы ерлердің өмірін дәріптеп, батырларға құрметпен қарауды тәрбиелейді. Нығмет Ғабдуллиннің «Батырдың мінезі» шығармасы Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы кезінде жасаған ерлігі туралы әңгімелей келе, баланы батыл, өжет және тәуекелшіл болуға тәрбиелейді [2, 73 б].

Қазақ халқының тарихында көптеген жарқын жұлдыздар болған. Оларды біз ұлы тұлға деп, қалдырған шығармаларын көздің қарашығындай сақтап, аманат ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді. Ұлы тұлғаның ерлігі оның атында емес, елі үшін жасаған ісінде. Осы жасаған ерліктерін балаға жеткізу және бойына дарыту өте маңызды.

Қорыта келе, патриоттық тәрбие тек қана отанды сүю емес, сонымен қоса сол елдің тарихында болған ұлы тұлғаларды мақтан тұтып, ерліктерін білу. Қазақстан тарихында көптеген ұлы тұлғалар болған, олардың әрқайсысы өз заманындағы болған оқиғаларға үлкен үлес қосқаны туралы бізге мәлім. Бастауыш сынып оқушыларына ұлы тұлғалардың шығармалары арқылы үлкен өнеге беруге болады және де ерлік жасауға, отанды сүюге, алда кездесетін қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Сонымен қоса өз сөзінде тұруға, елін қорғауға, батыл болуға, өжеттілікке жетелейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мүфтибекова З., Рысқұлбекова Ә. Әдебиеттік оқу. 4 сынып. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019.
2. Қабатай Б., Зейнетоллина У., Қалиева В. Әдебиеттік оқу. 3 сынып. – Алматы: Атамұра баспасы, 2018.
3. Сарчаева К. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын өткізуге байланысты әдістемелік нұсқаулар. Әдістемелік құрал. – Алматы: ЖШС «Жания Полиграфия», 2003. – 100 б.
4. Ұзақбаева С. А. Қазіргі қоғам және патриоттық тәрбие. Оқу құралы. – Алматы: ӨКБ «Қаз білім жабдық», 2005. – 94 б.
5. Байділдина К. Патриоттық тәрбие бастауы. – Бастауыш мектеп
6. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.rusnauka.com/7_NITSB_2014/Pedagogica/6_162058.doc.htm

2 секция. ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ОФИЦЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ-ҚҰНДЫЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

УДК 355

*Б. М. Актанов, магистр военного дела и безопасности, начальник цикла
тактики кафедры тактики и общевойсковых дисциплин
Академия Национальной гвардии Республики Казахстан*

ВОСПИТАНИЕ У КУРСАНТОВ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА

*«Проблемы воинского воспитания – есть
проблема воспитания от пеленок до
штыковой атаки»*

Б. Момышұлы

Процесс формирования у военнослужащего качества гражданина и патриота является длительным, сложным и внутренне противоречивым. В своем развитии он проходит ряд периодов: родительское воспитание, учеба в школе, учеба в военном учебном заведении и профессиональная деятельность после ее окончания. Большое значение придается интеллектуальному, нравственному и патриотическому воспитанию курсантов.

Родительское воспитание – самая главная стадия дошкольного воспитания. Школьное воспитание, общественно-молодежное воспитание – самая важная стадия в становлении человека. В общественном же воспитании человек нуждается до самой гробовой доски. Ошибочно считать, что взрослого не нужно продолжать воспитывать. Солдат – взрослый человек, но его общественное положение производит его в младший ранг и этот ранг в армии требует не менее заботливого отношения и опеки, чем над юнцом. Совершенно не допустимо чтобы душа солдата послась на подножном корму [1].

Патриотизм рассматривается как нравственный и политический принцип, социальное чувство, содержанием которого является любовь к Отечеству, гордость за его прошлое и настоящее, ответственность за будущее. Патриот – человек, преданный своему Отечеству. А патриотизм

– это чувство любви к своей Родине, готовность к ее защите от врагов. Чувство патриотизма проявляется в детском возрасте, развивается и обогащается в социальной, духовно-нравственной сфере жизни. Оно неразрывно связано с активной социальной деятельностью, действиями и поступками, осуществляемыми на благо Отечества.

Таким образом, воспитание казахстанского патриотизма, основанного на осознании своей исторической, культурной, национальной и духовной принадлежности к Родине, является одной из приоритетных задач развития общества. Казахстан – это не только огромная территория, освоенная нашими предками, богатейшие природные ресурсы, созданная трудом многих поколений экономика и культура, но и духовность нашего народа.

В плане единения народов Казахстана в новое сообщество важное место занимает формирование у людей чувства казахстанского патриотизма. Современные исследователи выделяют три модели патриотизма:

- интерактивная, которой присущ общенародный патриотизм, активная сопричастность населения процессу модернизации;
- авторитарная, с такими характерными чертами как государственный патриотизм, гипертрофированная роль государства;
- контрастно дезинтегрированная, которой присуща индифферентность (безразличие)
- антипатриотизм, доминирование статных (социальных, этнических) интересов [2].

Цель патриотического воспитания состоит в формировании патриотического сознания, осознанном стремлении личности, социальной группы к патриотической деятельности. Критериями эффективности воспитания казахстанского патриотизма в поликультурном обществе являются: патриотическое сознание, гражданско-патриотическая позиция, гражданская активность. Задача патриотического воспитания состоит в вооружении личности человека знаниями об идеях и принципах патриотизма.

В настоящее время в нашей Республике созданы условия для воспитания казахстанского патриотизма, основанием для которого выступают успехи в проводимой модернизации всех сторон жизни общества, общность исторических судеб этносов, составляющих народ Казахстана, общие черты в менталитете, их причастность к созданному экономическому потенциалу страны. Патриотизм как естественная привязанность к своему народу, родным местам, языку, национальным традициям, начинается в раннем детстве и продолжается на протяжении всей жизни.

Одним из актуальных аспектов обучения и воспитания патриотизма является формирование человека, способного к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной поликультурной среде, обладающего развитым чувством понимания и уважения других культур, умениями жить в мире и согласии с людьми разных национальностей, рас и верований. Личность, которая толерантным отношением ко всем аспектам жизни общества способна разрядить конфликтную ситуацию, снять напряжение на почве межэтнических и межкультурных разногласий. Следует отметить, что воспитание толерантности в условиях поликультурного общества – также и важнейшее условие межэтнической интеграции.

Особое внимание в нашем учебном заведении уделяется созданию условий для развития творческого личностного потенциала курсанта. Система патриотического воспитания предусматривает:

1. Формирование и развитие социально значимых ценностей, гражданственности и патриотизма в процессе обучения и воспитания;
2. Усиление информационно-пропагандистского обеспечения реализации государственной политики по повышению патриотического сознания курсантов;
3. Активизирование мер, направленные на популяризацию воинской службы;
4. Организация и проведение тематических встреч с участием ветеранов войны, спортсменов, воинов-афганцев и других;
5. Использование воспитательного - познавательных возможностей культурного наследия народа на примере памятников истории и культуры.

Научные исследования и практика взаимосвязанного обучения родному и иностранному языкам свидетельствуют о взаимообогащении и о положительном влиянии языков на всестороннее развитие личности обучаемых. Знание учащимися государственного языка и его применение несут в себе колоссальный заряд в сохранение нации, истории народа, его будущего, помогает в формировании патриотизма, гражданственности, любви к Отчизне.

Воспитание казахстанского патриотизма необходимо пронести через учебный материал. Если изучение литературы воспитывает высокообразованного, культурного, эрудированного человека с богатым воображением, развитыми чувствами, острым умом, прививает общечеловеческие культурные и нравственные ценности.

Чувство патриотизма должно быть тесно взаимосвязано и с чувством гражданской ответственности, гражданского долга перед своей страной.

Воспитание уважения к традициям Отечества происходит не только в учебной деятельности, но и в повседневной деятельности. Проводимые

на высокой патриотическом уровне уроки Мужества, различные конкурсы, посвященные казахстанским праздникам, способствует воспитанию курсантов в духе толерантности и уважения к культуре и традициям народа.

Патриотизм – любовь к Родине, преданность ей, ее лучшим традициям и обычаям – чувство необходимое, великое и прекрасное. Прививая это чувство молодому поколению, мы даем ему возможность прикоснуться к самым памятным страницам истории Отечества, своего края, рода, семьи, способствовать раскрытию творческого потенциала личности.

Патриотизм проявляется в политической культуре граждан и становится источником силы, единства народа и целостности государства. Подлинный патриотизм всегда на стороне справедливости, гуманизма и демократии [3].

Воспитание всех человеческих качеств задача обучения и воспитания современной системы образования. Его появление и утверждение должно стать объединяющим и консолидирующим духовным фактором в поликультурном обществе. Только строительство поликультурного, многоязычного и толерантного общества в нашей стране является залогом существования и процветания нашего государства.

Список литературы

1. Бауыржан Момыш-ұлы. Психология войны. – С. 32.
2. Информационно-аналитический портал: spy.kz - Петропавловск 1.08.2007 г.
3. Назарбаев Н. А. «Казахстанский путь». – Караганда, 2006.

*С. К. Байжанова, магистр педаг. наук, старший преподаватель,
К. К. Шаймердинов, магистрант
Академия гражданской защиты им. М. Габдуллина МЧС РК*

ФОРМИРОВАНИЕ МОРАЛЬНО-ЦЕННОСТНЫХ УСТАНОВОК ЛИЧНОСТИ ОФИЦЕРОВ В ПРОЦЕССЕ ВОСПИТАНИЯ И ОБРАЗОВАНИЯ

В современном Казахстане воспитанию и образованию молодежи уделяется большое внимание. Особое значение имеет образование и воспитание в военных вузах. Так как выпускникам военных и военизированных образовательных учреждений необходимо обладать высокими морально-нравственными качествами. Поддержание таких качеств в течение всей жизни обеспечивают правильные установки, приобретенные ими во время обучения.

В военной педагогике формирование морально-ценностных установок офицеров происходило в соответствии с этапами развития военной науки, которая в свою очередь развивалась в соответствии со временем:

1. До революционный период (конец XVII века — начало XX века) возникновение, организация и развитие военных училищ, отделение военной педагогики как самостоятельной отрасли;
2. Советский период 1917 год—1991 год;
3. Современный этап развития военной педагогики в независимом Казахстане.

Рассмотрим первый период. Создание первых военных школ в конце XVII века связано с установлением в России регулярной армии и возникновении необходимости в квалифицированных, грамотных военных специалистах. Так, в 1678 году по приказу Петра I в Азове открывают Мореходную школу, в 1700 году школу при бомбардирской роте Преображенского полка. В 1701 году открываются еще школа Пушкарского приказа, где обучались основам артиллерийского дела, минного дела, понтонного дела, фортификации и школа «Математических и навигациях» наук. Для обеспечения четкого порядка в армии и на флоте Петр I издает первый в истории России воинский Устав в 1716 году. Вся система обучения военных была направлена на подготовку военных кадров, способных победить в войне. В образовательном процессе начинает проявляться систематичность и последовательность. Военные

воспитывались на идеях защиты интересов государства. Эта идея и сейчас прослеживается в современном военном воспитании.

В советский период (1917 год—1991 год) кардинально меняется система содержания и подготовки военных кадров. Сразу после Великой Октябрьской социалистической революции Красная Армия создавалась исходя из положения о том, что офицеры должны быть из народа и владеть в совершенстве военным делом. В связи с этим вся система дореволюционного военного образования была полностью разрушена и началось строительство новой системы советского военного образования основанной на учениях К. Маркса, Ф. Энгельса, В. И. Ленина о ведущей роли народных масс. После окончания Великой Отечественной войны используя боевой опыт, разрабатывается система принципов обучения и воспитания курсантов, формируется форма и методы военного обучения, так как офицеры должны выполнять задачи, требующие высокой технологической компетенции, в том числе в области проектирования. В советский период складывается концепция методологии обучения военных специалистов.

Третий этап. В 1991 году начинается новый современный этап в развитии системы военного образования. Происходит освобождение военной педагогики от идеологических приоритетов [1].

С этого периода в Казахстане ведется подготовка профессиональных кадров на всех уровнях в военных учебных заведениях: в Республиканских школах «Жас Улан» в гг. Алматы, Караганда и Шымкент, военных колледжах в гг. Щучинск и Астана, Военном институте сухопутных войск, Военном институте Сил воздушной обороны, Военно-инженерном институте радиоэлектроники и связи, на военных кафедрах при вузах и в Национальном университете обороны. По программам дополнительного образования функционируют курсы повышения квалификации в военных вузах РК и за рубежом. На военных кафедрах при гражданских вузах осуществляется подготовка офицеров запаса, а также казахстанских специалистов готовят в зарубежных военных вузах.

За время существования независимого Казахстана военная наука продвинулась вперед, о чем свидетельствуют многочисленные исследования. Так, они касаются истории подготовки профессиональных военных кадров в Казахстане (Тасбулатов А. Б.), проблем инновации военного образования и подготовки офицеров высшей квалификации (Калиев А. К., Жаксылыков Р. Ф.), вопросов формирования у будущих офицеров готовности к управлению и интереса к профессиональной деятельности и ценностному ориентированию в процессе обучения, развития лидерских качеств и коммуникативной компетентности

(Ажибаев М.Т., Мальгаждарова Т.Г., Тауланов С. С., Толенгутов К. Ф., Саганаев А. М., Наконечный С. А., Талкибаев А. Б.).

За основу патриотического воспитания взяты героизм казахского народа, героев Великой Отечественной войны (В. Клочков, И. В. Панфилов, Б. Момышұлы, А. Молдагулова, М. Маметова, Н. Абдиров, Р. Кошкарбаев); - герои-миротворцы (афганцы – А. Шахворостов, К. Майданов; казбат – Е. Алиакпаров, Р. Батырханов, К. Кудабаяв) [2].

Вопросы патриотического воспитания молодежи на основе героических поступков и подвигов отражены в трудах ученого-педагога, писателя, заслуженного деятеля науки Казахской ССР, доктора филологических наук, Героя Советского Союза Малика Габдуллина, который писал, что «Героизм того или иного человека, является результатом воспитания. Поэтому я отдаю должное тем, кто меня воспитал» [3].

В поисках героической сущности профессии пожарного-спасателя можно выделить, прежде всего, её функциональную нагрузку – спасение жизни и имущества людей, победа над стихиями и бедствиями различного масштаба и характера.

Патриотическое воспитание курсантов органов гражданской защиты через призму героических поступков пожарных и спасателей дают нам представление и возможность в процессе воспитания и образования сформировать морально-ценностные установки личности будущих офицеров, проследить преемственные связи и развитие патриотизма и воинской доблести, верности, любви к Родине.

Для достижения этой цели необходимо использовать из наиболее ярких примеров проявления героизма пожарными при выполнении профессионального долга, как, например, ликвидация чрезвычайной ситуации на Чернобыльской атомной электростанции, произошедшей в Украине 26 апреля 1986 года.

Чернобыльская авария - крупнейшая катастрофа в истории мирного атома. Первыми ликвидаторами аварии стали пожарные, которые тушили возгорание в первый час после взрыва и которые боролись с атомной стихией.

Их было 28 бойцов, принявших на себя жар пламени и смертоносное дыхание реактора. Ценой своей жизни герои отвели беду и спасли тысячи человеческих жизней.

Несколько часов горстка отважных людей боролась с пламенем, не давая ему перекинуться на соседние энергоблоки. Люди работали на высоте выше 70 метров под постоянной угрозой новых взрывов, в условиях жёсткого радиационного излучения.

Подвиг пожарных Чернобыля вызвал чувства глубокого восхищения и благодарности не только у граждан Советского Союза, но и у жителей всей планеты. Пожарные из города Скенектади (США) на собственные деньги сделали мемориальную доску в память о тех, кто вступил в драматическую борьбу с разбушевавшимся атомом.

Надпись на той доске гласит – «Пожарный. Часто он первым приходит туда, где возникает опасность. Так было и в Чернобыле 26 апреля 1986 года. Мы, пожарные города Скенектади, штат Нью-Йорк, восхищены отвагой наших братьев в Чернобыле и глубоко скорбим по поводу потерь, которые они понесли. Особое братство существует между пожарными всего мира, людьми, отвечающими на зов долга с исключительным мужеством и смелостью».

Подвиг героев-чернобыльцев всегда будет служить для нас примером мужества, высочайшего профессионализма и верности своему долгу [4].

Еще один из примеров отваги и мужества пожарных являются события, произошедшие 28 июня 2013 года в лесостепной местности штата Аризона, США, где в борьбе со стремительно развившимся природным пожаром героически погибли 19 пожарных специального пожарного отряда «Гранитная гора».

11 сентября 2001 года, при террористическом акте в зданиях башен всемирного торгового центра трагически погибли 343 пожарных, самоотверженно спасавших жизни других людей.

Немало героев пожарных и в нашей стране, отдавших свои жизни при исполнении служебного долга.

Так, 20 мая 1989 года в г. Алматы, когда в результате столкновения шести цистерн с бытовым газом пропаном состава с маневровым тепловозом возник пожар, с последующим взрывом.

Все пожарные, находившиеся в эпицентре взрыва, получили сильнейшие ожоги. Один из пожарных сразу же погиб на месте.

Несколько часов шел этот смертельный бой с огненной стихией, люди выиграли его, но понесли тяжелые потери.

Указом Президиума Верховного Совета СССР за отвагу и мужество, самоотверженные действия при тушении сложного пожара посмертно были награждены орденом Красной Звезды Ислам Абдранов, Куралхан Аккулов, Сейл Алимтаев, Еркин Искаков, Расул Касымов, Владимир Никуленко, Михаил Маликов, Ильшат Сафаргалиев, Фрид Шарипов.

Пожар в бомбоубежище в 2010 году в г. Астана унес жизни троих спасателей, героически погибших при тушении пожара и спасении сослуживца - полковник противопожарной службы Зайцев Валерий Михайлович, майор противопожарной службы Какишев Руслан

Кожаметович, старший лейтенант противопожарной службы Абеев Саят Сапарбекович.

За высокое чувство профессионального долга, самоотверженность и мужество при исполнении служебных обязанностей пожарные посмертно награждены орденом «Айбын» II степени.

26 августа 2021 года в результате пожара и последующих взрывов на складе боеприпасов войсковой части 28349, дислоцированного в Байзакском районе Жамбылской области погибли 17 человек, среди которых были и пожарные.

За храбрость и самоотверженность, проявленные при исполнении служебного долга, присвоено звание «Халық қаһарманы» с вручением знака особого отличия – Золотой звезды и ордена «Отан» (посмертно) - Айманову Меиржану Какпасыновичу – заместителю начальника службы пожаротушения и аварийно-спасательных работ ДЧС Жамбылской области.

За мужество и самоотверженность, проявленные при исполнении воинского и служебного долга, посмертно были награждены орденом «Айбын» I степени - Микропуло Александр Николаевич заместитель руководителя тушения пожара - оперативный дежурный службы пожаротушения ДЧС Жамбылской области, орденом «Айбын» III степени - Жанбулатов Руслан Журсинбаевича – пожарный спасатель войсковой части № 28349, Мешінбай Марат Сайлауұлы – механик-водитель пожарной команды войсковой части № 28349, Надирбеков Еркін Ерикбаевич – начальник пожарного подразделения войсковой части № 28349, Сандыбаев Елдос Қадырбайұлы – старший пожарный-спасатель службы пожаротушения ДЧС Жамбылской области, Тимирбулатов Арнур Серикович – пожарный-спасатель службы пожаротушения ДЧС Жамбылской области, Торебеков Танирберген Кудайбергенович – старший пожарный-спасатель службы пожаротушения ДЧС Жамбылской области.

Имена героев и их героический поступок при выполнении профессионального долга навсегда останутся в памяти людей.

Указанные примеры помогают выработать в обучающихся чувство гордости и принадлежности к таким героям. Использование таких примеров в образовании и воспитании молодежи формируют необходимую морально-ценностную установку будущих офицеров.

Современные военные учебные заведения в Казахстане имеют свою специфику, структуру и содержание, и их основное предназначение – формирование готовности курсантов и слушателей к выполнению поставленных задач. Военно-патриотическое воспитание молодежи и военно-профессиональная ориентация влияют на общую культуру

обучающихся и формирует идеологию, которые постепенно становятся приоритетными направлениями современной жизни. Необходимо развивать в процессе образования в казахстанских военных вузах новые образовательные технологии, основанные на идеологии героизма обучаемой профессии или специальности, патриотизма и любви к Родине, повышать значимость и ценность героических поступков героев былых времен, расширять международное сотрудничество в области обмена опыта в патриотическом воспитании офицеров.

Список литературы

1. Стародубцев М. П. Образовательная политика Российского государства, проводимая Петром I и Екатериной II // Известия РГПУ им. А. И. Герцена. 2013. № 155. С. 127–136. История становления и основные этапы формирования военно-педагогических традиций в системе отечественного военного образования – тема научной статьи по наукам об образовании.

2. Военное образование и наука: Министерство обороны Республики Казахстан Taulanov S., Ashirbayeva N. Features of social and psychological adaptation of teenagers to conditions of training at military school // Pedagogy and Psychology. – 2017. – No. 1(30). – P.87-94 [Электронный ресурс]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/19/30> (дата обращения: 26.06.2021).

3. Жусжанова С. Малик Габдуллин. Этапы становления национального героя // Акмолинская правда. – 28 января 2017 года, № 11.

4. Их было 28 - пожарные Чернобыля - Новости - Главное управление МЧС России по Краснодарскому краю (mchs.gov.ru).

УДК. 61.

*Ж. Т. Бейсенов, оқытушы, Т. Б. Иманқұлов, курсант
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Академиясы*

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАТАН САҚТАУ ЖӘНЕ ӨРТІҢ БОЛУ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Тілсіз жау, өрт қауіпі сонау біздің заманымызға дейін өте үлкен қауіп, орны толмас шығын, тірі жанның жүрегінде қорқыныш сезімін

тудыратын қатер болып табылады. Қарап отырсақ оттың қайнар көзі біздің қоғамызда маңызды орын алады, бірақ қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда оттан (өрттен) туындайтын зардап өте көп. Өрт – егерде қауіп ауқымды болса, ол ну орманды, кең даланы, қалың тоғайды, тұрғын үйлер мен тұрмыстық объектілерге келтірілетін залалы өте ауыр.

Өрттің негізгі себептері: электр желілеріндегі ақаулар, технологиялық режим мен өрт қауіпсіздігінің шараларын бұзу (шылым шегу, ашық от жағу, жарамсыз немесе қолдан жасалған құрылғы қолдану және т. б).

Өрт – бұл арнайы жасалмаған, материалдық шығындармен қатарласып жүретін, кейде адам өлімі болуы мүмкін, бақылауға алмайтын ошақ көзі.

Жану - бұл жанғыш затпен тотықтандырғыш арасындағы тотығу және қалпына келетін реакциялар барысында болатын процесс. Газдар металдар және әр түрлі көміртекті заттар мен жанғыш зат бола алады. Хлор, йод, фтор, бром және ауадағы оттегі әдетте тотықтандырғыш болып табылады. Жанғыш зат және тотықтандырғыш қосылып жанғыш қоспа біртекті (газ+газ) немесе біртекті емес үстіндегі қабаты (сұйықтық+газ, қатты зат+газ) болатын заттарды құрайды.

Жанудың екі түрі бар:

1. дифуздық – тотықтандырғышпен жанатын затпен дифузиялық уақыт жылдамдығы.

2. кинетикалық – тотықтандырғышпен жанғыш зат арасындағы жану жылдамдығы.

Өрттің зақымдау факторлары:

1. Ашық от (жалын).

2. Шашырап ұшатын ұшқын.

3. Жылулық сәулелену, қоршаған орта мен заттардың жоғары температурасы.

4. Түтін.

5. Өрт аймағындағы ауада оттегінің аз мөлшері.

6. Жанудың зиянды заттары (көгеретін қышқыл, көміртек тотығы, фосген).

7. Жарылыстың потенциалдық мүмкін болуы.

8. Психологиялық ауыртпашылық, стресс, дүрбелең.

Өрт түрлері.

– өнеркісіптік өрт (зауыттардағы, фабрикалардағы және қоймалардағы өрт).

– тұрмыстық өрт (тұрғын үйлер мен мәдени – тұрмыстық объектілердегі өрт).

– табиғи өрт (орман, дала өрті).

Өрттің бөлінуі:

«А» класс өрті – қатты заттардың жануы;

«В» класс өрті – сұйық заттардың жануы;

«С» класс өрті – газтекті заттардың жануы;

«D» класс өрті – металлдардың жануы;

«E» класс өрті – электрқондырғылардың жануы;

«F» класс өрті – радиоактивті материалдар мен қалдықтардың жануы.

Өрт және жарылыс қаупі бар объектілердегі апаттар - өрт бұл жану салдарынан материалдық байлықтың жойылуы және адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін жағдай. Жану дегеніміз жанушы зат пен ауадағы оттегінің арасындағы тез жүретін сонымен бірге газ, жылу және жарық бөлетін процесс. Жану толық және толық емес болып бөлінеді. Толық жану оттегі жеткілікті жағдайда, ал толық емес жану оттегі жеткіліксіз жағдайда жүреді. Өзі тұтану (самовоспламенения) химиялық процесстің әсерінен болатын жағдай. Өзі тұтанудың температурасы әр түрлі факторлардан тұрады [2].

Өрттің пайда болуымен байланысты төтенше жағдайлардың қаупін барынша азайту үшін кәсіпорын өртке қарсы қорғауды жетілдіру бойынша шараларды жүйелі түрде жүзеге асырады және өртті алдын-алу бойынша тұрақты іс-шаралар жүргізеді. Кәсіпорында Кәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау Департаменті азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар департаменті тарапынан бақыланады «Өрт қауіпсіздігі саласындағы алдын-алу жұмыстарын тиісті деңгейде ұйымдастыру өрт қауіпсіздігі, өрттің алдын-алу және авариялардан уақытында алдын-ала ескертіп, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарынан кәсіпорынның жұмысында бұзушылықтар мен ауытқулардың мониторингін жүргізуге мүмкіндік береді.

Өрт қауіпсіздігі туралы жалпы ережелер мен мәліметтер Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады.

Өрт – тілсіз жау. Өрттің қай жерде және қашан шығуын болжау мүмкін емес. Ол кез келген уақытта қауіпсіздік және техникалық ережелерді сақтамаған кезде болып тұратын жайт. Оны болжау да, дәл айту да мүмкін емес.

Өртке байланысты негізгі әрі қысқаша мағлұматтар өрт - адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян, материалдық залал келтіретін бақылаусыз жану; ерікті өрт сөндіруші - өрттің алдын алу және (немесе) сөндіру жөніндегі қызметке ерікті негізде (еңбек шартын жасаспай) тікелей қатысатын азамат; өртке қарсы

ерікті құралымдар - азаматтардың елді мекендерде және ұйымдарда өрттің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыруға қатысу нысаны.

Өртке қарсы қызмет - белгіленген тәртіппен құрылған басқару органдарының, өрт сөндіру органының және оның облыстардағы (республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) филиалдарының күштері мен құралдарының, соның ішінде өрттің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыруға, олармен байланысты бірінші кезектегі авариялық - құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған өртке қарсы құрылымдардың жиынтығы [2].

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

Өрт қауіпсіздігі өрттің алдын алу шаралары мен және белсенді өрт қорғанысымен қамтамасыз етіледі. Өрттің алдын алу болып өртті болдырмау немесе оның салдарын азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешені саналады. Белсенді өрт қорғанысы – бұл өрт немесе жарылысқа қауіпті жағдайларымен белсенді күресуді қамтамасыз ету шаралары [3].

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою. Тәуекелдердің алдын алу және орын алған және тәуекелдермен жұмыс істеу. Бұл тәртіп апат немесе апат болғанға дейінгі дайындықты төтенше жағдайға әрекет етуді қоғамдастықты қолдауды және табиғи, техногендік апаттарды қалпына келтіруге қатысуды қамтиды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу – алдын ала қабылданған және төтенше жағдайларды туындау қаупін барынша азайтуға, сондай-ақ адамадрдың денсаулығын сақтауға, қоршаған табиғи ортаға келтіріліген залалды және олар туындаған жағдайда материалдық шығындарды азайтуға бағыттылған шаралар кешені [3].

Төтенше жағдайларды жою – бұл төтенше жағдайлар кезінде жүргізілетін және адамдардың өмірін құтқаруға және де денсаулығын сақтауға табиғи ортаға келтіріліген залалды және материалды шығындарды азайтуға сондай-ақ төтенше жағдайлар аймақтарын оқшаулауға, қауіпті факторлардың жұмысын тоқтатуға бағытталған авария құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстар.

Мақаланы түйіндей келе Қазақ бабаларымыз айтқандай «От тілсіз жау» деген, әр дайым азаматарға бекітілмеген жерде орманда от жақпау керек орман жанса немесе үй жанса онын салдарын өте қайғылы жағдайға әкеліп соғуы мүмкін. Біздің экономикаға, табиғатқа, адамдарға және жан-жануарларға шығын әкеледі. Сол себепті өз табиғатымызды, үйімізді, айналамызды отан сақтап бесіктегі сәбидей мәпелеу айәлап ұстауымыз керек. Ғаламтор жүйесінің оқыған мәлеметерге сүйеніп жуырда болған

Қостанай облысы Аулекел елді мекенінде адамдардын абайсыз істеген қылықтар салдарынан болған өрт қаншама еліміздің отбасыларын және табиғатты шығына әкелді. Сол себепті әр азамат орманда, ағашта, от жақанда сақтық шараларын қатан сақтау керек.

Әдебиеттер тізімі

1. «Азаматтық қорғаныс» Қазақстан Республикасының заңы 2014 жылдың 11 наурызынан № 188.
2. Ким А. Г. Ұшқышсыз ұшатын аппараттардың дамуы және қолдану қажеттілігі // SCI-ARTICLE. 2013. № 12.
3. Ұшқышсыз ұшақтар: максималды мүмкіншілік [Электрон. ресурс] // Ғылым және өмір. 2002 жыл № 6 [Электрон. ресурс]. – URL: <http://www.nkj.ru/archive/articles/4323/> (қолданылған күн: 22.02.2019).
4. Зинченко О. Н. Ұшқышсыз ұшатын аппараттар: картография үшін аэрофототүсіру мақсатында қолдану. – М.: Ракурс, 2011.
5. Воропаев Н. П. Ресей ТЖМ мүддесінде ұшқышсыз ұшатын аппараттарын пайдалану. [Электронный ресурс]. – URL: <http://vestnik.igps.ru/wp-content/uploads/V64/3.pdf> 11.
6. Черноусов И. В. Төтенше жағдайларды болжау / И.В. Черноусов // Төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері. – 2015. – Т.1. – б. 264-267.

ӘОЖ:811.356.252

*С. К. Қасымова, филология ғылымдарының кандидаты
ҚР ТЖМ М. Габдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясы*

ӨТКЕННІҢ ӨНЕГЕСІ – БҮГІНГІНІҢ БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 597 қаулысымен бекітілген Азаматтарға әскери-патриоттық тәрбие беру қағидаларының 1 тарауының 2 тармақшасында «Әскери-патриоттық тәрбие беру – бұл орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің азаматтарда жоғары патриоттық сананы, мемлекетті қорғау жөніндегі конституциялық міндеттерді орындауға әзірлікті қалыптастыру және осыған байланысты қажетті білім мен дағдыны дамыту жөніндегі жүйелі, мақсатты бағытталған және үйлестірілген қызмет» деп және 3 тарау 12 тармақшасында «Өзара іс-

қимылдың мақсаты – Қазақстан Республикасы азаматтарының жоғары моральдық рухын қалыптастыру, әскери-патриоттық тәрбие беру және азаматтар арасында әскери қызметті насихаттау, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының тыныс-тіршілігі туралы хабардар ету, жастарды әскери қызметке даярлау және мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері мүддесінде бірлескен жоспарлар мен практикалық іс-қимылдарды келісу» деп бекітілген [1]. Оның негізінде әрине әскери адамдарды тәрбиелеу мемлекеттің, қоғамның бағытты, жоспарлы қызметі болуын, қоғамдық және басқа да құрылымдар қарулы күштер лауазымды адамдарды, әскери адам тұлғасын өсіріп, оның қалыптасуы қазіргі әскери оның ішінде жоғары арнайы әскери білім ошақтарының талаптарына сәйкес болуының жатқаны белгілі. Ал әскери тұлғаның тәрбиесі өз кезегінде ҚР-ның Конституциясы негізінде, ҚР заңдары, ҚР Президентінің үкімі, ҚР Үкіметінің жарлығы, Қорғаныс министрлігінің нормативті құқықтық актілері және ҚР Қарулы Күштерін тәрбиелеу тұжырымдамасы арқылы іске асады. Ол әскери дәстүрге, патриотизмге және Қазақстан мемлекетінің халқына, ұлттарына деген қатынас, жалпыадамдық байлық, отандық және дүниежүзілік мәдениеттің үлгілерінде негізделген.

Болашақ жас ұрпақты әскери тәрбиелеу осы саладағы барлық лауазымды тұлғалардың басым бағыты. Әлеуметтік-педагогикалық құбылыс секілді оның да белгілі құрылымы бар, оның негізі, тәрбие мақсаты, субъектісі, объектісі, олардың қарым-қатынасы, заңдылықтары, мазмұны, қағидалары, түрі мен әдісі, тәрбие құралы мен амалдары, шешімін бағалау және өзін-өзі бағалауы да бар екені белгілі.

Жалпы әскерилердің қарым-қатынасында тіршілікке деген көзқарасы туындайды. Тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің арасындағы қатынас ішкі дүние, сезім мен сана арқылы өтеді.

Тәрбие түпкі мақсатына жету үшін бірқатар міндеттерді кешенді шешу керек, атап айтсақ, жоғары басшының бұйрығын орындап, қарамағындағыларға беретін бұйрыққа жауапкершілікпен дайын болу, офицерлік борыш сезімін, намысын, өз мамандығының егеменді мемлекетіміз үшін маңыздылығын түйсіну, кәсіптілік біліктілік талаптарын дамыту, шыңдау, әскери бауырмашылықты дамыту, командирлерді сыйлауды қалыптастыру, сондай-ақ қарулы күштердегі қызметке оң мотивациямен қараумен қатар әскери арнайы техниканы, қару-жарақты қолдана білу, күту, кәсіптік пысықтықты дамытуға, жеке жауапкершілікті, тәртіптілікті қалыптастыру.

Әскери болашақ маман – офицерлерді яғни біздің жоғары оқу орынымыздың бейіндік бағыты азаматтық қорғау саласындағы

құтқарушы-офицерлерді оқыту үрдісінің ішкі логикасы бар. Ол оның оқытушы мен курсанттың оқу жағдайындағы ара-қатынасының ғана емес, қызметтік, әскери-кәсіптік, әскери ара-қатынасының біріккен жемісті нәтижесі болып табылады. Олардың әр қадамы қызметке, күнделікті қызмет пен жаңа заманғы ұрыс талаптарына сай болуы керек. Аталған үрдіс болашақ маман иелерінің мамандық бейініне сай кәсібилікті меңгеруіндегі бірден-бір әдіс болып табылады. Осы ретте Академиямыздың басты қағидасы кез-келген пән аясында ең бірінші кезекте білім алушыларда азаматтық-патриоттық қасиеттерін өркендетіп қалыптастыру, әскери біліктілік және жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеп шығару. Себебі, Әл - Фараби бабамыз айтқандай: Білімнен бұрын тәрбие берілуге тиіс. Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» [2].

Тілде дамымай, өзгеріске ұшырамай, бір қалыпта қалып қоятын мәңгілік ешнәрсе жоқ, бәрі де өзгереді, дамиды. Осы ретте арнайы әскери жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқытып үйретуде болашақ маман-офицерлерді ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет және тәрбиенің діңгегін босатпай, тілімізді шұбарламай, тектілікпен, бар игі мұрамызды негізге ала отырып, өткендердің өнегелі өсиетін, даналардың дарынын дәріптеп отыратын, батырға айбат, батылға қайрат бітірген, қайсар қазақ елінің еншісінде гауһар – жаққұттай боп төгілген қасиетті тіліміздің құдіретін кешегі батыр аталарымыздың ұлағатты сөз маржандары арқылы жеткізсек нұр үстіне нұр болары хақ. Сонымен бірге ол - курсанттардың шығармашылық қарымын машықтаумен қатар, сол әдебиеттен, афоризмдерден өзіне, өзінің қоғамдық жұмысына рухани азық табады, біліміне білім қосады, тіл байлығын молайтады.

Рухани тоқырау ой тоқырауының салдары дейтін болсақ, ой, сана, сезім, түйсік дегендерді қалыптастыру жауапкершілігі тек қана тіл мамандарының еншісінде ғана емес жалпы білім ордасының міндеті деп ойлаймыз. Жалпы әлеуметтік-гуманитарлық пәндері сезім, эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, еліктеу, әр түрлі психологиялық рең беретін ерекше пәндер санатына жатады. Оның ішінде сөз өнері жеке адамның шексіз мүмкіндігін ашу қасиетімен құдіретті. Сөз өнерінің осы қасиеті әрбір көркем шығарманы меңгерту, олардың стилін, поэтикалық тілін таныстыру, сөз орнын, оның көтеретін идеялық эстетикалық жүгін таныту арқылы емес, нақты, жанды шығармашылық қозғалыс үстінде ғана білім алушыларға сәулесін түсіреді. Сонымен бірге, сөз өнері адамға ешкімге, еш нәрсеге тәуелді болмау үшін керек. Қандай ортада болса да, өзінің айтар ойы бар, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлғаны дайындау арқылы ғана еңбегіміз нәтижелі болмақ. Осы орайда біз көбінесе курсанттардың оқу-танымдық қабілеттерін

дамыту үшін оқытудың тиімді технологияларын қолдана отырып, әскери ұлы тұлғалардың көркем шығармаларын, әскери афоризмдерін оқып талдауға аса көңіл бөлеміз. Шерхан Мұртаза ағамыз «Егер адамның жүрегіне мұз қатып қалса, көркем кітап соны жібітуге тиіс. Ал ерте алмаса – ол осал шығарма» [3] - деп айтқандай кітаптың адам өміріндегі, жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығын айғақтаса керек.

Курсанттардың шығармашылық қарымын шындаумен бірге оларға патриоттық рух, жігер беруде аса дарынды қолбасшы, қазақ жұртын әлемге әйгілеген әскери өнердің білгірі, көзі тірісінде – ақ аты аңызға айналған ұлттық батырларымыз, табиғатынан талантты, тілге шешен, салт-дәстүріміздің кемел білгірлері Бауыржан Момышұлының, Мәлік Ғабдуллиннің, Қасым Қайсеновтың, Талғат Бегелдинов, Баубек Бұлқышев, Әзілхан Нұршайықов, Тайыр Жароков т. б. мінезі мен адамгершілік қасиеттерін үлгі ете отырып, олардың жүрегінен шыққан асыл, нақыл яғни ұлағаты мол ұлы афоризмдерін пайдалану тиімді екенін байқап жүрміз. Мәселен, Бауыржан ағамыз әскери теоретик ретінде майданда жеңіске жетудің бірден-бір маңызды факторы жауынгер екендігін дәлелдеп берді. Ол ақыл, ерік пен сезімге ие сарбаздың майдан ауқымында да, Қарулы Күштер құрамында да қалың бұқараның өкілі екендігін ерекше ұстау керектігін айтады. Рухы мығым сарбаз соғыс барысында шешуші рөлге ие. Мұны Момышұлы нақты дәлелдермен көрсетіп берді. Оның: «Ұрыста, әсіресе, адамдық, саяси және моральдық факторлар шешуші рөл атқарады» дейтіні сондықтан. Жауынгердің саяси саналылығы, әскери міндетке адалдығы, тіпті өзін құрбан етуі - жауынгердің ең басты қасиеттері. «Әскердің ең басты күші және негізгі құндылығы – жауынгер, сондықтан ең басты назарды сарбаз кәсібіне аудару керек», - дейді батыр ағамыз [4, 10- б].

Ал М. Ғабдуллин бабамыздың нақыл сөздерінің әр мағынасы мен мазмұнынан біз қолданыстағы Жарғы талаптарына сай құрастырып, ХХ ғасырдың өзінде «Ұлттық әскери кемел адам» моделін концепциясын көрсете білгенін біз үнемі зерделеп, көрсетіп жүргеніміз белгілі. Осы концепцияны біз болашақ ұрпақтың, жас сарбаздар мен офицерлердің санасына құйып, жеке құрамның әскери оқуы мен тәрбиесі үрдісінің педагогикалық аспектілері мен мәніне негізгі қағида ретінде насихаттауымыз қажет. Өйткені егеменді еліміздің саяси аренадағы келбеті – әскерінің күштілігіне де байланысты.

Сарбаздардың сөзді ұйып – ұғып тыңдауы үшін, соғыста нәтижелі жеңістерге жетуі үшін құлшыну мақсатында саяси жетекші Мәлік Ғабдуллин халықтың аңыздары мен философиялық толғамдарын мықтап қолданған. Ол әрдайым тапқыр салыстырулар жасап, былай дейді екен: «Әскери өнер тарихында тәртіптілік пен батырлықтың арасы бір-ақ қадам

деген қағида бар. Расында да тап осылай. Әрбір металшы тат темірді бүлдіретінін және машинаны істен шығаратынын жақсы түсінеді. Егер темірге титтей дақ түсетін болса, демек, машинаның мүлтіксіз жұмыс істеуіне нұқсан келтіреді. Тәртіпсіздікті темірге түскен дақ деуге болады» [5]. Шынында тәртіптілік жинақтылықтан, тиянақтылықтан, ар-иманнан, ізгіліктен, тазалықтан туады. Осындай қасиеттер нағыз қаһарманның болмысын белгілейді.

Ұлы Отан соғысының даңқты партизаны, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы, жазушы, публицист Қасым Қайсенов те өзіндік келбетімен танылған бірегей қаламгер. Көзі тірісінде аты аңызға айналған әйгілі партизан егеменді Отанымызды, бақытты болашағымызды, жарқын жастығымызды қорғаған балалар мен жас жауынгерлер ерлігін, қарттардың бейбіт тілегін бүгінгі ұрпаққа жеткізуші, жаршысы болды. Қасым Қайсенов публицистикасында жауынгерлердің батырлық сом тұлғасы бар. Отанға деген сүйіспеншілік, жауға өшпенділік, азаптан да ажалдан қорықпайтын қайсарлық, ерлік жолдастарына деген қалтықсыз қамқорлық байқалады. Мысалы, «Ерлік – еліңді сүйуден басталады», «Халық» деген қасиетті және киелі сөз. Ал киелі сөзбен ойнамау, оны саясаттың ойыншығына айналдырмау керектігін меңзейді» [6], «Отанды қорғаудан, өз тыныштығын қорғаудан бас тарту – Отанды сату деген сөз. Ондай сатқындықты қай елдің заңы болсын ауыр жазалайды» деген нақыл сөздері Қасым Қайсенов публицистикасы жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу құралы деуімізді дәлелдей түседі. Сонымен бірге „Өткенге көз жібере отырып, ел ертеңін, ұрпақтар болашағын ойласам – қабырғам қайысып, жүрегім сыздайды. Келешегіміз келісті болғай деп тілеймін. Ол үшін ең бастысы береке, бірлік қажет екені дәлелдеуді қажет етпейтін қағида. Өйткені „төртеу түгел болса – төбедегі келеді” емес пе” [7], – деп жас ұрпаққа шындықты айтып отыруды парыз санаумен қатар „Өз ортамызды, ана тілімізді шын мәніндегі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әлі күнге жасқанамыз. Опат болар Кеңес өкіметі опат болды ғой, енді кімнен жасқанамыз? Жоқ, әлі біз жасқанатын қаһарлы зәрі өтіп қалған күші бар ма?! ...Біздің ана тіліміз байлығы, мәнерлігі жағынан ұялып бетке басатындай сорлы кедей тіл емес қой!” [8], – деп ел тәуелсіздігін нығайту, тарихи шындықты әділ таразылау, мемлекеттік тілдің беделін арттыру, ұлтараздықты болдырмау, отаншылдық, патриоттық тәрбиені қалыптастыру тағы басқа да маңызды мәселелерге қатысты ойларын шебер жеткізе білді. Жалпы алғанда, жоғарыдағы айтылғандарды жинақтай келгендегі қорытар ой қоғамдағы болған оқиға мен құбылысқа публицист ретінде өзіндік көзқарасын, идеясын үнемі жариялап отырған соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ

әскери публицистикасында қайталанбас өнер туындылары екені сөзсіз және Қ. Қайсеновтің шығармашылығынан үйренеріміз мол.

Уақыттың көші алға жылжыған сайын адамзаттың өмір сүру салты да өзгеріске ұшырап отырады. Техника қарыштап дамып түрлі технологиялар пайда болады, алға қойған мақсат-міндеттер мен таным-талаптар да өзгереді. Дегенмен, бір өзгермейтін құндылық бар. Ол – ұлттық болмыс, рухани тәрбие. Осы орайда өскелең ұрпақты, жастарды, болашақ мамандарды кез-келген жағдайда ерлік, отаншылдық істерге баруы үшін, оған алдымен рухани жағынан дайын болуы керек. Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жастардың ішкі жан дүниесі — ой-санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай түзу істендер! Сендер адассандар, арттарыңнан Алаш адасады, арттарыңнан ергендердің обал-сауаптарына сендер қаласындар» деген сөзінің әлі де өзектілігін жоғалтпауымен қатар бұл сөз қазіргі ел ағалары мен аналардың жастарға ұлттық, рухани-адамгершілік, патриоттық тәлім-тәрбие беру ісіне үлес қосуды жауапкершілікпен атқару керектігін еске салады. Елімізді өрге бастыратын ұрпақ тәрбиелеу ұлт мойнындағы аманат деп қабылдау маңызды. Сол бабалар аманатына қиянат жасамай, жүзеге асыру үшін ұрпақ сабақтастығын үзбей, келешегі келісті ұрпақтың тәрбиесіне әр қайсысымыз жауап бере алуымыз керек. Өйткені, «Өткеннің өнегесі – бүгінгінің баға жетпес байлығы» яғни Ұлы бабаларымыз айтып кеткен ұлағаттарды жас ұрпақ бойына неғұрлым молырақ сіңірсек, соғұрлым ұлтымыздың болашағы да зор болмақ. Адам сапасын, оның білімі мен біліктілігін көтермей, қоғамды ізгілендірмей, қуатты мемлекет құрудың мүмкін еместігін уақыттың өзі көрсетіп отырғаны белгілі.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 597 қаулысымен бекітілген Азаматтарға әскери-патриоттық тәрбие беру қағидалары.
2. Аль-Фараби. Логические трактаты. – Алма-Ата, 1975.
3. Көпбаева М. Шерхан Мұртаза шығармашылығы. – А., 2001.
4. Касимова С. К. Қазақ тілін оқытудағы әскери афоризмдерді қолданудың әдістері мен ерекшеліктері // Наука и образование в гражданской защите. – 2021. – № 3(43). – С. 33-37.
5. М. Ғабдуллин «Қазақ баласы». – Көкшетау, 2020. – 416 б.
6. Қайсенов Қ. Ой тоқырауынан сақтанайық // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 29 қазан.

7. Нұрлыбаев Б. Ұлы Жеңіс кімдікі? // Ана тілі. – 2002. – 10 ақпан.

8. Қайсенов Қ. Елімнің ертеңіне сенемін. – Алматы: ҚазАқпарат, 2004. – 282 б.

УДК 374.73

М. Б. Қаби, 1 курс магистрі

Ш. Уәлиханова атындағы Көкшетау университеті

ОФИЦЕРДІҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ-ҚҰНДЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Құндылықтар адамдардың ең жоғары басымдықтарын білдіреді және негізгі мотивтердің когнитивті көріністері болып табылады. Жұмыс құндылықтары қызметкерлердің жұмысында не маңызды екенін және олардың жұмысында не істеу керектігін анықтайды. Құқық қорғау органдары академияға түскенге дейін жоғары моральдық құндылықтарды көрсететіндерді ғана жалдауға және оқытуға тырысады. Дегенмен, тіпті департаменттердің барлық күш-жігері полицияның заңсыз әрекеттеріне назар аударуға кедергі болмайды. Мұндай оқиғалар қоғамдық сенімге нұқсан келтіреді, маңызды тергеулерге қауіп төндіреді және агенттіктерді айтарлықтай жауапкершілікке тартады. Көптеген департаменттер бұл оқиғаларға Аристотель ізгілік этикасы деп атаған мінезді дамытуға бағытталған ресми этикалық оқыту бағдарламаларын қабылдау арқылы жауап береді [1]. Сократтың дәйексөзіне ұқсас, Аристотельдің философиясы мінез-құлық офицерлердің мінезін және осылайша олардың моральдық дилеммаларға жауап беруінің әртүрлі тәсілдерін көрсететіндіктен, бұл олардың жеке моральдық-құндылық көзқарастарын түбегейлі айырмашылықтарды көрсетеді деп үйретеді.

Офицерлер этикалық тұрғыдан әрекет етпес бұрын, олар жағдайға байланысты моральды түсініп, тиісті принциптер мен құндылықтарды түсініп, дұрыс әрекет ету бағытын таңдауы керек. Бұл пайымдау процесін түсіндіру үшін психолог Лоуренс Колберг моральдық дамудың ең ықпалды теориясын ұсынды [2]. Ол моральдық даму конвенцияға дейінгі, конвенциялық және Конвенциядан кейінгі деп аталатын өте болжамды, инвариантты үш деңгей бойынша жүреді деп есептеді, олардың әрқайсысы екі бөлек сатыда ұйымдастырылған. Колбергтің пікірінше, әр кезеңде адамдар моральдық дилеммаларды шешу үшін барған сайын

жетілдірілген түсініктемелер мен проблемаларды шешу стратегияларын қолданады.

Пайымдаудың қарапайым деңгейінде конвенцияға дейінгі сыртқы салдар адамдарда дұрыс пен бұрыс сезімді анықтайды – бірінші кезеңдегі жаза және екінші кезеңдегі жеке қызығушылық. Қазіргі уақытта олардың ішкі құндылықтары немесе мінез-құлық ережелері жоқ.

Адамдар конвенциялық деңгейге көтерілгенде, олар дұрыс пен бұрысты әлеуметтік күтулерге (үшінші кезең) және заңдарды орындау және билікке құрмет көрсету арқылы қоғамдық тәртіпті сақтауға деген ұмтылысқа (төртінші кезең) негізделе, олар моральдық пайымдауды әлеуметтік ережелерге, нормаларға және үміттерге сәйкестік арқылы анықтайды.

Ақырында, конвенциядан кейінгі деңгейде адамдар қоғамның барлық мүшелерінің негізгі бостандықтарын қорғауға деген ұмтылысы негізінде адамгершілікті бағалайды. Бесінші кезеңде адамдар тек адалдыққа, әділеттілікке және тең құқыққа ықпал ететін құқықтық принциптерді қолдайды; алтыншы кезеңде олар адам өмірін, теңдікті және адамның қадір-қасиетін құрметтеуге шақыратын өздері таңдаған этикалық және моральдық принциптерді ұстанады. Егер бұл ішкі принциптер қоғамдық заңдарға қайшы келсе, өздері таңдаған принциптер басым болады.

Офицерлердің көпшілігі құқық қорғау органдарына далада немесе офицерлер жиі кездесетін моральдық дилеммаларды шешуде ең аз тәжірибемен келеді. Олар өз жұмыстарын орындауды үйренеді, сонымен қатар әріптестері мен басшыларының ұйымдастырушылық нормаларын, құндылықтары мен мәдениетін таниды. Бастықтар тікелей ресми күшейтуді қамтамасыз етсе, офицерлердің әріптестері достық пен бейресми сыйақыларды ұсынады, бұл көптеген жағдайларда ресми мойындауынан гөрі үлкен әсер етеді. Офицерлер топтың басқа мүшелерінің ұйым тарапынан ресми түрде де, әріптестері тарапынан да бейресми түрде танылуын бақылайды, бұл деп аталатын процесте тиісті мінез-құлықтың не екенін білу үшін алмастырушы оқыту [3]. Психологтар алмастыратын оқытудың ең тиімді модельдерінің белгілі бір қасиеттері бар екенін анықтады:

1. Құзыреттілік: полицейлердің көпшілігі қиын жағдайларда да өз міндеттерін минималды бақылаумен орындау қабілетімен мақтанады; Сондықтан олар ең білікті және тәжірибелі офицерлердің мінез-құлқын модельдейді;

2. Мәртебесі: әдетте офицерлер әсерлі ұйымдық мәртебеге ие адамдарды құрметтейді;

3. Билік: офицерді іс-әрекеті үшін марапаттай немесе жазалай алатындар ресми немесе бейресми түрде ең көп әсер етеді.

Бұл бейресми билік желілері агенттік саясатынан алшақтайтын ортақ құндылықтар, сенімдер мен нормалар жиынтығын беру арқылы этикаға жат мінез-құлықты күшейтуі мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, офицерлер әріптестерінің мақұлдауын алу және сақтау үшін белгілі бір мінез-құлыққа жүгінеді.

Қорыта келе, құқық қорғау органдарының қызметкерлері өз жұмыстарын тиімді орындау үшін халықтың сенімін қорғауы керек. Этикалық мінез-құлық қоғамдық сенімге қатты әсер ететіндіктен, құқық қорғау органдары өздерінің саясатын, сыйақы жүйелерін және олардың агенттігінің берік этикалық құндылықтар мәдениетін қалыптастыруға ықпал етуін қамтамасыз ету үшін оқытуды Мұқият қарастыруы керек. Офицерлер полицияға кірген кезде құндылықтардың (жақсы немесе жаман) берік жиынтығына ие болады деп күтудің орнына, менеджерлер барлық офицерлердің ізгі ниетпен әрекет ете алатындығын есте ұстауы керек; бірақ жұмыс ортасы жаман мінез-құлыққа жол бергенде, теріс пайдалану ықтималдығы күрт артады. Мегарадан шыққан Феогнис, тағы бір ежелгі грек философы: «Егер дұрыс қарастырылса және дұрыс түсінілсе, бірде-бір адам мүлдем жаман да, жақсы да бола алмайды», - деді [4]. Полицейлер бұл идеядан босатылмайды. Тиімді құқық қорғау органдарының басшылары өз қызметкерлерінің ең жақсы қызметкерлерін анықтайды, бұл қызметкерлердің не істеу керектігін түсініп қана қоймай, оны шынымен де орындауын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Стивен М. Кан, Изучение философии: вводная антология. – Нью-Йорк, штат Нью-Йорк: Oxford University Press, 2000.

2. Ли Д. Росс и Ричард Э. Нисбетт, Человек и ситуация: перспективы социальной психологии. – Нью-Йорк, штат Нью-Йорк: McGraw-Hill, 1991.

3. Альберт Бандура, Социальная когнитивная теория. – Гринвич, Коннектикут: JAI Press, 1989

4. Дж. Бэнкс, Произведения Гесиода, Каллимаха и Феогниса. – Лондон, Великобритания: Kessinger Publishing, LLC, 2007

*Т. Салауатов, курсант,
Жетекшісі: А. Ғ. Рахым, аға оқытушы
ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТ ТӘРБИЕСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қазақ әдебиетінен өзінің майдан туралы очерктері мен жазбаларымен ойып тұрып орын алатын жазушылардың бірі – Мәлік Ғабдуллин. Балалық шағы ашаршылық заманмен тұспа-тұс келіп, отбасындағы бауырылары мен анасынан бір күнде айырылып қалған Мәлік Ғабдуллин тағдыр тауқыметін жастайынан көрді. Ата-анасы өмірден қайтқаннан кейін, Мәліктің атасы Бекен қария немересінің тәрбиесімен айналысқан екен. Жастайынан қазақ тілі саласына қызығып, филология мамандығын таңдаған. Оның шығарма жазуға деген бейімділігін байқаған Сәбит Мұқанов пен Бейімбет Майлин секілді жазушылар Мәлікке баспадан жұмыс тауып берген. Кейіннен екі жыл бойы Өзбекстан мемлекетінде әскери борышын өтеп шықты. Отан алдындағы асқақ борышын өтеген соң, еліміздегі әйгілі газеттерде әдеби қызметкер болып жұмыс жасаған болатын. Ұлы Отан соғысы басталғанда өз еркімен майдан шебіне аттанды. Политрук қызметін, яғни, әскери жетекші қызметін абыроймен атқарған. Қазақ жауынгерлерінің көбісі орыс тілін білмеген болса, Мәлік Ғабдуллин осы істі өз жауапкершілігіне алды. Майдандастарының арасында үгіт-насихат ісімен айналысып, оларды әскери рухтандырып тұрды. Панфилов атындағы 8-дивизияда соғысқан оның әскери адам ретіндегі еңбектері елеулі. Новгород қаласының маңындағы ұрыста әскерлер бөлігіне басшылық етті. Бородино селосын фашисттерден тазартуда басшылық адында көзге түсіп, марапатталды. Кескілескен соғыста асқан ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағы беріліп, Ленин орденімен және «Алтын жұлдыз» медалімен марапатталған [1].

Қан майданнан аман қайтқан Мәлік Ғабдуллин кейінгі өмірін ғылым саласына арнаған. Бірнеше жыл бойы Қазақ КСР-інің Ғылым Академиясында директор орынбасары, кейіннен директор қызметтерін атқарды. Ол ғылым жолында бірнеше тақырыптарды қозғады. Атап өтсек, қазақ фольклоры, оның ішіндегі халық ауыз әдебиетінің эпостары мен лиро-эпостық жырлары туралы жазған ғылыми мақалалары газет беттерінде үздіксіз жарияланып тұрды. Жүзден астам еңбегін қазақ айтысы мен халық әндеріне, мақал-мәтелдерін зерттеуге арнады.

«Қобыланды батыр» жырын талдап, ғылыми диссертация қорғау арқылы филология ғылымдарының кандидаты атанса, халық ауыз әдебиетін қорғау туралы еңбегі оны филология ғылымдарының докторы атандырды. Ол қазақ әдебиетінің ішіндегі ауыз әдебиеті саласының толық зерттелмегенін, бірақ, ізденген адамға ауыз әдебиеті – қазынасы мол мұра екенін сезгендей болды. Осы саланы түбегейлі зерттеу мақсатында журналистика саласынан қазақ әдебиетіне ауысты. Діттеген мақсатына жету үшін алдымен мол мұрамызды халық арасынан жинау керектігін де түсінді. Жалпы, фольклорды жинап, жариялау, оның мазмұны мен мәнін ашудың қиыншылығын түсінсе де, зерттелмеген саланы ашуды өз жауапкершілігіне алған болатын. Халық ауыз әдебиетінің ол кездегі жарияланған нұсқалары жоқтың қасы болса да, ел арасына үндеу салып, «Халық ауыз әдебиетін жинайық» атты мақаласын сол кездегі танымал мақала «Төте оқу» газетіне жариялады. Халық шығармашылығын зерттейтін Жамбыл бөлімі ашылғанын қуана хабарлап, осы бөлімнің алдында тұрған маңызды міндеттерді жіпке тізгендей санап берді. Ел арасынан бірге халық мұраларын жинаудың маңызы мен оның дұрыс нұсқаларын жариялауды ұсынды. Ауыздан-ауызға таралып жүрген мақал-мәтелдер мен жыр-дастандардың ғылыми жазылу жолын қарастырды. Фольклорды жинап, жариялау үшін фольклоршы әрі әдебиетші болу керектігін жазып, алдымызда бірнеше күрделі міндеттер тұрғанын еске түсіреді:

«Ең алдымен, халық ауыз әдебиетін зерттемес бұрын, оны халық арасынан жинап алуы керек. Халық аузынан ұрпақтан-ұрпаққа тараған жырлар болғандықтан, олардың бірнеше нұсқасы болатыны белгілі. Бірақ, осы нұсқаларды ғылыми зерттеудің маңызы зор. Ал, өз тіліміздегі жырлардың көршілес елдерде де кездесуі – заңдылық. Ал, қай жырды зерттесек те, тек ана тіліміздегі нұсқасын ғана қарастыру аздық етеді. Олардың қайда және қалай айтылатынын сараптап, маңызын шығару – парызымыз «,-деді ол өз мақалаларының бірінде. Мәлік Ғабдуллин секілді фольклортанушының бұл пікірін Ер Тарғын, Алпамыс батыр мен Ер Тарғын жырларының қырғыз, өзбек, башқұрт тілдерінде де кездесуі дәлелдеп отырғандай. Сонымен қатар, «Қобыланды батыр» жырын зерттемес бұры жазған мақаласында халық ауыз әдебиетін жалпылама қарастыру оңай екенін, ал, бір жырды жан-жақты зерттеп, жаңашылдығын ашу қиын екенін дөп басып айтты. Оның «Қобыланды батыр» туралы келелі ойында ұлт тәрбиесіне сіңіретін ауыз әдебиетінің рөлін туралы ой кездеседі.

Ғалымның пікірінше, жас ұрпаққа тәрбие беруде эпостық жырлар аса маңызды рөл атқаруда. Ежелгі халық батырларының барлығы қастасуға емес, керісінше, достасуға бейім болған. Келелі сөзге тоқтай

білген қазақ емеспіз бе, ойлы сөзге кім де болсын қарсы келмеген. Антқа адал болу, айтқан сөзінде тұру, досқа жұмсақтық пен жауға деген қатаңдық – батырлардың бетке ұстар қасиеті болған. Ұлт тәрбиесіне осылайша әсер етуді көкसेген ғалым батырлар жырын халық қолданысына қайта енгізуді көкसेген. Батырлар жырының таралуына ғана емес, оны тартаушығы, яғни жыршыларға да аса көңіл бөлінген. Жыршылар халық мүддесін өлең сөзбен жеткізетін, елдің арман-қиялын, мақсат-мұратын дөп жеткізетін асыл адамдар болғандықтан, олардан қалған халық ауыз әдебиетінің бүгінгі күнге дейін жетуін олардың жетістіктері деп біледі. Ғалым халық ауыз әдебиетіне байланысты бірнеше тұжырымдама жасайды: халық ауыз әдебиеті – жырды шығарған бір адам болса, оны халыққа жеткізетін жыршы басқа адам болған. Ал, халық арасында жырдың түпнұсқасын асырып айту, өз жадынан суырыпсалмалық сөз қосу секілді оқиғалар орын алып жатады, демек, әр жырдың авторы бірнеше адамдар. Ал, о баста жырды кім шығарғаны ел арасында ұмытылып кетеді де, жырдың авторы халық болып кетеді. Мұндай қасиет халық ауыз әдебиетінің барлық элементіне тән [2].

Мәлік Ғабдуллин соғыс басталмас бұрын «Қобыланды батыр» жырын зерттеумен айналысып, ғылыми диссертация қорғауға дайындалып жүрген уақытысы болатын. Оның қазақ эпостары туралы ғылыми еңбектері Қазақ ғылым Академиясының тарапынан талқыға түсіп, баспаға жіберілмек болғанда, қан майдан соғыс басталып кетті де, оған жол бермеді. Зерттеудің жаңа бағытын ұстанған жас Мәліктің адал еңбегі енді-енді ақталуға шақ қалғанда, сұрапыл соғыс оған мұрша бермеді. Амалсыздан жазушыдан әскер басшысына айналуға тура келді. Адамның ішінде жатқан шынайы қасиеттері қысылтаяң, ең қиын шақтарда көрініс табатыны белгілі емес пе? Халықтың ұлы адамды адам аямаған сәтте адамгершілігінен бас тартпай, бауырмашылдық, жайдары мінез, таза жүрегін сақтай білді. Соғыс алаңында жүріп те, күнделік жүргізіп, көрген-білгенін естелік етіп жазып алып отырған. Соғыс біткеннен кейін әскерилердің тілшісі болған Б. Н. Полевой соғыс уақытысын еске түсіру үшін жазған мақаласында орыстың заңғар жазушыларының елеулі еңбектерін атап келеді де, ендігі сөзді Мәлік Ғабдуллиннің шығармашылығына арнайды:

«Панфиловшылар дивизиясында Отан үшін қызмет еткен М. Ғабдуллин атамекенінде халық ауыз әдебиетін жинақтаған фольклоршы бола білді. Ол өзінің өзекті еңбектерімен қазақ даласында аты танылған қаламгерге айналды».

Еліміздің жауынгерлеріне де соғыста жүріп, қазақ халқының ауыз әдебиеті қандай бай, қандай мол мұрасы бар керемет сала екенін мақтанышпен жеткізеді екен. Осылайша жауынгерлерді рухтандыратын

болған. Әскерде жүріп жазған мақаласында «Біз фашистерді мылтық оғымен де, өткір сөзімізбен де жеңудеміз» деп ерекше сөз қалдырған. Жазушы жаумен арпалысуда да өзінің негізгі міндеттерін ұмытпаған, керісінше, халықтың өміршең болуы үшін халық мұраларын келешек ұрпаққа жеткізудің маңызын онан да терең түсінгендей еді. Соғыстан оралған шағында да дереу «Қобыланды батыр» жырының толық нұсқасын зерттеуді қолға алды. Ел арасындағы танымал жыршылардың Қобыландыны жырлаған нұсқаларын қағазға түсіріп, оны жариялаудың бірнеше жолдарын ұсынған. Ғылыми диссертация қорғаған соң да, жырды зерттеуін тоқтатпай, осы жырдың ең көне нұсқасына дейін толыққанды зерттеген. Зерттеу мен саралау барысында бірнеше қарама-қайшылық тудырса да, оған мойып қалмай, барлығын түгел қарастырған. Жырдың нұсқаларын іздестіру барысында бірнешеқызықты факттерге де ұшырасқан, мәселен, Марабай есімді әйгілі жыраудан жырдың бір нұсқасын Ыбырай Алтынсарин жазбаша хатқа түсіріп, газетке алғаш жариялаған екен. «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегіне Марабай жыраудың айтқан Тайбурылдың шабысы енген.

Жыр туралы өз пікірлерін айтып, оның ұлт тәрбиесі мен рухани құндылықтары туралы пікір қосқандардың ішінде Радлов пен Потанин сияқты көрнекті қоғам қайраткерлері де бар еді. Жалпылай алғанда, «Қобыланды батыр» жыры кеңестік кезде зерттеліп, қайта-қайта өңделіп отырды. Ал, Мәлік Ғабдуллиннің сүйікті тақырыбы осы болғандықтан, ол бұл жырды зерттеуге өмірінің отыз жылын арнаған болатын. Әр кезең сайын жыр туралы жаңалықтар ашып, алдыңғы еңбектеріне толықтырулар енгізіп отырды.

Ол Қобыланды батыр жырының шамамен қай уақытта дүниеге келгеніне іздеу салды. Алғашында қоғам арасында бұл жырды орыс кнәзі Иван Грозный Қазан қаласына жасаған шабуылы кезінде дүниеге келген деген пікірлер болды. Алайда, соңғы 1972 жылы жарық көрген Ғабдуллиннің еңбегінде бұл пікір расталмады. Оның пікірінше, жыр парсылар мен қыпшақтардың соғысы кезінде дүниеге келген. Ал, жыршылардың «Қобыландыны» ауыздан ауызға таратқандықтан, жырдың бірнеше нұсқасы болатыны белгілі. Сондықтан, жырды тарихи оқиғаларға жүз пайыз сүйене айтылған деуге келмейді. Десе де, жырдағы елеулі оқиғалардың тарих сахнасында болған оқиғалармен сәйкес келуі де ғалымды тандай қақтырмай қоймады. Бес ғасырдан бері жыр қандай өзгеріске ұшырады? Оның түпнұсқасы кімнен қалған? Түпнұсқа мен келесі варианттарының айырмашылығы қандай? Жырды жеткізуші жыраулардың әртүрлі жеткізуі олардың өзіндік стиліне байланысты болды ма? Шығармалардағы тарих көрінісі қаншалықты дұрыс? Міне, осындай елеулі мәселелерге тоқтала кеткен ғалымның еңбектері қашан да

өзектілігін жоймақ емес. Зерттеушінің төккен тері ақтлып, 1972 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықпен марапатталған болатын. Демек, зерттеушінің еңбектерінің басты ерекшелігі – халықтың өткені мен бүгінін сабақтастыру арқылы жырдағы негізгі оқиғаларды сараптау. Мұндай ірі ауқымдағы зерттеу жұмыстарын тек бірнұсқаға емес, барлық нұсқасына жасауы оның еңбектерін онан сайын құнды етеді [3].

Ғұлама ғалымның соңғы жазған еңбектері де қазақ фольклорына арналды. Сүбелі сөзді ауыз әдебиетін зерттейтін еңбегінде қазақ әдебиеті бұрыннан бар десек те, жазба әдебиеті есебінде Кеңес дәуірінде қалпытасып, дамығанын айта кетеді. Жалпы, қазақ әдебиетін Ұлы Отан соғысына дейін және кейін деп бөліп, қан майданның тіпті әдебиетке революция әкелгеніне ашынған. Кеңес Үкіметі құрылып, ел жаңа тәртіпке үйренісе бастаған кезінде халық еңбегі, ел тағдыры, жаңаша ереже туралы шығармалар жазылды. Бұдан кейінгі әдеби шығармалар халықтың мемлекеттік бағдарламаларға сіңісіп, нормативке байланысты еңбек етуі туралы жарық көрді. Екі кезеңнің екі түрлі өріс алуы, әрине, ақиқат және заңды дүние.

Жас ұрпақтың тәрбиесін де көзден таса қалдырмаған Мәлік Ғабдуллин бала тәрбиесі туралы «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» еңбегін ұсынды. Онда тәрбие берумен үздіксіз, үнемі айналысып отыру керектігін, кері жағдайда нәтиже шықпайтынынан хабардар етеді. Адам тәрбиесі өмірден тәжірибе алған сайын, молая, кемелдене түседі. Ал бала бойында қажетті өмірлік тәжірибе болмағандықтан, бала тәрбиесімен мектеп пен ата-ана айналысады. Баланың толыққанды азамат болуы үшін эстетикалық тәрбие берумен шектеліп қана қоймай, оған патриоттық рухты сіңдіру керек, әйтпегенде, Отанын сүйе білмеген адамнан дұрыс азамат шықпайды. Кешегі тарихқа үңілсек, ауыздан ауызға тараған Ер Төстік пен Қобыланды жырлары бала тәрбиесін қадағалуда жеңілдетті. Неге десеңіз, сол кездегі жеткіншек ең танымал жырлардың басты кейіпкерлерін үлгі тұтып өсетін. Ондағы батырлық пен отансүйгіштік қасиет бала бойында тура осындай қасиеттерді ұялататын. Міне, осылайша, ежелгі жырлар бал тәрбиесін дұрыс бағытқа бұруға әсер етті. Ал, бүгінгі бала тәрбиесімен айналысуды ата-ана мен мектеп ісіне артады. Отбасыда қалыптасқан тәрбиені ұстанған адам кез келген қоғамның ережесіне бейімделіп, әрі елін сүйер азамат болып өспек [4].

Сүбелі сөздің қорытындысы ретінде Мәлік Ғабдуллин ағамыздың заманының үздік қаламгер бейнесін аша білдік деп ойлаймын. Әскери журналист Полевой айтқандай, заманының алды болған Мәлік Ғабдуллин – әрі әскери тұлға, әрі жазушы, фольклоршы, филология ғылымдарының докторы бола білді. Бір басында сан түрлі атағы болған асыл жазушы ең алдымен адамдығын жоғалтпай, ұлтының ұлылығын күллі әлемге паш

етуге қызмет етті. Оның халық ауыз әдебиетін зерттеген еңбектері бүгінгі зерттеулерде де кеңінен қолданысқа ие. Өзі айтқандай, халық ауыз әдебиеті – ешқашан өшпейтін, өлмейтін, ғасырлар бойы зерттеуді қажет ететін күрделі сала. Бүгінгі тәрбие ісінде фольклорлық еңбектерді қолдана білсек, Мәлік Ғабдуллиннің көксеген мақсатына жете аламыз деп сөзімді қорытындылағым келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық – «Алматы» баспасы, 2010.
2. Мәлік Ғабдуллин. «Қазақ мақалының күші» - «Социалистік газеті».
3. Борис Полевой. «Эпостың тууы» - «Правда» газеті
4. Мәлік Ғабдуллин. «Қазақ халқының дәстүрлі ауыз әдебиеті»

3 секция. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ

УДК 372.862

С. К. Байжанова, Б. Н. Орынбасар
ҚР ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы

«ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ» ПӘНІНІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҒЫН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ

Қазақстанда адам шығынына және орасан зор материалдық шығынға әкелетін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар санының көбеюіне байланысты өзекті мәселелер барған сайын көбеюде.

Қазіргі уақытта еліміз құрылыс индустриясына – қарышты қадам жасауда. Құрылыстың қарқынды дамуы көптеген қалалардың үлкеюіне алып келді. Сонымен қатар, бұрынғы шағын қалалар барған сайын қанатын кең жайып, агломерациялық үдерістерді дамытты. Құрылыс саласында жаңа технологияларға негізделген небір жаңа материалдар пайда болып, тұрғын үйлер мен ғимараттардың беріктігін нығайтып, сәніне сән қосты. Республикалық маңызы бар қалаларда бұрын бізде болмаған небір ғажайып ғимараттар мен сарайлар тұрғызылуда. Тұрғын үйлердің биіктігі де барады. Қазіргі күні 100-120 қабаттық үйлер тұрғызу адамзат қауымына көп қиындыққа түспейтін болды. Тек жобасын талапқа сай дайындап, қажетті материалдарды пайдалана білсеңіз болғаны. Осындай ғимарат жобаларын өрт қауіпсіздігі бойынша кім тексереді? Әрине, өрт қауіпсіздігі бойынша жоғары білікті маман.

Мұндай мамандарды даярлайтын еліміздегі жалғыз ЖОО ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясында курсанттарға 6В12302 «Өрт қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы бойынша «Құрылыстағы өрт қауіпсіздігі» арнайы пәні мемлекеттік және орыс тілдерінде оқытылады.

«Құрылыстағы өрт қауіпсіздігі» курсы қалыпты жағдайда және өрт жағдайында құрылыс материалдарының, ғимараттар мен құрылыстар конструкцияларының мінез-құлқын, ғимараттар мен құрылыстардың өртке қарсы қорғалуын қамтамасыз етуге ықпал ететін бақылау функцияларын жүзеге асырудың инженерлік-техникалық шешімдері мен әдістерін зерделеуді қамтиды.

Білім алушыларда өрт қауіпсіздігі саласындағы есептеудің қазіргі заманғы әдістерін, ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік және көлемдік-жоспарлау шешімдерінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін айқындау бөлігінде нормативтік-техникалық жұмысты игеру бойынша, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші объектілерді өрт-техникалық тексеруді жүргізу кезінде қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Курсанттарды қазіргі заман талабына сай оқытып тәрбиелеудің мән маңызы айрықша. Қарастырылып отырған пән өте ауқымды және оны оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері қолданылады. Оқытудың маңызды нәтижесі – бұл өзгермелі жағдайларда алынған білім негізінде белгілі бір қызметті жүзеге асыру қабілетін игеру.

Дағдылар - адамның қоршаған әлемнің көбеюі мен өзгеруін қамтамасыз ететін іс-әрекет тәсілдері [1]. Дағдылар іс-әрекетте қалыптасады және көрінеді, іс-әрекетсіз дағдылар болмайды. Білім-бұл дағдыларға қатысты ақпараттық қолдау. Педагогикада интеллектуалды және практикалық дағдылар ерекшеленеді.

Интеллектуалды дағдыға – талдау, жіктеу, жалпылау, салыстыру дағдылары жатады. Нақты практикалық мәселелерді шешуге бағытталған интеллектуалды дағды практикалық дағдылармен тығыз байланысты. Сипаттамаларды талдай және салыстыра алмай, мәселені шешу, жоспар құру мүмкін емес. Оқыту нәтижесінде курсант кәсіптің негіздерін, яғни кәсіби функцияларды орындау үшін қажетті дағдылардың жиынтығын игеруі керек. Дағдылар іс – әрекетте қалыптасады, сондықтан тиісті қызметті білімге сүйене отырып, ұйымдастыру қажет.

Оқыту нәтижелерінің бірі дағдыларды игеру. Бұл бірнеше рет қайталанудың салдарынан сана тарапынан көрінетін бақылаусыз орындалатын әрекеттер, сондықтан оқу процесінде тиісті жағдайлар жасалуы керек.

Практикалық дайындықтың бір түрі-дидактикада оқытудың формасы мен әдісі ретінде қарастырылатын зертханалық жұмыс. «Зертхана», термині (лат. labor-еңбек, жұмыс, қиындық; laboro – еңбек ету, тырысу, қиындық туғызу, қамқорлық жасау, қиындықтарды жеңу) бұрыннан пайда болған ғылыми және өмірлік міндеттерді шешудің бұрын белгісіз жолдары мен құралдарын іздестіру үшін ақылмен және физикалық күш-жігерді қолданумен байланысты.

Зертханалық жұмыс-қажетті кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқыту нысаны. Зертханалық сабақ барысында білім алушылар оқытушының жетекшілігімен немесе теориялық білімді тереңдету және бекіту, эксперимент жасау дағдыларын дамыту мақсатында практикалық жұмысты өз бетінше орындайды.

Зертханалық жұмыс-бұл оқытушының жетекшілігімен курсанттар алдын-ала белгіленген жоспар бойынша белгілі бір практикалық тапсырмаларды орындайтын және оларды орындау барысында жаңа оқу материалын қабылдайтын және түсінетін, зерттелгендерін бекітетін, практикалық мәселелерді шешуде теориялық білімді қолданатын, белгілі бір жағдайларды шешу дағдыларын қалыптастыратын оқыту әдісі.

Зертханалық жұмыстарды орындау алынған деректерді жазумен және жүргізілген жұмыс туралы есеп нысанында зерттелетін құбылыстар мен процестердің графикалық бейнесімен сүйемелденеді.

Зертханалық жұмыстар пәннің жұмыс оқу бағдарламасының «Құрылыс материалдарының өрт қауіпсіздігі» бөлімі бойынша жүргізіледі және дәріс сабақтарымен және курсанттардың өзіндік жұмысымен бірге Академияның болашақ түлегінің жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған бірыңғай кешен құрайды.

Зертханалық жұмыстар Өрттің алдын алу кафедрасының базасында орналасқан «Құрылыс материалдары мен конструкцияларының өрт қауіпсіздігі» оқу зертханасында М. М. Альменбаев, Р. А. Емельянов, Ж. К. Макишев, П. В. Максимов, К. Ж. Раимбеков, А. Б. Сивенков «Пожарная опасность Строительных материалов и конструкций» практикумына сүйене отырып жүргізіледі [2].

Оқу процесі қарапайым тапсырмалардан күрделі және қиын тапсырмаларға ауыса отырып, кезең-кезеңімен құрылуы керек. Зертханалық сабақтарды ұйымдастыру кезеңінде зертханалық жабдықтарымен, қондырғылармен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдері мен әдістеріне ерекше назар аударылады.

Зертханалық жұмыстардың тізбесі:

- Құрылыс материалдарын жанатын немесе жанбайтын топқа жататынын анықтау;

- Материалдардың жанғыштығын анықтау

- Құрылыс материалдарының тұтанғыштығын сынау әдісі;

- Ағаш конструкциялар мен материалдарды оттан қорғайтын өңдеу сапасын бағалау;

- Қатты заттар мен материалдардың түтін түзу коэффициентін анықтау;

- Уыттылық көрсеткішін анықтау;

Курсанттармен зертханалық жұмыстар өткізу арқылы келесі мақсаттарға қол жеткізіледі:

- дәрісте баяндалған заңдар мен ережелерді зертханалық жағдайда практикалық зерделеу арқылы теориялық курстың білімін тереңдету және бекіту;

- өрт жағдайындағы құрылыс материалдарының мінез-құлқын зерттеу;

- құрылыс материалдарының өрт-техникалық қасиеттерін және құрылыс конструкцияларының және олардың металдан, ағаштан және темірбетоннан жасалған элементтерінің отқа төзімділік шектерін эксперименттік бағалауға байланысты мәселелерді практикалық бекіту;

- ғылыми экспериментте, алынған нәтижелерді талдауда дағдыларды игеру;

- іс жүзінде зертханалық жабдықтармен, қондырғылармен және ондағы жұмыс әдістерімен танысу;

- ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, жоспарлау және жүргізудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру.

Дидактикалық мақсаттар үшін зертханалық жұмыстар *иллюстрациялық және зерттеушілік* болуы мүмкін.

Егер курсанттар белгілі бір ережелер анықталғаннан, қорытынды жасалғаннан, заңдылықтар мен себеп-салдарлық байланыстар ашылғаннан, қажетті демонстрациялар өткізілгеннен кейін өздері білетін кез-келген мәселелер бойынша зертханалық жұмыстар жүргізсе, онда олар қазірдің өзінде зерттелген оқу материалына иллюстрация болып табылады. Осындай жұмыстарды орындай отырып, білім алушылар осы мәселелерді тереңірек зерттейді, оларды толық және жан-жақты қамтиды.

Зертханалық жұмыстар, егер олардың нәтижелері білім алушыларға алдын-ала белгісіз болса басқа сипатта болады. Мұндай жағдайларда курсанттар жұмыс нәтижесінде жаңа білім алады.

Аталған пән бойынша зертханалық жұмыстар *иллюстрация және зерттеу* бағыттары бойынша жүргізіледі. Иллюстрациялық жұмыстар курсанттардың осы пәнді меңгерудің алғашқы сатыларында жүргізіледі. Зерттеушілік жұмыстар әдетте білім алушылардың зертханалық эксперименттер жүргізуде белгілі бір тәжірибесі болған кезде оқытудың кейінгі кезеңдерінде жоспарланады (дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар, ғылыми зерттеу жұмыстары және т.б.).

Зертханалық жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін:

- пәннің жұмыс бағдарламасына сәйкес зертханалық жұмыстардың тақырыптары мен тапсырмаларын қалыптастыру;

- зертханалық жұмыстарды жүргізу әдістемесін курсанттар үшін тиісті қондырғылармен жетекші дидактикалық мақсаттарға бағындыру;

- жұмыстың ұжымдық және топтық нысандарын қолдану, жұмыстың толық көлемін өз бетінше орындағаны үшін әрбір білім алушының жауапкершілігін арттыру мақсатында жеке нысандарды барынша пайдалану;

-курсанттың жұмысты орындау шарттарын таңдауға, мақсаттарды нақтылауға, қажетті жабдықтарды, дидактикалық құралдарды, оқу

әдебиеттерін өз бетінше таңдауға байланысты тапсырмаларды қосуда қиындықтың жоғары деңгейінде зертханалық жұмыстар жүргізу;

- зертханалық жұмыстарға бөлінген уақытты тиімді пайдалану, жылдам қарқынмен жұмыс істейтін курсанттар үшін қосымша тапсырмалар мен тапсырмаларды таңдау [2].

«Құрылыстағы өрт қауіпсіздігі» пәні бойынша зертханалық сабақтардың жалпы құрылымы:

1) *кіріспе бөлім*: сабақтың басталуын ұйымдастыру (курсанттардың келуін және олардың жұмысқа дайындығын бақылау жүзеге асырылады); жалпы нұсқау беру (зертханалық жұмыстың тақырыбы, оның мақсаттары мен міндеттері хабарланады; курсанттардың тапсырманы орындауға дайындығы талқыланады, жұмысты орындау үшін қажетті теория сұрақтарының қысқаша қайталануы жүргізіледі; тапсырма беріледі, оны орындау бойынша алдағы іс-қимылдардың схемасы таңдалады);

2) *курсанттардың өзіндік жұмысы* (тапсырманы орындау жолдары айқындалады, оны орындаудың негізгі алгоритмдері нақты мысалда қаралады; тапсырма орындалады; оқытушы жұмысты бақылайды және қадағалайды, ағымдағы нұсқау, есептер шығару жүзеге асырылады);

3) *қорытынды бөлім* (жұмыс нәтижелері талданады, тапсырманы орындау кезінде қателер және олардың пайда болу себептері анықталады, курсанттар өз іс-әрекеттерінің рефлексиясын жүргізеді).

Зертханалық сабақтар жұмыс нәтижелерін және алынған қорытындыларды қорғаумен аяқталады. Мұғалім жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, бағалайды.

Зертханалық жұмыстың жазбаша нұсқауы мыналарды қамтуы мүмкін:

– кіріспе бөлім (жұмыстың тақырыбы, мақсаты мен міндеттері, қажетті ақпараттық-теориялық блок, пайдаланылатын құралдар мен еңбек заттары);

– жұмыс барысын сипаттау және оны орындау бойынша әрекеттер тізбегін көрсету;

– жұмысты орындау нәтижелері бойынша өнімнің сипаттамасы;

– нәтижелерді жобалау бойынша ұсыныстар;

– бақылау сұрақтары;

– қысқаша теориялық ақпарат;

– ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Кәсіптік арнайы пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттеп, оны тиімді пайдалану жоғары білікті болашақ құтқарушыларды даярлауда аса маңызды. Оқытудағы тиімді әдістерді пайдалана отырып курсанттардың бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершілікті дамытуға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бордовская Н. В., Розум С. И. Психология и педагогика: учебник для вузов. - СПб.: Питер, 2011. – 624 с.

2. Альменбаев М. М., Емельянов Р. А., Макишев Ж. К. Пожарная опасность строительных материалов и конструкций: практикум. – Москва-Кокшетау: Академия ГПС МЧС России - Кокшетауский технический институт КЧС МВД РК, 2016. – 110 с.

3. Старикова, Л. Д. Методика профессионального обучения: практикум / Л. Д. Старикова, Ю. С. Касьянова. Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.- пед. ун-та, 2013. – 131 с.

ӘОЖ 378.6

Ж. М. Бексұлтанова, оқытушы

ҚР ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы

БАТЫР БАБАМЫЗДЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ЕСІМДІКТІ ҮЙРЕТУ ПРИНЦИПТЕРІ

Есімдіктерді оқыту әдістемесі жалпы дидактиканың теориясына негізделеді. Дидактика – білім мазмұнын анықтау, оқыту процесінің заңдылықтарын ашу, оқытудың ең тиімді әдістермен ұйымдастыру формаларын табу мәселелерін шешеді.

Жалпы алғанда, қазақ тілі пәнінің бағдарламалары мен оқулықтары оқытудың ғылыми принципін басшылыққа алып жасалады. Ал есімдіктерді оқытуда *оқытудың ғылыми принципін* басшылыққа ала отырып, тақтаға мысалдар жазып, есімдіктерді түсіндіреді, ережесін шығарады, есімдіктердің заңдылықтарын айқындап, нақтылап береді. Мысалы: жіктеу есімдіктерінің септелетінін (менің, маған, оны, оның, бізге, мені, т.б.), жіктелетінін (I жақ – мен, II жақ – сен (анайы), сіз (сыпайы), III жақ – ол) белгілі заңдылаққа сүйеніп, түсіндіреді. Сонан соң, пысықтау жаттығуларын жүргізіп, теория мен практиканы ұштастырады.

Дидактикалық принциптің бірі – *оқу материалын саналы меңгерту принципі*. *Оқу материалын саналы меңгерту принципі* – оқытылған материалды курсанттардың құрғақ жаттамай, түсініп, саналы меңгеруі. Жана тақырыпты саналы меңгеру үшін курсанттарға оқуға деген белсенділігі, ынтасы түрлі әдіс-тәсілдер арқылы арттырылады, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуге үйретіледі, оқу материалын өз

бетінше түсініп, оқуына, өз сөзімен айтуға дағдаландырады. Түрлі шығармашылық жұмыстарды, логикалық тапсырмаларды өздігінен орындауға, проблемалық сұрақтарға өздігінен жауап беруге бейімделеді. Сонымен қатар ережелер мен анықтамаларды саналы түсіну үшін, курсанттарға тіл фактілерін дұрыс ажырата білуге жағдай жасалады. Жаңа тақырыпты саналы түрде меңгерген курсант алған білімін өмірінде кеңінен қолдана алады. Есімдіктерді саналы түрде меңгеру барысында жазба жұмыстарын (эссе, шығарма) жазуда, жаттығулар орындауда есімдіктердің өзіндік заңдылықтарын сақтай отырып, сауатты қолдана біледі. Әрі курсант белгілі жағдайда есімдіктерді неге олай қолданғанын, оны тағы да қалай қолдануға болатынын түсіндіре алады.

Оқу материалын жеңілден – ауырға, оңайдан – күрделіге қарай баяндау принципімен түсіндіріледі. Яғни курсанттардың бұрын білетін материалдарының негізінде жаңа материалдарды байланыстыра түсіндіру мақсат етіледі. Демек, оқытудың бұл принципі бойынша курсанттың өз бетімен білім алуына мүмкіншілік жасалады. Есімдіктерді оқытуда да осы қағида сақталады.

Оқу материалының жүйелілік принципі бойынша зат есім, сын есім, сан есімдерді қайталап, жаңғыртып, еске түсіріп алады да, жүйе-жүйемен есімдіктерді өтеді. Бірінші сабақта баяндау, түсіндіру, сұрақ - жауап, көрнекілік әдістері арқылы есімдіктерге түсінік береді. Екінші сабағында есімдіктің мағыналық топтарына жалпы тоқталып, жіктеу есімдігін түсіндіреді. Келесі сабақтарында жүйе-жүйемен сілтеу есімдігіне, сұрау есімдігінен және тағы да басқа түрлеріне түсінік беріп түсіндіреді.

Бұл принцип бойынша бұрын өтілген тілдік материалдарды курсанттолық меңгергеннен кейін ғана жаңа материалды таныстырады. Демек, оқу материалдарының ішкі заңдылықтарын жүйелі оқыып үйренген жағдайда ғана оның ғылыми негіздерін шын мағынасында меңгеруге болады. Қазақ тілі бағдарламасы да, оқулығы да, оқулықта берілген тақырыптар да жүйелілік принципі негізінде құрастырылған. Бағдарламадағы бұрын берілген материал мен келесі материалдың сабақтас болуын байланыстырып отыру көзделеді. Осыған байланысты зат есім, сын есім, сан есімдерді, яғни есім сөздерді толық меңгертіп алып барып, есім сөздердің орнына жұмсалатын есімдіктерді өтеді. Есімдіктерді оқытудың өз ішінде де жүйелілік принципі негізінде оқыталады. Зат есімнің орнына жұмсалатын жіктеу есімдіктерін бірінші оқытып алып, сосын барып сын есімнің, сан есімнің орнына жұмсалатын есімдіктерді оқытады.

Оқу материалын дұрыс орналастыру принципі – оқу материалдарының дұрыс бір-бірімен сабақтаса орналасуы, берілуі үйретілетін материалды курсанттың тиянақты, жүйелі, бірізділікпен

қабылдауына мүмкіндіктер жасайды. Мысалы: есімдіктерді оқытуда жіктеу есімдігінен кейін сілтеу есімдігі, сілтеу есімдігінен кейін сұрау есімдігі, сұрау есімдігінен кейін өздік есімдігі туралы түсінік беріледі. Әрі жіктеу есімдігін толық меңгерткен соң, сілтеу есімдігін меңгертуге әрекет жасайды. Осылай жүйе-жүйемен бірінен соң бірін оқытады.

Оқу материалын алдын ала болжау принципі – оқытылып отырған материалдың келесі сабақтардағы материалды меңгерудегі тиімділігін алдын ала болжайды, соны ескере отырып дамытады.

Оқытудың берік, тиянақты болу принципі – курсанттардың өрелі ой-санасын ғылыми негізде дамыту үшін, олардың меңгерген білім дағдылары тиянақты болуы қажет. Курсанттардың дүниетануы жөніндегі көзқарастарын қалыптастыруда білімді тиянақты, берік меңгертудің маңызы зор. Оқылған материалды жан-жақты меңгерту, есінде берік сақтату, құрғақ жаттауға жол бермеу, білгенді ұмытпау үшін қайталау, білімін бағалап отыру сияқты жұмыстарды жүргізу керек.

Білімнің беріктік, тиянақтылық принципін жүзеге асыруда жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру да шешуші рөл атқарады. Түрлі жаттығу жұмыстары курсанттың іскерлігі мен дағдысын жетілдіре түседі [1].

Осы орайда Кеңес Одағының батыры, КСРО педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті қоғам қайраткері Мәлік Ғабдуллиннің Бауыржан Момышұлына жазған хатынан есімдіктерді таба отырып, майдандас аға мен іні арасындағы сыйластықты, кішіпейілділікті, ағалық қамқорлық пен інілік жанашырлықты байқауға болады. Хаттарда амандық-саулық, күнделікті тұрмыстық күйлер, майдан ахуалына қоса, ұлттық мәселелер де қозғалып, өзара жоспарларын, ойларын бөлісіп отырады. Мәлік Баукеңнің отбасына да хат жазуды да ұмытпаған. Батырдың жұбайы Жамал мен ұлы Бақытжанға әрдайым Баукеңнің амандығын айтып, сәлем жолдап отырған. Мәкең бір хатында былай дейді: *»Қымбатты Жамал, Бақыт! Айдан бұрын жазған хатымды алған боларсыздар. Біз Бауыржанның тәрбиесінде өскен адамдармыз, Бауыржанның майдандас жолдастарымыз.*

Кеше почтальон көп газет әкелді: онда бірсыпыра адамға награда беру туралы жайында бұйрық шығыпты. Осы бұйрық бойынша Бауыржан наградқа айбынды «Қызыл Ту» орденін алды. Сіздерге Бауыржанның алған наградымен құтты болсын айтамыз. Бұл наградқа сіздер қандай қуансаңыздар, біз де сондай қуанамыз», - деп, өзінің шын қуанышты екенін білдіреді. Мәлік Жамалға жазған хаттарында үнемі Бауыржанның ерлік істерін, азаматтығын, қайсарлығын тамсана айтумен болады: »Мен бұрын Бауыржанды, шынын айтқанда, білмеуші едім. Ол екеуімізді таныстырған жер – көкала түтіні бұрқыраған майдан болды.

Батырлық, ерлік, өжеттік – бір кісінің бойында болатын қасиет емес. Сол сияқты, мінезі мауа, көңілі шат, мінезі мейірімділік қасиет те екінің бірінде бола бермейді. Адамдағы осы екі қасиет бір кісінің тұлғасынан табылуы өте сирек. Бірақ, осы екі қасиеттің екеуі де Бауыржанда бар. Мен мұны жақсы білемін. Мен жазушы адам емеспін. Егер жазушы я ақын болсам, көк күмбезді қағаз етіп, көкала дарияны сия етіп «Батырым Бауыржан» деген хикая да жазған болар едім» дейді жан сырын ақтара [2].

Оқытудың теория және практика, өмірмен байланыстыру принципі арқылы курсанттардың академиядағы оқу - тәрбие процесінде алған теориялық тілімдерін өндірісте, іс жүзінде қолдана білуге дағдыланады.

Оқымысты - филолог М. Ғабдуллиннің 1947 жылы «Менің майдандас достарым» атты шығармасынан үзінді оқып шығып, есімдіктерді тауып, түрлерін ажыратыңдар.

ҚАЙТҚАН КЕК

Жарқын мен Жантас бір анадан, бір әкеден туған ағайынды жігіттереді. «Оқысын, білім алып ғалым болсын» деген оймен Қайдар қарт екі баласын да мектепке түсірген. Жарқын орта мектепті бітірді, одан соң Москвадағы жоғары бір мектепті оқып бітірді де, 1939 жылдың июль айында Алматыға қызметке келді. Ондағы бір мекеменің инженері болып істеп жүрді. Ал, Жантас үй шаруасына айналумен болды да, ілгері карай оқып кете алмай ауылда қалған. «Бәріміз бірдей ғалым болмай-ақ қояйық. Ауылда жұмыс істеу үшін де адам керек шығар. Жарқынның оқығаны менің оқығаным емес пе?» деп ойлайтын Жантас. Ол Жарқынның оқып инженер болғанына қуанатын, мақтанатын. Жарқын оқуда жүргенінде Жантас оған талай рет ақша, тағы ол-пұл жіберіп қарайласып тұрды. «Біздің тұқымнан да бір инженер шықты»,— деп масаттанатын еді ауыл адамдары.

Жарқын инженер болып көп істей алмады. Ол сол жылдың күзінде әскерге шақырылды. 40-жылдың февраль айының 15-де Жарқын өзінің әке - шешесі мен інісі Жантасқа жазған хатында: Брест деген қаладамыз. Осындағы зеңбірек полкында істеп жатырмын. Тұрмысым жақсы, денім сау, - деп хабарлаған.

Уақыт ілгерілеп өте берді...

Соғыс басталардан бір ай бұрын Жарқын үй ішіне хат жазып аман-саушылығын білдірді. Бұл оның үй ішіне жазған ақтық хаты еді. Соғыс басталып кетті. Жарқынның әке-шешесі күн санап баласынан хат-хабар күтумен болды. Бірақ, ешқандай да хабар болмады. Жарқынның өлітірісін білетін кісі де кездеспеді.

Күн артынан күн, ай артынан ай да зымырап өтіп жатты. Елдің еркіндік азаматтары қолдарына қару алып май-данға аттанды. Соның бірі

Жантас еді. Жантас талай рет қан майдандағы ұрыстарға қатынасты. Жақсы-жақсы ерліктер жасады. Ол өзінің және жанындағы жолдастарының батырлық істеріне қорытынды жасай келіп, менің бауырым Жарқын да осындай ерлік жасап қаза болған шығар,— деп ойлайтын. Бірақ, ол бұл ойына, Жарқынды өлімге қимағандық көңлімен сенбейтін. «Біздің Жарқын жайшылықтың өзінде хат жазуға сараң еді. Ал, мына секілді сұрапыл жағдайда хат жазып хабар беруді ұмытып кеткен де болар. Мына миллиондаған көптің ішінде жүрген шығар», - дейтін ол.

Жантас, кейде, майданға келіп жатқан жаңа жігіттерді көрсе, немесе көрші полктың бір жігітін кездестірсе, «сіздер де Жарқын Қайдаров деген жігіт жоқ па»,— деп сұрайтын еді. Олардан «ондай адамды білмейміз», не «көргеніміз жоқ» деген жауап алатын. Солай бола тұрсада, Жантас Жарқыннан үміт үзбейтін, сұрау салып жүретін.

Сонғы бір ұрыста Жантас сол қолынан қатты жаралы болып емделу үшін тылдағы госпитальдің біріне жіберілді. Ол жолда өзі секілді жаралылардың талайын кездестірді. Госпитальға келгеннен кейінде көптеген жаралылар мен танысып қалды [3, 272-бет].

Қорыта келе, қазіргі ғаламдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу - тәрбие процесінде өзекті ізгілендіру негізгі мәселелердің бірі болып табылуда. Оқу - тәрбие процесін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударыла отырып, батыр, педагог, майдангер Мәлік Ғабдуллиннің Бауыржан Момышұлына арнаған хаттарынан олардың арасындағы қарым-қатынас әріптестік пен әскери жарғының аясында ғана қалып қоймай, аға мен іні, ұстаз бен шәкірт арасындағы нық байланысқа айналғанын жас буынға сабақ барысында жеткізіп, есімдіктерді таба отырып, оның түрлерін ажыратуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://abai.kz/post/49606>
3. Ғабдуллин Мәлік. Менің майдандас достарым: Әңгімелер мен очерк-тер. / Құраст. С. Негимов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 392 б.

*В. В. Борисенко, магистрант 1 курса
Кокшетауский университет им. Шокана Уалиханова*

МЕЖПРЕДМЕТНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ КАК ФАКТОР УСПЕШНОГО ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Начать данную статью хотелось бы с пояснения того, что в данном случае подразумевается под междисциплинарными связями и межпредметной интеграцией. Межпредметная интеграция - это процесс установления взаимосвязи между структурными компонентами обучения (предметами) с целью формирования целостного представления о мире. Междисциплинарные связи – это нахождение взаимной согласованности содержания образования по преподаваемым учебным дисциплинам, обусловленных индивидуальностью каждого учебного предмета [1]. Как мы можем увидеть эти термины довольно схожи между собой, а значит, в некоторых случаях могут быть взаимозаменяемы. Американский учёный К. Бартон выделяет десять моделей интеграции, которые можно разделить на три основные категории:

- интеграция в рамках отдельных дисциплин;
- интеграция нескольких дисциплин;
- интеграция внутри и между учащимися [2].

Интеграция в рамках отдельных дисциплин подразумевает под собой прочную взаимосвязь между разделами внутри одного предмета; интеграция нескольких дисциплин – межпредметная интеграция, которую мы как раз подробно разбираем в данной статье; интеграция между учащимися – учащиеся делятся друг с другом своими мыслями и идеями о том или ином предмете (явлении) и рассматривают его с точки зрения разных дисциплин, создают совместные научные проекты.

Структура междисциплинарной интеграции довольно проста. Она заключается в способности преподавателя построить систему обучения таким образом, чтобы продемонстрировать учащимся глубинные связи между науками не только внутри естественно-математического или гуманитарного циклов, но также разработать методики способные дать учащимся сведения из абсолютно разных областей знания, например, химии и английского языка, связанные чем-то единым. Учащиеся, в свою очередь, должны также находить всё новые взаимосвязи между предметами, интегрировать полученные знания и применять их в процессе обучения. Кроме того, для учащихся использование технологии межпредметной интеграции может стать дополнительным стимулом при

изучении того или иного предмета. Однако, на данном аспекте применения междисциплинарных связей мы остановимся чуть позднее.

В последнее время процессам межпредметной интеграции, а также разработке учебных программ с учетом данной технологии уделяется намного больше внимания, чем раньше. Так в чём же заключается преимущество данного метода? Несомненно, главными отличительными чертами междисциплинарной интеграции как одного из ключевых современных методов обучения являются целостность и практическая направленность. Технология межпредметной интеграции прочно связывает воедино разрозненные ниточки знаний из разных наук, и, переплетая их, создает полотно, на котором у учащихся прорисовывается более полная и красочная картина мира. При интегрированном подходе к обучению окружающая действительность познается учащимися во всем её многообразии и единстве, в то время как большинство изучаемых дисциплин направлены на изучение отдельных явлений этого единства, и не дают представления о целом явлении, дробя его на разрозненные фрагменты. Междисциплинарные занятия являются очень мощным стимулом для развития и активизации всех мыслительных процессов учащихся, таких как анализ, синтез, сравнение, сопоставление, развитие логики, коммуникативных навыков, умения обобщать и делать выводы. Также, межпредметные связи способствуют более успешному запоминанию информации за счёт повторения изученного материала не только непосредственно на занятии посвященном данной теме, но и на некоторых других учебных занятиях, которые в процессе межпредметной интеграции так или иначе затрагивают эту или смежную с ней темы. Улучшается запоминание информации и с помощью формирования устойчивых ассоциативных связей, которые появляются у учащихся в процессе интегрированного обучения.

Как учёными, так и учителями-практиками отмечается, что процесс интегрированного обучения приводит к более успешным показателям не только интеллектуального плана, но и эмоционально-психологического. Как было отмечено выше, интегрированное обучение может благоприятно повлиять на мотивацию к учению и формирование устойчивых познавательных интересов. Например, если учащийся не очень любит заниматься английским языком, но увлекается физикой, то в процессе интегрированного обучения этим двум предметам он сможет также «подтянуть» свои знания по английскому языку, и, возможно, будет дополнительно замотивирован на изучение английского языка, так как увидит, что знание языка дает доступ ко многим иностранным научным журналам и другим источникам знаний. Кроме того, среди преимуществ интегрированных занятий следует выделить и то, что зачастую они очень

разнообразны, нестандартны и увлекательны. Этот факт также может значительно повысить уровень мотивации к обучению. Такие необычные, интересные занятия, особенно, если учащиеся являются его активными участниками, поддерживают внимание учеников на высоком уровне в течении всего урока, повышают познавательный интерес, развивают воображение, креативное и критическое мышление. И, конечно, такие занятия раскрывают творческий потенциал не только учащихся, но и педагога, открывая перед ним новые горизонты профессионального развития.

Теперь, когда у нас есть представление о некоторых преимуществах межпредметной интеграции в системе обучения, давайте рассмотрим каким образом мы можем внедрить данный метод в процесс изучения английского языка. Несмотря на то, что в последнее время вопросам межпредметной интеграции уделяется всё больше внимания, система связи между многими дисциплинами всё ещё не до конца установлена, а также не ясна структура этих связей и их особенности, что значительно замедляет разработку занятий и учебных программ, в основе которых бы лежали технологии межпредметной интеграции. Кроме того, как отмечает Миронова С. Ю., отсутствует скоординированность программ в частности по иностранному языку и другим предметам, что препятствует осознанному переносу учащимися знаний, умений и навыков из других учебных предметов в иностранный язык и из иностранного предмета в другие предметы. Вопросы межпредметных связей недостаточно разработаны в методике обучения этому предмету и эти связи почти не реализуются в практике обучения [3].

Для того чтобы преодолеть данные трудности в первую очередь преподавателю английского языка необходимо изучить не только особенности обучения языку, но и некоторые аспекты преподавания интегрируемого предмета. Для успешного установления и реализации междисциплинарных связей на уроках необходимо: во-первых, четко формулировать цели, задачи и предполагаемые результаты деятельности, исходя из темы урока; во-вторых, поощрять попытки учеников применять знания из других областей; в-третьих, объяснять причинно-следственные связи, сущности изучаемых явлений и процессов; в-четвёртых, научить обобщать определенные разделы учебного материала, изучаемого в разных дисциплинах [4]. Также, в процессе составления планов занятий с учётом межпредметных связей рекомендуется брать во внимание не только связь изучаемого явления с одним из предметов, но пытаться также найти взаимосвязь со всеми изучаемыми студентом дисциплинами, чтобы изучить данную тему наиболее полно и всесторонне. Например, при изучении истории Великобритании девятнадцатого века можно разобрать

не только общественно-политический строй страны и колонизаторскую политику, но и открытия в области физики, химии, биологии, математики, совершённые английскими учёными в тот период.

Хайди Хейс Джейкобс [5] указывает, что самым большим препятствием для интеграции учебного плана является то, что преподаватели пытаются сделать слишком много в рамках одного занятия. Успешная реализация должна учитывать различные уровни и этапы интеграции. Начать урок следует с креативного задания, которое бы позволило учащимся задействовать ранее изученный материал из различных областей знания, а также дало бы возможность предсказать о чём пойдет речь на сегодняшнем занятии. Примеры таких заданий: анаграммы, кроссворды, ребусы, квизы, короткие викторины. Таким образом, с самого начала урока мы можем активизировать мыслительную деятельность учащихся, создать творческую среду и повысить вовлеченность студентов в процесс обучения. Далее следует ознакомить учащихся с новой лексикой, а затем перейти непосредственно к уроку. Однако, можно пойти и другим путём, и объяснить учащимся значения лишь несколько основных слов, а о значении остальных терминов учащиеся должны будут догадаться самостоятельно, либо написать определения к ним, работая в группах/парах, уже после ознакомления с текстовым, аудио- или видеоматериалом, презентующим новую тему. Конечно, следует учитывать, что и новая лексика, как и всё подобранные материалы, и объяснения преподавателя должны соответствовать языковому уровню учащихся, однако в то же время необходимо создавать преодолимые познавательные трудности для оптимизации мыслительных процессов учащихся.

После ознакомления с основными новыми понятиями рекомендуется дать учащимся задание на проверку понимания материала, затем на его более углубленное изучение, а после задания на анализ, синтез, обработку информации, обобщение полученных данных. Примеры таких заданий: «выпишите свойства», «разделите по признаку», «свяжите данные слова по смыслу», «составьте план пересказа текста», «классифицируйте данные предметы/явления», а также составление кластеров, схем и ментальных карт. Закрепить изученный материал можно с помощью контрольных вопросов, креативных заданий, заданий на развитие критического мышления, проектной деятельности.

Проанализировав современные исследования в области межпредметной интеграции и обобщив полученные сведения, мы можем увидеть, что, несмотря на видимые преимущества использования межпредметной интеграции (активизация мыслительных процессов, повышение мотивации обучения и т.д.) как одного из методов обучения,

многие аспекты данной технологии ещё мало изучены. Также наблюдается некоторый дефицит практически применимых учебных программ и планов занятий, включающих в себя междисциплинарные связи. Однако, наука, в том числе и педагогическая, никогда не стоит на месте, а это значит, что в скором времени могут появиться новые исследования и разработки в области применения междисциплинарных связей.

Список литературы

1. Фомина М. В. Межпредметные связи как средство оптимизации процесса формирования языковой компетенции учащихся. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://works.doklad.ru/view/fbDYa7T0rFE/all.html>

2. Barton, K. C. & Smith, L.A. Themes or motifs? Aiming for coherence through interdisciplinary outlines. The Reading Teacher. – 2000. – № 54 (1). – P. 54- 63.

3. Миронова С.Ю. Использование межпредметных связей на уроках иностранного языка. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://nsportal.ru/shkola/inostrannye-yazyki/angliiskiy-yazyk/library/2018/01/28/ispolzovanie-mezhpredmetnyh-svyazey>

4. Рыжкова Н. Ю., Чуркина О. В. Использование междисциплинарных связей английского языка и информатики в общеобразовательных учреждениях на примере сервиса LearningApps. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2021. – № 39 (381). – С. 67-70.

5. Jacobs, H. H. Planning for curriculum integration. Educational Leadership, 49(2), 1991. – P. 27 – 28.

ӘОЖ:811.512.122:801.7

Д. Ғазез, магистрант,

*Ғылыми жетекші: С. К. Қасымова, ф. з. к., кафедраның профессоры
ҚР ТЖМ М. Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

ЖАУЫНГЕРЛІК БОРЫШТЫ ӨТЕУ – ЖЕҢІСПЕН БІРДЕЙ

Қазақ... Осы сөздің әрбір қазақ елінде тұратын адамға ерекше бір рух берері сөзсіз. Қазақ – намысы мен абыройын, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін барлық қасиеттерден жоғары қоя білген, ерекше халық.

Қазақ халқының бүгінгі кешіп отырған бейбіт өміріне қол жеткізудегі көрген қиянаттары мен қиыншылықтарын сөзбен айтып жеткізу өте қиын. Жылдар тіпті ғасырлар бойғы қазақ халқының егеменді ел болып қалыптасуы үшін жалғасқан қантөгістердің бүгінде еліміздің тәуелсіз қарқынды дамып келе жатқан жас та болса күшті мемлекет болып қалыптасуының бір көрінісі болар. Егер біз өткен күндерге көз жүгіртсек, талай ғасырлар бойы еліміздің кең байтақ, құнарлы жеріне көз салғанда, оның шекарасын өздеріне бағындыру мақсатында сан қилы соғыстар жариялады. Сол кездердегі ата-бабаларымыз, қазақ халқының батырлары мен хандарының батырлығы мен даналығының арқасында бүгін біз арқамызды керіп, барша кеудемен дем алып отырмыз.

Қазақ хандығының бастан кешкен қиындықтары мен қасіреттерінің шексіз болғандығын ескере отырсақ та, қазақ халқы ешқашан рухымен құлап, ертеңінен түңілмеген, бойында ерекше қуат пен күш-жігері бар дана халық бола білген. Сол жылдардағы қазақ хандығының құрылымы әрине көбіне жауынгерлерден құралды. Бүгінде әскеріміздің алдында бәсекеге қабілеттілікті жүйелі жетілдіру және дамыту мақсаты тұр [1]. Негізінен қазіргі заманғы жағдайда соғысқа даяр, ұрысқа жарамды болуымен бірге, Қарулы Күштер соғысты жүргізу үшін емес, оны болдырмаудың ең маңызды құралы ретінде қарастырылады. Бірақ қазір, баршаға аян, өкінішке орай кейбір жерлерде қақтығыстар мен экстермалды жағдайлар орын алуда. Мысалы, БҰҰ-ның мәліметі бойынша, бүгінгі күні жер шарында әрбір оныншы адам аш, яғни 1 миллиардқа жуығы. Оның шамамен тең жартысы Азия елдерінің халықтары [2]. Соғыс жүріп жатқан елдерді қызыл бояумен белгілеп қойса, ғаламшар картасы кәдімгідей қып-қызыл «қанға» боялатыны анық. Мұндай қара тізімге, өкінішке қарай, әлемнің бірнеше елі еніп отыр. Оның бірі қазіргі баршаның назарындағы – Украинада. Кейбір шетелдік басылымдарда келтірілген деректер бойынша, Украинадағы әскери қақтығыс кезінің бес айында Ресей АҚШ-тың Иракпен соғысындағы 12 жылда қаза болған әскерлерімен бірдей жауынгерінен айрылса, РФ-ның КСРО-ның Ауғанстан жеріндегі 9-жылда құрбан болған үштен бір бөлігімен тең келетіндей адамы өлген екен. Қысқасы, Украинадағы қарулы қақтығыстың зардабы Ауғанстан жеріндегі соғыс қасіретімен бірдей соғыс.

Украина мен Ресей арасындағы соғысқа қатысты жиі-жиі пікір айтып жүргендердің бірі - Қазақстанның әуе тасымалы қауымдастығының бастығы В. Куропатенко былай дейді: «Украинадағы жағдай қарулы қақтығысты қолдан жасап отырған есі ауысқандардың ақымақтығы. Соншама бейбіт адамның қаны оларды жібермейді» [2]. Иә, бейбіт өмірдің

діңгегін ырғап отырған үстемшіл державалардың миллиондаған жазықсыз жандардың қанын жүктеп отырғандары рас.

Қарулы қақтығыстар жүріп жатқан елдердің тізімі өте көп. Сонымен: Украина, Біріккен Араб әмірлігінің Иранмен қақтығысы, Мысыр, Сирия, Ирак, Ливия, Йемен, Алжир, Марокко, Бахрейн, Үндістан мен Пәкістан арасындағы қақтығыс, Катар, Жапония мен Қытай шиеленісі, Армения мен Әзірбайжан арасындағы дау, Шри-Ланка, Сомалия, Эфиопия, Түркиядағы күрттер көтерілісі, Албания, Ангола, Босния мен Герцеговина, Бурунди, Гаити, Гвинея мен Бисау, Колумбия, Комор аралдары, Конго, Либерия, Нигерия, Судан, Сьерра-Леоне, Фиджи, Филиппиннің оңтүстігі, Эритрея, Косово (Югославия). Аталған елдердегі қарулы қақтығыстар себебі әр түрлі: жер дауы, азаматтық соғыс, тәуелсіздік үшін күрес, билікке наразылық, жікшілдік т.т. Сонымен қатар, аймақтардағы саяси тұрақсыздық кей елдерде қиын жағдайда тұрса, кейбіреуінде әскери қақтығыстарда бар. Қалай дегенмен де, соғыстың үлкені мен кішісі болмайды [3].

Ел өміріндегі бірқатар проблемаларды шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтаныш сезімге, Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға дайындығын тәрбиелеуге байланысты.

Елін сүйу, Отанын қорғау қашаннан ер жігіттің парызы болған. “Отаншыл сезім жас ұрпақ бойына қайдан беріледі? “Отан от басынан басталады”, - дейтін халықтың ұрпағы бұл сенімнен шыға алып жүр ме? Қазіргі күні жастарымыздың бойындағы отаншыл рух, патриоттық сезім қай деңгейде?” деген сауалдардың бізді ойландыруы заңдылық.

«Отан» ұғымы адамның туған жерімен, жақындарымен және туыстарымен ғана шектелмейді, сонымен қатар махаббат, патриотизм, шынайы берілгендік, ұлттық мақтаныш сезімдері де ұғынылады. Көпшілік адамдардың санасында өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру тек әскери борышын орындау деп ұғынылуы патриоттық тәрбие түсінігінің мазмұн аясын тарылта түсінеді.

Бүгінгі күні жастардың патриоттық тәрбиесі патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық пен берілгендік сезімін қалыптастыру, азаматтық борыш пен негізгі конституциялық міндеттерді орындауға деген дайындық талаптарына толығымен сай келе бермейді. Атқарылып отырған жұмыс еліміздің азаматтарының бойында патриоттық сананы қалыптастыру жөнінде стратегиялық міндеттерді толықтай кешенді шешуді қамтамасыз ете алмайды.

Әрбір адам бала жасынан: «Қазақстан – менің Отаным, ол мен үшін жауапты болғаны сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым

ойды меңгеруі керек. Патриотизмнің адамгершілік сипаты – керек уақытта адамның өзіне «керек» деп бұйрық беріп, ауыр сын сәтінде «істей алмаймын» дегенді жеңе білуі.

Заманауи патриот болу – республиканың экономикалық, қорғаныстық әлеуметін нығайту, оны кез келген сыртқы қастандықтан қорғауға дайын болу, әскери міндетке жауапкершілікпен қарау деген сөз.

Патриотизм сезімі мен Отанның жауларына деген жек көрушілік – қасиетті, жалынды, өшпейтін сезім. Қазіргі жауынгер үшін патриот болу дегеніміз - өзінің білімі мен мүмкіндігін, бар күшін ҚР ҚК-нің жауынгерлік қуатын нығайтуға жұмсау мен қашан да оны қорғауға дайын болуы деп ойлаймыз [4].

жұмысымыздың басты өзектілігі ретінде мұның шешу жолдарын іздестіреміз. Мәселен, Н. Ф. Иртеньева, В. Н. Жигадло, И. П. Иванова, В. Д. Аракин сияқты ғалымдар түр категориясын тәуелсіз деп санамайды және оны шақ категориясына бағынатын категория ретінде береді. В. Н. Жигадло «түр уақыт өте келе әрекет ету тәсілі мен сипатын береді» деп атап өтеді де, сол себептен бұл категорияны уақыт санатынан тыс қарастыруға болмайды деп түсіндіреді [1, 56 б.]. Ал профессор И. П. Иванова түр санатын ағылшын тілінің жеке грамматикалық санатына бөлмеуді ұсынады. Оның пайымдауынша «қазіргі ағылшын тілінің уақытша формаларының жүйесі шақ формаларының екі салыстырмалы қатарынан – Indefinite (анықталмаған) тобын қамтитын абсолютті шақ формалары мен Perfect (аяқталған) және созылыңқы (Continuous) тобының уақыттарын қамтитын салыстырмалы шақ формаларынан тұрады» дейді [2, 39 б.]. Мұнда морфологиялық тұрғыдан анықталмаған форманттары бар түрлер уақытша мәндермен біріктіріледі. В.Д. Аракин болса, түр категориясының лексикалық және грамматикалық сипаты бар деп санайды. Ғалымдардың тағы бір тобы: Б. С. Хаймович, Б. И. Роговская, Л. С. Бархударов, Г. Н. Воронцова түрлер санатын шақ категориясынан бөлек қарастырады. Мәселен, Б. С. Хаймович және Б. И. Роговская мынадай көзқарасты білдіреді: шақ категориясы мен етістік түрлерін нақты ажырату керек, өйткені олар әрекетті әртүрлі көзқарастардан сипаттайды. Г. Н. Воронцова қарапайым, созылыңқы және аяқталған формаларды ағылшын етістігінің үш түрі ретінде қарастырады, өйткені олар белгілі бір уақытқа қатысты әрекет шегін білдіреді деген пікірде болады [3, 149 б.]. Атап айтқанда: ұзақ мерзімді формалар шекті мәннен қатынасты білдіреді; өйткені әрекет белгілі бір уақытта аяқталмайды; аяқталған іс-әрекеттің шекті мәнін білдіреді; қарапайым формалар межеге қатысты «бейтарап» деп саналады. Өйткені іс-әрекеттің шегі мен бейтараптығының көрінісі шақтық формаға және контекстке байланысты болып келеді. Г. Н. Воронцова «созылыңқы формалардың қарапайымнан басты айырмашылығы – созылыңқы формалар қазіргі уақытта әрекеттерді білдіреді, сондықтан олар кескіндеме құралы ретінде қызмет етеді» деп санайды, ал «қарапайым формалар оқиғаларды айтады» дейді [3, 150 б.].

Ал профессор Б. А. Ильиш: «төрт негізді грамматикалық ағылшын тіліндегі түрлердің категорияларын:

- а) белгілі бір ұзақ әрекетті білдіретін ұзақ мерзімді көрініс (созылыңқы);
- б) жалпы көрініс (Indefinite);
- в) нәтижелі көрініс (Present Perfect);

г) нәтижелі созылыңқы (Present Perfect-Continuous) өткен шақта басталған әрекеттің байланысын қазіргі сәтпен жеткізеді» деп жіктейді [4, 101 б.]. А. И. Смирницкий «грамматикалық және оппозицияға негізделген Indefinite // Continuous, онда топтың формалары Indefinite жалпы түр формалары ретінде, ал Continuous – созылыңқы түр формалары ретінде анықталады» деп топшылайды [5, 215 б.]. Л. С. Бархударов түр категориясы оппозицияның созылыңқы түр және созылыңқы емес түр екенін анықтайды да, созылыңқы емес мерзімді формаларға ол Indefinite және Perfect формаларды жатқызады. Ал созылыңқы түріне Continuous және Perfect-Continuous деп санайды [6, 83 б.]. Бұл мәселе қазіргі уақытта жаңа көріністе байқалып отыр. Түрлердің қарым-қатынасы уақыт пен кеңістіктегі етістіктің бір немесе басқа сипатын көрсететініне сүйене отырып, профессор И. Г. Кошевая түрдің категориясын қол жеткізілген әрекеттің мағынасына негізделген қазіргі заманғы грамматикалық категория ретінде анықтайтындығын еңбегінен білеміз [7, 104 б.]. Түр категориясы оппозициямен ұсынылған «перфективті-имперфективті», мұнда перфективті Perfect формаларымен, ал имперфективті Indefinite (жалпы) мен Continuous (созылыңқы) формаларымен көрінеді. Indefinite және Continuous етістіктер тобы шексіз, ал перфективтік топтық етістіктер межені, аяқталған әрекеттерді білдіреді. Біз етістіктердің оппозициялық жұптарын білдіретін мағыналарды талдаймыз: *to give (беру)*, *to be giving (беріп жату)*, *to have given (беріп қою)*, *to have been giving (беріп жату)* қол жетімсіз әрекет және қол жеткізілген әрекет. Берілген оппозициялық жұптар лексикалық мағынаны растайды, *give* «беру» парадигматикалық түрлер жұптарында сақталады. Осылайша қатынастар осы жұптарда принцип бойынша құрылады. Ағылшын тілі тарихындағы түрлер категориясының қалыптасуының уақытша кезеңіне қатысты мәселе де күрделі және екіұшты болып келеді. Түр категориясы ежелгі ағылшын тілінде болған ба, жоқ па, егер бар болса, бұл өрнек құралдары қандай болды деген тәрізді пікірлер бар. Ұзақ уақыт бойы ағылшын тілінің түр категориясы орыс тілінің түрлер жүйесімен анықталды (В. Штрайтберг және оның ізбасарлары: Г. Гессе, А. Лорц т. б.) және оның морфологиялық форманты-префикстері болуы керек деп сенді. Алайда, профессор А. И. Смирницкий «әртүрлі тілдердегі бірдей категорияларды сәйкес келмейтін бірліктерге бөлуге болады деп санайды» [5, 47 б.]. Демек, форманың морфологиялық құралдары ағылшын тіліндегі категориясы басқа болуы мүмкін

Неміс тілі маманы В. Штрайтберг ескі ағылшын тілінде «ge-» префиксі етістіктердің мінсіз түрін қалыптастыру құралы болды деп санайды. Бірақ, профессор В. Н. Ярцева, профессор Б. А. Ильиш, профессор И. Г. Кошеваяның пікірінше, ежелгі ағылшын тілінде түрлер

категориясының бар екендігі туралы айту үшін табиғатта формальды көрсеткіштің болуы қажет. Егер болжам бойынша, түр категориясы болса, бұл жүйелік ескі ағылшын тілінде оппозиция болуы керек еді «префиксті етістік және префиксті емес етістік» дейді [7, 8]. Профессор Б. А. Ильиштің пікірінше, «ge-» ескі ағылшын кезеңінде аяқталған түрдің мағынасы жүйелі емес болса, Профессор И. Г. Кошевая «ge-» префиксі барлық ескі ағылшын етістіктеріне қосылмаған, бірақ тұрақты емес етістіктер контекстке байланысты жетілмеген және мінсіз түрлердің мағыналарын білдіре алатындығын сөз етеді [9, 78 б.]. Қорыта айтқанда ежелгі ағылшын тілінде түр категориясы мәтінге тәуелді болады және грамматикалық қарама-қарсылық болуы мүмкін емес еді. Алайда, бұл ежелгі ағылшын тілінде префикстер шынымен межелік мағына берген деген ой қалдырады. Десемантикаланған префикстердің бір тобы («ge-», «a-») қол жеткізілген әрекеттің мәнін білдіреді, ал басқа префикстер тобы лексикалық мағыналы («for-», «ofer-», «p-», «ymb-») шегіне бағыттылығын білдіретінін көрсетті. Егер десемантикаланған префикстер түрлер болса, онда лексика мағыналы префикстер бір жағынан сөзжасамдық функцияны атқарады, ал екінші жағынан етістіктің шекті сипатын өзгертіп, етістіктің шегіне бағытталғанын білдірді. Көбінесе лексикалық мағыналы және десемантизацияланған префикстердің тіркесімі пайда болып, ол қос префиксация деп аталды («ut-a-», «in -a-»). Қос префикс етістіктері де қол жеткізілген шектеудің мағынасын білдіреді. Етістіктерді префикстермен, қос префикстермен, лексикалық мағыналы етістіктермен, десемантикаланған префикстермен салыстыруға болады. Бұл жағдайда, егер мұндай жұптар жалпы сипатқа ие болса, біз ежелгі ағылшын тілінде түр категориясының бар екендігі туралы айта аламыз, бірақ тілдің эволюциялық дамуы осы оппозициалық формалардың тұрақты сипатын растамады, өйткені орта ағылшын кезеңінде десемантизацияланған префикстер жоғалып кетеді, лексика мәні етістіктен кейін жазылуды және септеулік шылаулар біртіндеп тілдің ерекше бірліктерінің мәртебесін алады.

Келесі екі құбылыс орта ағылшын кезеңінде десемантизацияланған префикстердің жойылуына ықпал етті: викингтердің кеңеюіне байланысты англо-саксондық, ежелгі норвегиялық тілдердің өзара енуі орын алады. Бұл құбылмалы морфологиялық жүйенің жеңілдеуіне әкеледі: ежелгі неміс екпіні тұрақты бастапқы позицияға ие болады, бұл да тілдің флективтік жүйесіне әсер ете алмады. Осылайша, флективтік жүйенің орнына аналитикалық жеткізу формалары келеді. Аяқталған формалар пайда болады («have» + Participle II). Олар қол жеткізілген шектіліктің мағынасымен сипатталады. Тіл мамандары (К. Бруннер, Т. А. Расторгуева, Б. А. Ильиш) дәлелдегендей, жетілдірілген формалар

ежелгі ағылшын кезеңінде пайда болады, бірақ бұл формалардың морфологиялық қалыптасуы тек жаңа ағылшын кезеңінде жүреді. Профессор И. Г. Кошеваяның пікірінше, перфектінің аналитикалық формасы ағылшын тіліндегі түрлер категориясының грамматикалық көрсеткіші болып табылатындығы кездейсоқ емес. Көмекші етістік «have» этимологиялық тұрғыдан алғанда, шекті және шектелмеген етістіктерден құралған ырықсыз етіс туындайды, әрқашан шекті мәндерді береді. Ежелгі ағылшын шекті етістіктің «habban» этимологиялық жағынан шектеуді және шектеусіз етістіктерден жасалған ырықсыз етістен шыққан, әрқашан шектеу мағыналарын береді.

Сонымен, біз келесі ережелер бойынша мынадай қорытынды жасай аламыз:

1) Түр категориясы – бұл грамматикалық категория, ол пен шақ кеңістіктегі етістік әрекетінің сипаты.

2) Түр санатының категориялық мәні қол жеткізілген шекті мән болып табылады.

3) Түр категориясының негізінде үш мән жатыр: шекке қол жеткізу, қол жеткізбеу және ұзақтығы.

4) Ежелгі ағылшын тілінде түр категориясы грамматикада берілмеген және контекстік түрде білдірілді.

5) Ежелгі ағылшын тілінде түрлік қатынастарды білдіретін десемантизацияланған префикстердің орнына тұрақты грамматикалық оппозицияны «қол жеткізілген шектеу және қол жетімсіз шектеу» негізінде қалыптастыруға мүмкіндік беретін перфектінің аналитикалық формасы келеді.

Жалпы қазақ сыныптарында ағылшын тілін оқытқан кезде бірден, яғни тікелей қазақ тіліндегі түр және шақ түрлерімен сәйкестендіріп беру бірден келе бермейді. Нақты айтқанда аударма арқылы сол форматында немесе сол формасының эквиваленті ретінде дәлме-дәл беруге келмейді. Сондықтан көбіне-көп дәнекер тіл ретінде үшінші бір орыс тілі арқылы түсіндіруге тура келеді. Оның мұндай күрделі екендігі де түсінікті. Себебі, типтік тұрғыдан алып қарағанда қазақ пен ағылшын тілдері екі басқа тілдер тобына жатады. Дегенмен ағылшын тіліндегі шақ немесе түр категориялардың қызметін қазақ тілінде мүлде беруге келмейді дегеннен аулақпыз. Оның тек басқа форматта болатындығына, басқа мәнде, өзгеше құрылымда берілетіндігіне зерттеу барысында көз жеткізе аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Жигадло В. Н. Современный английский язык: теоретический курс грамматики. – Москва: Литература на иностр. яз., 1956. – 349 с.

2. Иванова, И. П. Теоретическая грамматика современного английского языка. – Москва: Высшая школа, 2012. – 365 с.
3. Воронцова, Г. Н. Очерки по грамматике английского языка. – Москва: Изд-во литер. на иностр. яз., 1960. – 399 с.
4. Ильиш, Б. А. История английского языка. – Москва: Изд-во литературы на иностр. языках, 1958. – 418 с.
5. Смирницкий, А. И. Морфология английского языка. – Москва: МГУ им. Ломоносова, 1959. – 350 с.
6. Бархударов, Л. С. Очерки по морфологии современного английского языка. – Москва : ЛИБРОКОМ, 2009. – 160 с.
7. Кошечая, И. Г. Проблемы языкознания и теории английского языка. Грамматический строй современного английского языка: теоретический курс. – Москва: ЛИБРОКОМ, 2012. – 178 с.
8. Ильиш, Б. А. Современный английский язык. – Москва: Изд-во лит-ры на иностр. яз., 1948. – 347 с.
9. Кошечая, И. Г. Курс сравнительной типологии английского и русского языков. – Москва: Высшая школа, 2008. – 323 с.

UDC 94(547)

*A. E. Kalizhan, undergraduate
Shokan Ualihan KU*

COMBAT TRADITIONS OF THE KAZAKH PEOPLE - THE BASIS OF MILITARY-PATRIOTIC EDUCATION OF THE FUTURE TEACHER

The article is devoted to one of the urgent problems of modern society associated with military-patriotic education through the fighting traditions of the Kazakh people. The article reveals the pedagogical classification of the fighting traditions of the Kazakh people, tested in the dissertation research.

The most important condition for the existence of any state is a strong, stable civil society capable of ensuring national security. Therefore, the military-patriotic education of the younger generation, as one of the most important and priority goals of state policy in any area of its implementation, today seems to be an objective necessity and a necessary condition for the development of modern society.

The problem of patriotic education of young students occupies one of the important places in the general problems of pedagogical research, which is

confirmed by numerous theoretical and practical developments of many scientists.

At the same time, it should be recognized that objective reality testifies to the weakening of the military-patriotic education of young people. Speaking about the future generation, N.A. Nazarbayev also expressed his concern about the insufficiency, vagueness in the conduct of educational work among young people «in the spirit of patriotism, love for the Motherland, for the people, for the land.» The role of martial traditions in this process can hardly be overestimated. Combat traditions were originally an organic part of military-patriotic education, which forms high moral-volitional, psychological and physical qualities of the younger generation.

Based on valuable factual material for pedagogical interpretation in the field of history (M. Kozybaev, A. Kuzembayuly, K. Ryspaev, E. Omarov, L. S. Akhmetova), philology (M. Gabdullin, M. Auezov, B. Momyshuly); philosophy (T. Gabitov, A.K. Kasabek, K. N. Menlibaev, A. Nysanbaev); construction of the Armed Forces (M. K. Altynbaev, A. K. Bakaev, B. Momyshuly, A. Tasbulatov, K. S. Serikbaev), Sochin S. A. the essence of the concept of “combat traditions of the Kazakh people” is clarified, by which he understands the rules and norms that have historically developed among the people, ensuring national security, protecting independence and territorial integrity [1, p. 21].

Let us dwell in more detail on each component of the above pedagogical classification. Military science was of great importance in the history of the ancient and medieval nomads of the vast European region. The nomadic peoples were the creators of the original military system, with the help of which, over the course of a number of centuries, they gained indisputable military and political superiority over their opponents outside the Great Steppe. A peculiar militarization of the nomadic way of life was adequately reflected in the objects of material and spiritual culture of the nomads of antiquity and the Middle Ages. In the era of antiquity and the Middle Ages, the military art of the nomads dynamically developed in an ascending line and went beyond their original habitat, was an original contribution to the world history of military art. The military art of the Kazakhs, being a national and cultural heritage embedded in the human genetic code, contributes to the formation of historical memory, patriotic qualities of the individual. The military affairs of the Kazakhs are made up of such components as battue hunting, weapons complex, traditional military organization, military tactics.

Institute of Batyrs - a school of combat training: - heroic epos - the keeper of the tradition of the military art of the Kazakh people; - mass heroism of the Kazakh people in the national liberation wars, heroes of the Great Patriotic War (V. Klochkov, I. V. Panfilov, B. Momyshuly, A. Moldagulova, M. Mametova,

N. Abdirov, R. Koshkarbaev,); – heroes-peacemakers (A. Shakhvorostov, K. Maidanov; Kazbat - E. Aliakparov, R. Batyrkhanov, K. Kudabaev).

The heroic essence of the institute of batyrs is determined, first of all, by its functional load - the protection of the clan, name, people, victory over the forces of evil, restoration of justice. The word «batyr» means «fighter», «strong», «hero», «fearless», «brave». Batyr as a military-political institution in a nomadic society played a leading role in the military organization [2, p.136-139].

Oral creativity is the keeper of traditions: - Batyrlar Zhyry; - Proverbs and sayings. In the heroic epics “Alpamy Batyr”, “Kobylandy”, “Er Targyn”, “Er Sayyn”, “Kambar”, “Er Kosai”, “Er Kokshe”, a cycle of the legends “Kyryk Batyr”, “Otegen batyr” reflected the exploits of the sons The people, their will to victory, are narrated in an artistic form about the turning points of the era, about the heroism of the people who defended their native land, their thoughts and aspirations, the centuries -old struggle for national unity and territorial integrity.

The military-patriotic representation, developed by the people's masses for millennia in the heroic epic, give us the opportunity to compare the level of thinking of our ancestors on issues of moral and volitional qualities with modernity, trace the continuity of patriotism and military valor, fidelity, love for the motherland. “Týǵan jerdeı jer bolmas, týǵan eldeı el bolmas” (There is no lander than their native land, there are no people - relatives than dear), “týǵan el qydyryn, týǵan jer tuǵyryń” (native country - your happiness, native land - support).The people always wanted to see the future defender worthy: “Er shekispeı bekimeıdi ” (the hero is tempered in the war), “ Er jigit eli úshin týady, eli úshin óledi ” (Hero is born for the homeland, dies for the hoemland).

Truly, Kazakh proverbs and sayings are really distinguished by patriotic values. Folk wisdom contains a whole set of recommendations, instructions expressing the golden rules of behavior, genuine patriotism. The conscientious fulfillment of military duty acts as the most effective form of moral and combat qualities [3, p. 33-37].

Folk military sports games (children's paramilitary games; equestrian games, sports views). With the characteristic educational capabilities of the Kazakh military-sports games that contribute to the development of physical, moral and volitional qualities, we consider: Children's military sports games: Zhaiau Kokpar-walking Kokpar, Zaiiau Audaryspak-foot audary spaces, tenge alu -raising coins, iterispek-pushing, Belbeu Tastau - throw a belt; Horse -sports games: Altyn qabaq - gold pumpkin, , kymis atu - shooting from onions to a silver disk, “qyz quu” (catch up with a girl), Alaman Baige, Kokpar; Sports martial arts (Kazakh Cules). Military sports games have their characteristic features. These should be attributed, first of all:

- the presence of elements of heroics and combat romance;
- a pronounced military-applied orientation.

In games with martial arts, strength, dexterity, endurance develop. The study and analysis of various scientific sources in the field of military art of the Kazakh people shows that so far there have been no theoretical studies that justify the polyfunctionality of the military traditions of the Kazakh people. Therefore, we consider it possible to argue that polyfunctionality is a characteristic property of the combat traditions of the Kazakh people.[4. p.296-299.]

The essence of the fighting traditions of the Kazakh people, where the accumulated experience of military art, wisdom and other best features of the patriotism of the Kazakh people, was most clearly reflected, is manifested in its various functions. According to the ways of influencing the real reality of a person, one can single out educational, educational, developing, informational, regulatory, ideological, aesthetic functions. The cognitive function consists in purposeful military-historical, educational information in the field of military affairs, traditional Kazakh military organization, military tactics, oral and poetic creativity, as the keeper of the traditions of military art, as well as folk military sports games [5, p. 178-182].

The educational function of the fighting traditions of the Kazakh people is the result of the formation of the moral-volitional and physical qualities of young people. The best examples of martial traditions, the personal example of folk batyrs play an important role in educating the will, the main qualities of which include purposefulness, courage, and determination. The ideological orientation of martial traditions contributes to the formation of conviction, boundless devotion to the Motherland, personal responsibility for the fate of the Fatherland and readiness to protect its interests, to ensure the security of the state. The developing functions of martial traditions find their expression in the development of cognitive processes, such as perception, imagination, and thinking. Combat traditions are of great importance in the development of endurance, agility, strength and speed, mastery of practical skills in running, jumping, throwing, riding a horse, etc. affairs, in oral poetry, in military sports games. Combat traditions find their expression in the relationship of the individual to military service, primarily in the discipline of youth. The ideological function finds its expression in the main personality traits: goals, motives, behavior, needs, interests, and worldview of primary military training teachers. Meanwhile, updating the content of military-patriotic education, taking into account the centuries-old fighting traditions of the Kazakh people, puts forward new requirements for the process of military-patriotic education of young people.

List of references

1. Sochin S. A. Formation of the readiness of future teachers of primary military training for the military-patriotic education of high school students. Dis. for the competition uch. step. candidate of pedagogical sciences, Shymkent, 2010.
2. Sochin S. A. Military-patriotic education of students on the fighting traditions of Kazakhstan // «Property of the Nation», No. 4. 2009. - P.136-139.
3. Kalimoldaeva A. K. Modern approaches to understanding the essence of the concepts of «patriotism», «Kazakh patriotism» // Bulletin of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan. - Almaty, 2009. – No. 4(31). - P. 33-37.
4. Sochin S. A. Military-patriotic education of high school students: problems and solutions // «Search». – 2010. – No. 3. – P.296-299.
5. Kalimoldaeva A. K. Patriotic education of the younger generation in the system of innovative pedagogy // Science and Life of Kazakhstan. - Almaty, 2010. – No. 1. – P. 178-182.

ӘОЖ-512.5

*Мейрамбек Мамырбек, магистрант
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университет*

ПАРАМЕТРМЕН БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕР

Мақалада параметрмен берілген есептердің (теңдеулер мен теңсіздіктер) шешімдері көрсетілген. Мақаланың мазмұны келесі бөліктерден тұрады: кіріспеден (параметрлері бар есептердің оқушыға тигізетін әсері), қысқаша тарихи мәліметтен, негізгі бөлімнен (параметр, параметрі бар теңдеу, параметрі бар теңдеудің анықталу облысы деген ұғымдарға анықтама беру), практикалық есептерден және қорытындыдан. Мақала түсінікті тілмен жазылған.

Параметрлерге қатысты есептер оқушылардың математикадан білімдерін жалпылау, жүйелеу және тексеру үшін ең тиімді құрал болып табылады. Параметрлердің көмегімен құрылымдардың көптеген кластарын қарастыруға болады (өрнектер, теңдеулер, теңсіздіктер, т.с.с.).

Параметрлері бар есептер оқушының логикалық ойлауын дамытып, оларға практикалық дағдыларды меңгеруге және стандартты емес жағдайда зерттеудің белгілі немесе жаңа әдістерді қолдануға мүмкіндік

береді. Оқушы осындай тапсырмаларды орындағанда білім, білік дағдыларын бекітіп, теорияның негізгі ұстанымдарын қарастыра алады.

Мектеп оқушысы есептерді шешу кезінде анықталған белгілі бір әдістерін меңгеруі керек – ол параметрлері бар теңдеулер мен теңсіздіктер. Математика пәні бағдарамасында параметрі бар есептерге онша зор мән аударылмайды, ал кейбір авторлардың оқулықтарында олар тек 11 сыныпта оқытылады. Параметрлері бар есептерді сызықтық, бөлшек-рационал, квадраттық теңдеулер мен теңсіздіктерден бастап шешу керек. Жалпы түрде берілген есептердің шешімін табу, түбірлерін анықтау, кейбір қасиеттерді қанағаттандыратын түбірлерді анықтау, параметрдің мәніне байланыты түбірлер санын зерттеу.

Тарихқа үңілетін болсақ, параметрлермен берілген есептермен, оларды шешудің теориясымен және практикасымен осыдан 15 жыл бұрын айналысқан. Авторлық ұжымның көптеген ғылыми әдістемелік мақалалары зерттеу тақырыбы бойынша бірнеше оқу құралдары жарық көрді. Осы құралдардың материалдары білім беру мекемелерінде ұзақ және сәтті сынақтан өтті. Авторлық әдістемелік концепцияның негізгі ерекшеліктерін атап өтейік:

- «Параметрлері бар есептер» тақырыбы бойынша негізгі ұғымдардың анықтамалары берілген;
- Элементарлық функциялардың түрлері арқылы жаттығулардың классификациясы келтірілген;
- Көптеген шешімдердің геометриялық интерпретация көрсетілген, ол көрнекі түрде талдау жүргізуге мүмкіндік береді;
- Дидактикалық принциптер жүйесі іске асырылған;
- Әр бөлім пропедевтикалық (алдын ала дайындық) есептермен басталған.

Осы ерекшеліктерді жалғастыра беруге болады, бірақ біз жоғарыда көрсетілген ерекшеліктермен шектелмейік.

Мектеп оқушылары қарапайым есептер мен мысалдарды қолдана отырып, параметрі бар есептерді шешуді үйренуі керек. Параметр дегеніміз ол - белгіленген, бірақ белгісіз санды мұқият қарау қажеттілігін біліп, оған көз жеткізіп және оның екі жақты сипаты бар екенін түсінуі керек. Жауаптың жазбасы параметрі жоқ есептердің жауаптарының жазбасынан айтарлықтай ерекшеленеді. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, параметр мен берілген есептердің әрбір өткен түрін пайдаланып тапсырмалармен аяқтаған дұрыс. Бұл әртүрлі себептерге байланысты:

- оқушыға екі-үш сабақта параметрге үйренуі өте қиын болады және оған уақыт қажет;
- тиімді тапсырмаларды қолдану өтілген материалды бекітуді жақсартады;

- бұл оның математикалық және логикалық мәдениетінің дамуына, сонымен қатар математикаға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді, өйткені бұл есептерді шешудің өз бетінше ізденудің жаңа әдістері мен мүмкіндіктерін ашады.

Параметр туралы негізгі мәліметтер.

Анықтама. Мәндерін өзіміз беретін белгісіз шаманы параметр деп атаймыз.

Анықтама. x және a айнымалылары бар теңдік берілсін. Егер x -ке қатысты кез-келген a нақты мәні үшін деген есеп берілсе және осы теңдеуде x -ті табу талап етілсе, онда теңдеу x айнымалысы және a параметрі бар теңдеу деп аталады.

Анықтама. a параметрі бар теңдеудің анықталу облысы деп теңдеудің мәні болатын x және a мәндерінің жиынын атайды.

Жеке мысалдар арқылы параметрлері бар есептерді (теңдеулерді) шешуді көрсетеміз:

1. a параметрінің әр мәні үшін теңдеуді шешіндер:

$$(a - 1)(a + 2)x = a^3 + 2a^2 \quad [1; 11\text{-бет}]$$

Шешуі: a параметрі үшін бақылау мәндеріне келесілер жатады, яғни

$$(a - 1)(a - 2) = 0, \text{ осыдан}$$

$$a - 1 = 0 \quad a + 2 = 0$$

$$a_1 = 1 \quad a_2 = -2$$

Егер $(a - 1)(a + 2) \neq 0$ болса, онда

$$(a - 1)(a + 2)x = a^2(a + 2)$$

$$x = \frac{a^2(a + 2)}{(a - 1)(a + 2)} = \frac{a^2}{a - 1}$$

Егер $a = 1$ болса, онда теңдеудің шешімі жоқ себебі $0x \neq 3$

Ал егер $a = -2$ болса, онда $0x = 0$, $x \in R(x)$ – кез-келген сан

Жауабы:

1. Егер $a = 1$ болса, теңдеудің шешімі жоқ;

2. Егер $a = -2$ болса, онда x – кез-келген сан;

3. Егер $a \neq -2$; $a \neq 1$ болса, онда $x = \frac{a^2}{a-1}$

2. a параметрінің қандай мәндерінде [1; 11-бет]

$(a - 1)(a - 5)x - 2 \cdot (a + 6) = 5x - 12$ теңдеуінің шешімі болмайды:

Шешуі: Теңдеудің сол жағын түрлендірейік, яғни жақшаны ашып, теңдеуді ықшамдаймыз:

$$(a^2 - 6a + 5)x - 2a - 12 - 5x + 12 = 0$$

$$(a^2 - 6a)x + 5x - 2a - 12 - 5x + 12 = 0$$

$$(a^2 - 6a)x = 2a \quad (*)$$

Егер $a^2 - 6a \neq 0$ болса, онда $x = \frac{2a}{a^2 - 6a}$.

Егер $a^2 - 6a = 0$ болса, онда теңдеудің шешімі болмайды, $2a \neq 0$ болса.

Ал $a = 6$ болса, (*) теңдеуі мына түрге келтіріледі:

$$(6^2 - 6 \cdot 6)x = 2 \cdot 6$$

$$0x = 12 \text{ (теңдеудің шешімі жоқ)}$$

Жауабы: $a = 6$ болғанда теңдеудің шешімі жоқ.

3. a -ның қандай мәндерінде $(x - a)^2 \cdot (x - 2) \cdot (x + 3) \leq 0$ теңсіздігінің

шешімі кесінді болып табылады [2; 221-бет]

Шешуі: $(x - a)^2 \geq 0$ екенінен берілген теңсіздік келесі бірігуге мәндес болады:

$$\begin{cases} (x - 2) \cdot (x + 3) \leq 0, & (x - 2) \cdot (x + 3) = 0 \\ x = a & x - 2 = 0 \quad x + 3 = 0 \\ & x_1 = 2 \quad x_2 = -3 \end{cases}$$

Сонда бірігудегі бірінші теңсіздіктің шешімі осылай болады және ол 1-суретте көрсетілген:




Сурет 1 – $x \in [-3; 2]$

Сондықтан, $a \in [-3; 2]$ немесе $-3 \leq a \leq 2$ теңсіздіктің шешімі кесінді болады.

Жауабы: $-3 \leq a \leq 2$

4. Теңсіздікті шешіңіз: $\sin ax \geq \frac{\sqrt{2}}{2}$ [4; 27-28-бет]

Шешуі: бірлік шеңбердің басында екі нүкте орналасқан, әрбір ордината $\frac{\sqrt{2}}{2}$ -ге тең болады. Егер нүктелердің бірі жиынның әрбір доғасының соңы $\arcsin \frac{\sqrt{2}}{2} + 2\pi n = \frac{\pi}{4} + 2\pi n, n \in \mathbb{Z}$ болса, онда жиынтық доғаның әрқайсысының соңы $\frac{3\pi}{4} + 2\pi n, n \in \mathbb{Z}$ -ға тең болады және ол 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Бірлік шеңберде көрсетілген

Берілген теңсіздіктің толық шешімі келесі ретпен жазылады:

$$\frac{\pi}{4} + 2\pi n \leq ax \leq \frac{3\pi}{4} + 2\pi n, n \in \mathbb{Z}$$

$$\frac{1}{a} \cdot \left(\frac{\pi}{4} + 2\pi n \right) \leq x \leq \frac{1}{a} \cdot \left(\frac{3\pi}{4} + 2\pi n \right), n \in \mathbb{Z}$$

Жауабы:

$$1) a > 0 \Rightarrow \frac{1}{a} \cdot \left(\frac{\pi}{4} + 2\pi n \right) \leq x \leq \frac{1}{a} \cdot \left(\frac{3\pi}{4} + 2\pi n \right), n \in \mathbb{Z}$$

$$2) a < 0 \Rightarrow \frac{1}{a} \cdot \left(\frac{3\pi}{4} + 2\pi n \right) \leq x \leq \frac{1}{a} \cdot \left(\frac{\pi}{4} + 2\pi n \right), n \in \mathbb{Z}$$

3) $a = 0 \Rightarrow$ шешімі жоқ

Енді оқырмандар назарына келесі параметрі бар өздігінен шешуге ұсынамыз: [3; 24-бет]

Енді оқырманға келесі параметрі бар квадрат теңдеулерді өздігінен шығаруға ұсынайық: [3]

1. Егер $ax^2 + bx + c = 0$ квадрат теңдеуінің a, b, c коэффициенттерінің қосындысы 1-ге тең, ал теңдеудің бір ғана $x = -1$ болса, онда a, b, c коэффициенттерін табыңдар.
2. $2x^2 - 4a^2x - a^2 + 1 = 0$ теңдеуінің a -ның қандай мәнінде 2 нақты түбірі бар?
3. x_1 және $x_2 - ax^2 + bx + c = 0$ теңдеуінің түбірлері болса, онда $\frac{1}{x_1}$ және $\frac{1}{x_2}$ түбірлері болатын теңдеуді құрастырыңдар.
4. $2x^2 + ax + 3 = 0$ теңдеуінің түбірлерінің біреуі 3-ке тең болса, онда a -ның мәнін табыңдар.
5. $\frac{1}{5}$ -ке тең болатын түбірі бар $kx^2 + 12x - 3 = 0$ теңдеуіндегі k -ның мәні неге тең болатынын табыңдар.

Әдебиеттер тізімі

1. Прокофьев А.А. Задачи с параметрами. – М.: МИЭТ, 2004. – 258 с.

2. Мерзляк А. Г., Полонский В. Б., Якир М. С. Алгебраический тренажер. Пособие для школьников и абитуриентов. – К.: А.С.К., 1997. – 320 с.

3. 3000 конкурсных задач по математике. 2-е изд., испр и доп. – М.: Рольф, Айрис-пресс, 1998. – 443 с.

4. Мусайбеков Р. Некоторые методы решения тригонометрических неравенств / LAP LAMBERT Academic Publishing, 2021.

ӘОЖ 94(574)

*Д. Нұрмаханбет, курсант,
Жетекшісі: А. Ғ. Рахым, аға оқытушы
ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ. ОТАНДЫ ҚОРҒАУ, НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ГҮЛДЕНДІРУ ЖОЛЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ тағылымының ұстанған негізгі бағыты – ата-бабалардың үлгі-өнегесі, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке, дербестікке ұмтылысы. Бұл алдан күткен арманы, ойға алған негізгі мақсаты. Тәрбие – ұрпақ үшін күрес құралы. Қазақ өмірі – тәрбие оқулығы.

Біздің халқымыз ерте заманнан бері бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, жас жеткіншектің нағыз адам болуына өз қамқорлығын жасаған. Сондықтан «Баланы жастан» деген нақыл сөз қалдырған. Жас баланы жастайынан өз ана тілінде сөйлетіп, таза сөйлеуге, еңбекке, кішіпейілділікке, үлкенді сыйлауға үйретуде халық педагогикасының алатын орны ерекше. Сондықтан да мектеп өзінің тәрбие жұмысын атқаруда, оқу үдерісі барысында өзге жол іздемей-ақ халық педагогикасына бой бұруы керек. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, эстетикалық тәрбие жұмысы оқушының өмірінде маңызды рөл атқарады. Себебі эстетикалық тәрбие әр баланың бойында өмірлік белсенді позиция қалыптастыруда, ел алдындағы, ата-ана алдындағы борышына саналы қарауға зор ықпал жасайды. Эстетикалық тәрбие жоғарыда айтылған салт-дәстүр, тіл өнері негізінде жүргізілген уақытта ғана оқушыға үлкен әсер етеді.

Е. М. Фрадлиннің айтуынша, «заманауи дүниетаным аясындағы патриотизм маңызды негіздік ұстаным мен қоғамның рухани мәдениеті

құндылығы болып табылады, бұдан адам мен қоғам, азамат пен мемлекет, жеке тұлға мен оның макроэлеуметтік ортасы, жеке және қоғамдық мүдде арақатынасы жиынтық түрде көрініс табады. Дамыған патриоттық сана адаммен қашанда сөздің кең мағынасында элеуметтік категория болып табылатын оның Отаны, Атамекені арасындағы жоғары дәрежедегі ортақтық, тұтастықты өз бойында тұтады. Тарихтың барлық кезеңдерінде патриотизм адамдардың қоғамға қатысты парызын, өз мемлекетіне қатысты азаматтық борыштарын атқарушылыққа деген қатынасымен тікелей байланысты болған» [1].

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдері азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс.

Патриоттық тәрбиеде тұлға үшін барынша жақын әрі мейлінше маңызды қоршаған әлем ретіндегі Отанның, Атамекеннің, мемлекеттіліктің мәнділігі көрінетін түрлі нысандар, қатынастар, символдар мен нормалар шоғырланады.

Қазақстандық патриотизм идеялары барынша бай болса да, қоғамдық ұйымдар, ұлттық бірлестіктер интернационалистік және патриоттық тәрбие берудің қазіргі кезеңге сай келетін пәрменді концепциясымен әзірше қаруланбағанын мойындаған жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеологиялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді, — делінген [2].

«Отанды сүю от басынан басталады» деп ұққан ата-бабаларымыз отансүйгіштік қасиетті ата-ана, ауыл-аймақтың, елінің намысын қорғауды өз ұрпақтарына бірінші парыз ретінде ұқтырып өсірді.

«Еліңді сүйсең ерлік істейсің», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Туған жерге ту тігу — елім деген азаматтың борышы» дегенді өздерінің ұл-қызының санасына үнемі сіңіріп отырған. «Ер намысы – ел намысы», «Ер — намыстың құлы», «Арың үшін алысу — азаматтық», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәңгілік тәрбие қағидасына айналды. Ерлік дегеніміз ұлттық тәрбие тағылымының, салт-дәстүрдің, тұрмыс-тіршіліктің негізгі тұтқасы болып саналады.

Баланы туа салысымен ерлік рухта тәрбиелеу, еңбекке, елін, жерін, ана тілін сүюге баулу бесік жырынан бастап бүкіл ауыз әдебиетінің

өнегелі өсиеті болып табылады. Еңбек пен ерлікті, ел мен жерді пір тұтқан бабаларымыз ғасырлар бойы ерліктің ерен үлгісін көрсетіп бақты. Оған айқын мысал, Құлтегін, Тонкөктердің ерлік дәстүрінен бастап, XVIII ғасырдағы Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, тағы басқа батырлардың тәрбиесіне назар аударсақ, айқын байқаймыз. Мысалы, З. Сәнік, Б. Садықанның «Қаракерей Қабанбай» атты еңбегінде Ерасылдың балалық шағынан бастап батырдың жеке тұлғасын қалыптастыруда атананың, ағайын-тумалардың әлеуметтік ортаның игі ықпал еткенін көреміз [3].

Біз бұдан ұрпақ тәрбиесіндегі отбасы, Отанының, өскен ортасының әсерінің орасан зор екенін байқаймыз. Ер елдің ық жағынан панасы, қорғаны деп бағалаған ата-бабамыз «ерлікті тәрбиеден туады» деп ұққан. «Батыр», «ер» деген ұғымдар үнемі қатар қолданылып келген.

«Батыр дегеніміз (араб және иран тілдерінде *bahadur*) — жауынгершілік кездер мен әскери жорықтарда жеке ерліктерімен ерекше көзге түскен ержүрек, қаһарман адамдарға берілетін құрметті атақ. Ал батырлық жеке адамдарға тән патриоттық қасиет» деп берілген анықтамаларды негізге ала отырып, батырлық, батыр, ер, ерлік және ұлттық жауынгерлік дәстүр оның ерекшеліктеріне, ерлік тәрбиесіне педагогикалық тұрғыда түсініктеме берілді. Батырлық — соғыс жағдайында соғыс тәсілдерін жетік меңгеріп, ірі жағдайларда жауынгерлердің ерекше көзге түсуі.

Патриотизмді қалыптастыру – бұл мемлекеттік міндет, қоғамның әлеуметтік тапсырысы. Патриотизм өмірдің, жағдайдың, оқиғаның барлық жекелеген қырлары мемлекеттің, Отанның, Атамекеннің тұтастығы мен бірегейлігімен тікелей байланыста алып қарастырылатын қоғамдық қатынастардың мәні мен құндылықтарын зерделеу тәсілі ретінде көрінеді. Патриотизмді тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін діттейді, өйткені оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел, жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады.

Ата-бабаларымызға, қазақ халқының дарынына, оның Қазақстанның мақтанышы ғана емес, әлемдік өркениеттің игілігіне айналған жасампаз еңбегі мен өнеріне сүйсінушілік, құрмет сезімдерін тәрбиелеу ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың басты алғышарттарының бірі болып табылады [4].

Қазақстандық патриотизмнің негізі – ежелгі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз, ертегілер, жырлар, кешегі кеңестік ортақ дәуір, Ұлы

Отан соғысындағы түрлі ұлт өкілдері қазақстандық батырлардың ерліктері туралы тарихи деректер болып табылады. Осыларға қазақ күресін де жатқызуға болады, себебі оқушыларды қазақ спорты, оның ішінде қазақ күресі арқылы патриотизмге тәрбиелеу мәселелеріне қатысты қорытындылар мен тікелей мектеп практикасындағы бапкерлердің іс-тәжірибелерінің нәтижелеріне сүйене отырып, біз орта мектептерінде қазақ күресі арқылы патриотизмге тәрбиелеу — оқушылардың нақты іс-әрекеті, мінез-құлқын ұйымдастыру, оған бағыт беруді негізге алу керек деп тұжырымдадық. Патриотизмге тәрбиелеу үдерісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмағанмен, бұл іс әрбір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болғандықтан, оқытушылар жаттығу барысында, біріншіден, терең патриотизм – Отанға, Қазақстанға, өз халқына деген сүйіспеншілік; екіншіден – халықтар достығы идеясын ұстану және насихаттауға ынталанады. Себебі адамгершілікті, өркениетті патриотизм қашан да халықтар достығының идеясымен, тәжірибесімен үндесіп жатуы тиіс.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті «қазақстандық патриотизм» ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Терең рухани ой-зерде, биік өнегелі мінез-құлық нәтижесі ретіндегі патриотизм іс жүзіне асыру үдерісінде жаңа сапалы мәнге – Қазақстан мемлекетінің әрбір адал азаматының саяси қызмет- қайраткерлігінің нышанына айналуға. Ол Қазақстанның гүлденуі, қазақстандық азаматтардың әл- ауқаты артуы жолында елімізді инновациялық және шығармашылық тұрғыдан өзгертуге ұмтылатын бүкіл саяси институттардың өмірі мен іс-қызметінің өзекті мәселесі болып табылады [5].

Біздің патриотизмнің белсенді, қайраткер, қарымды қыры адамдардың өз Отанының игілігіне, мемлекеттік билікті нығайтуға бағытталған іс-әрекеттерінен көрінеді, сондықтан тәуелсіз дамыған ел ретіндегі Қазақстанның қайта жаңғыруының саяси-патриоттық нышаны болып табылады.

Осы себепті, күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс ретіндегі қазақстандық патриотизм Отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде

ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал бұл кез келген мемлекеттің түбірлі саяси міндеті екендігі мәлім жайт.

Әдебиеттер тізімі

1. Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2008–2010 годы. – Астана. – 10 с.

2. Назарбаев Н. А. Казахстан — 2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. – Алматы: Казахстан, 1997. – 176 с.

3. Сәнік З., Садықан Б. Қаракерей Қабанбай батыр. – Алматы: Жазушы, 1991. – 174 б.

4. Иманбетов А. Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру: П.ғ.к. ... автореф. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 30 б.

5. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. – 10 қаңт. – № 6. – 2 б.

ӘОЖ 614 (063)

А. А. Нығмет, 1 курс курсанты

ҚР ТЖМ М. Габдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясы

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін көппартиялықтың қалыптасуының шынайы кезеңі басталды. Партия рөлінің күшеюі әлеуметтік топтардың саяси бағыттарының және әлеуметтік-экономикалық реформаларға ықпал етуге тырысуымен анықталды.

Жаңа тұрпаттағы алғашқы саяси партиялар қатарында «Социал-демократтар» партиясы, «Алаш» ұлттық еркіндік партиясы, Қазақстанның «Халық конгресі» партиясы, «Республикалық» партия болды.

1991 жылдан бастап, қоғамдық бірлестіктердің қызметі «Қазақ КСР-дегі қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңмен реттеле бастады. Заңға сәйкес, 1991 жылдың 30 желтоқсанына дейін республика аумағында қызмет ететін барлық қоғамдық бірлестіктердің қайта тіркеуден өтуі талап етілді. Партия мен қоғамдық қозғалыстардың дамуы мен жұмыс істеу ережесі

бүгінде 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, сонымен бірге ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңымен (1996 ж.) және «Саяси партиялар туралы» Заңымен (2002 ж.) реттеледі.

1990 жылдың басы мен орта шенінде ұйым ретінде тіркелген саяси партиялар үгіт-насихат, жақтастарын іріктеу және саяси іс-қимылдарға тарту кезеңінде болды. Орталық ұстанымдағы анағұрлым көрнекті партиялар қатарында Қазақстанның «Социалистік» партиясы, Қазақстанның «Халық Конгресі» партиясы, Қазақстанның «Халық Бірлігі» Партиясын атауға болды. Қазақстанның саяси партиялары, қозғалыстары, қоғамдық бірлестіктері Жоғарғы Кеңестің XII және XIII шақырылымдағы сайлауларына, сонымен бірге 1990, 1994, 1995 жылдардағы Парламент мәжілісінің сайлауларына қатысып, олардың кейбірі еліміздің жоғарғы өкілдік органында депутаттық фракцияны құрады. Атап айтар болсақ, 1995 жылғы депутаттық корпуста Қазақстанның халық бірлігі партиясы, Қазақстанның халық Конгресі партиясы, Халықтық-кооперативтік партия, Қазақстанның қайта өрлеу партиясы, «Лад» қозғалысы және т.б. болды.

1990 жылдың аяғы азаматтық институттар қызметінің кәсібиленуімен ерекшеленді, мұның өзі олардың қоғамдық проблемалардың, қажеттіліктер мен мұқтаждықтардың түрлі ауқымын шешу жөніндегі жұмысының тиімділігін көтеруге мүмкіндік берді. 1998 жылғы 7 қазанда ел Парламентінің Қазақстан Республикасының Конституциясына елдің сайлау жүйесіне партиялық тізімдер бойынша сайлау енгізуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі партиялық құрылыс процестерін жеделдетті. Сөйтіп, 1998 жылғы желтоқсаннан бастап 1999 жылғы тамызды қоса алғанда, Қазақстанның азаматтық партиясы (ҚАП), Қазақстанның Республикалық халықтық партиясы (ҚРХП), «Азамат» демократиялық партиясы, Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП), «Отан» республикалық саяси партиясы, Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы, «Руханият» партиясы, «Алаш» Қазақстанның ұлттық партиясы құрылды. Парламентте партиялық фракциялар пайда болды. 2000 жылы мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл тетіктерін жасау үшін күш-жігерін шоғырландыратын Қазақстанның Үкіметтік емес ұйымдарының (ҮЕҰ) конфедерациясы құрылды.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қатысуымен бірінші Азаматтық форум өткізілді. Ол үкіметтік емес сектордың саяси танылуын белгіледі және азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының жүйелі тетіктері қалыптасуының бастауы болды. 2005 жылы екінші Азаматтық форум өткізілді, ол елдің қоғамдық өміріне қатысуға бизнес-қауымдастықтардың тартылуына ықпал етті.

Халықтың ақпарат алу және талдау мүмкіндігі молайды. Енді осы оң үрдісті одан әрі дамытудың құқықтық негіздері қажет бола бастады. Соған орай Елбасы 1997 жылы 3-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының біртұтас ақпарат кеңістігін қалыптастыру туралы» Жарлыққа қол қойды. Президенттің тапсыруымен 1999 жылы жаңа заң күшіне енді. Көп ұзамай, 2001 жылы оған елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы заңдардың қай - қайсы да БАҚ-ты демократияландыру, әлемдік талаптарға сай жетілдіру және саясаттан тыс дамуына жол ашу үшін арынша тиімді болғаны ерекше атап айту керек. Қазақстанда БАҚ-ты саяси-экономикалық даму сатыларына сәйкес жетілдіру үрдісі осылай ұдайы жүріп жатты. Тұжырымдамада мына маңызды міндеттерге айрықша назар аударылды және жүзеге асырылу жолдары белгіленді:

1. Ақпарат саласы мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру.

2. Отандық және мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін дамыту.

3. Ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамыту.

Сандық теледидарды енгізу. Осы үш міндеттің бәрі республикадағы барлық сипаттағы БАҚ-тың одан әрі өркендеуіне айрықша ықпал етті.

Бүгінгі ақпараттандыру заманында қазіргі өмірді ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Ақпараттық революцияның екпінді дамуы нәтижесінде ақпарат мемлекеттік басқарудың басты ресурсына айналды. Тіпті ақпараттық мемлекет деген жаңа термин пайда болды. ҚР Президентінің жарлығымен 2013 жылы 8 қаңтарда «Ақпараттық Қазақстан -2020» Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар қоғамды жаңғыртудың маңызды факторлары адамдардың өмір сүру салтына, экономикалық көрсеткіштерге ықпалы АКТ қазіргі Қазақстан азаматтарының өмірі мен экономикасы үшін АКТ даму маңыздылығын сипаттайды.

Қазақстанның әлемдік өркениет алдындағы экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағынан дамуы үшін оларды танытатын БАҚ маңызы айрықша. Билік институтында БАҚ-тың тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саяси процестегі орнын асыра бағалау мүмкін емес. Қазіргі кезде электронды ақпарат құралдарының пайда болуымен бұл әлеуметтік институт бүгінгі қоғамның, саяси биліктік қатынастардың барлық қырларын түбірімен түрлендіріп жіберді.

Бір сөзбен айтқанда, БАҚ – күнделікті теледидар, радио, мерзімді баспасөз басылымы және интернет сайттар. Ал, оған қоса жаңа медиа мен жаңа ақпараттық технологиялардың ақпарат таратып, ақпарат жинақтауын да қосуға болады. арапшылар БАҚ-тың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді:

- жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі;
- арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы;
- ақпарат таратушының қабылдаушыға біржақты ықпалы;
- тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі.

1840 жылы француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады.

Біріншісі кезең. Жалғыз идеологияның пәрменінде болып келген біртұтас ақпарат жүйесінің ыдырауы және қаржылық, идеялық тоқырауға ұшырауы.

Екінші кезең. Ақпарат әлемінің мемлекеттік және жекеменшік түрінде қайтадан қалыптасуы, кәсіпкерлік баспасөздің құрылуы.

Үшінші кезең. Еліміздегі экономикалық-әлеуметтік, мәдени реформалардың тереңдеуіне сәйкес әлемдік ақпараттың республиканың эфирлік кеңістігіне енуі және Қазақстанның ғаламдық ақпарат айдынына талпынысымен сипатталады.

